

12 сәуір ҒЫЛЫМ қызметкерлерінің күні

«ҒЫЛЫМ – МАҢҒЫСТАУ ӨНІРІНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗІ»

халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының материалдары

14 сәуір 2023

Ақтау



**Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**ҒЫЛЫМ – МАҢҒЫСТАУ Өңірінің тұрақты
дамуының негізі**
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ

14 сәуір, 2023

ТОМ I

Ақтау

**ӘОЖ 001
КБЖ 72
К96**

**Жалпы редакциясын басқарған – Есенов университетінің
президент-ректоры Б.Б.Ахметов**

Редакциялық алқа:

**А.А. Сейдалиев, С. Сырлыбекқызы, М.М. Ибраева, Г.Ж. Жүнелбаева
А.М. Джанисенова**

**ҒЫЛЫМ – МАҢҒЫСТАУ Өңірінің тұрақты дамуының негізі
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
материалдары. Ақтау:**

**Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
2023, - 185б.**

ISBN 978-601-308-712-2

Жинаққа еліміздің және шетелдің білім беру және STEM-білім беру саласының негізгі мәселелері, Жаратылыстану мен іргелі ғылымдар және экология саласындағы зерттеулер нәтижелері мен Маңғыстау өңірінің тарихы мен туризм, логистика және экономиканың даму перспективалары бойынша өзекті мәселелері зерделенген шетелдік және отандық зерттеуші ғалымдардың, студенттердің мақалалары енгізілген.

Жинақ ғалымдарға, оқытушылар мен білім алушыларға арналады.

**ӘОЖ 001
КБЖ 72
К96**

**© Ш. Есенов атындағы Каспий
технологиялар және
инжиниринг университеті, 2023**

ISBN 978-601-308-712-2

СЕКЦИЯ №1 БАБАЛАР МҰРАСЫ ЖАСТАР ТАНЫМЫНДА
СЕКЦИЯ №1 НАСЛЕДИЕ ПРЕДКОВ В ПОЗНАНИИ МОЛОДЕЖИ
SECTION №1 ANCESTRAL HERITAGE IN THE KNOWLEDGE OF YOUTH

ӘОЖ 371(045)

ОҚУШЫЛАРДЫ ПАТРИОТТЫҚ РУХТА ТӘРБИЕЛЕУ
АРҚЫЛЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТКЕ БАУЛУ

Ж.Ағдал, З.Т. Көкшеева

III. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жас ұрпақты Отанына, халқына, еліне, жеріне деген сүйіспеншілікке патриоттық рухтатәрбиелеуарқылыоқушылардың құқықтық санасын, көзқарасын қалыптастыру, құқықтық мәдениетін қалыптастырудың маңызын ашу мәселелері баяндалады.

Түйін сөздер: патриотизм; тәрбие, құқықтық тәрбие, құрмет, ұлттық намыс, жас ұрпақ, білім, құқық, заң.

Жастар тәрбиесі және болашағы қай ғасырда, қандай қоғамда болмасын адамзат үшін ең өзектімәселелердің бірі. Тәрбиелі, білімді, ата-дәстүрін ұмытпаған ұрпақ мемлекеттің мызғымас діңгегі. Ұлт пен ұлыстың аманатын арқалаған жас өскінді тәрбиелеудің жолдары мен амалдары да сан тарау.

Солардың ішінде шешуші рөл атқаратын тәлімі мен тәрбиенің бір түрі – жастарды өз құқығын білетін көзі ашық азамат ретінде білім бере отырып, патриотизм рухында тәрбиелеу маңызды іс саналады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың “Қазақстан-2030” Стратегиялық бағдарламасында: “Жастарды қазақстандық патриотизмге шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу қажет. Бүгіннен бастап ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп қалыптастыруымыз керек”, – деп ерекше мән беріп тоқталған болатын. Бұлай екпін түсіріп айтуының өзі қазіргі еліміздің саяси-әлеуметтік, экономикалық тұрғыдан тәуелсіздікке жетіп отырған тәуелсіз мемлекеттігіміздің тұрақтылығын сақтап, оны болашаққа аманат етуді көздейді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму барысында саяси-идеологиялық, мәдени тұрғыдан жаңаруына сай жас ұрпаққа отансүйгіштік тәрбие беру үкіметіміздің жаңа стратегиялық бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Педагогика тарихына үңілсек, Отанға деген сүйіспеншілік, оны жүзеге асырудың жолдары туралы айтылған тұжырымды ойлар жетіп артылады.

Ертедегі грек және рим ойшылдарының (Платон, Цицерон, Аристотель, т.б) еңбектерінде тәрбие идеялары көрініс береді. Қазақ елінің ғасырлар бойы қалыптасқан отансүйгіштік тәлім дәстүрлерін, әдістері мен құралдарын жинақтап, оны бүгінгі оқушы тұлғасын қалыптастыруда ұтымды қолдану – уақыт талабы.Зерттеуші ғалымдардың, педагогтардың тұжырымдары бойынша, жас ұрпақты отансүйгіштікке баулуда баға жетпес педагогикалық құрал – батырлардың қаһармандық бейнесі және оның қазақ ауыз әдебиетінде, тарихында, көркем шығармаларда сомдалуы болып табылады десек, одан қазақ батырларының бойындағы елдік қасиеттердің жиынтығы да, азаматқа тән адамгершілік болмысы “сегіз қырлы, бір сырлылық” та, шешенге тән алымдылық та,

Данаға тән білгірлік те, биге тән көсемдік те, әулиеге тән көрегендік те табылады. Сөзіміз дәлелді болу үшін Ер Төстіктің қаһармандығын, Бекет атаның бойындағы әулиелігін, Исатай батырдың ел бастаған билігін, Сырым батырдың шешендігін, Б.Момышұлының батырлығын айтуға болады. Тамыры терең патриоттық тәрбиенің көзі ұлттық тарихымызда осылай жалғасып кете береді. Ал, бүгінде қазақ елі-көп ұлтты мемлекет. Әрбір азаматы ұлты мен дініне қарамай татулық пен бірліктің туын жоғары көтере білсе – патриотизмнің негізі сол болмақ[1].

Осы орайда Елбасы өзінің “Тарих толқынында” кітабында: “Ұлттық бірліксіз патриотизм деген жансыз бірдеңе ғана болып қалады”, – деп ұлттық бірлікке ерекше мән береді. Бірлік пен татулықтың маңызына халқымыз да бейжай қарамаған. “Бірлік болмай, тірлік болмас”, “Төртеу түгел болса, төбедегі келер, алтау ала болса, ауыздағы кетер”, “Ынтымақсыз – ел оңбас” деп, жас ұрпақтың санасына сіңіріп отырған.

Б.Момышұлы “Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін, мемлекетті нығайту дегеніміз – жеке адамды күшейту екенін мойындау, қысқасын айтқанда, патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оны жеке адамның барлық жағынан өткені мен бүгінгі күнімен және болашағымен қарым-қатынасын біріктіреді” – деп анықтама берген.

Жастарды патриотизмге тәрбиелеуде отансүйгіштік сезімді дамыту, ұлттық салт-дәстүрді ұстану мен мемлекет рәміздеріне құрмет қалыптастыру маңызға ие. Жас ұрпақты білімді, әдепті, өз елін, жерін, ана тілін құрметтеп, дінін дәріптей алатын дәрежеге жеткізу біздің басты міндетіміз. Еліміздің ертеңі жас ұрпақ тәрбиесімен бірлесіп жұмыс жасаған абзал. Ал құқық мәселесіне келетін болсақ, тәуелсіз мемлекетіміз жастарға құқықтың тәрбие беру ісіне үнемі маңыз беріп келеді. Қазақстан заңдарына терең құрмет сезімін қалыптастыру, оларды сөзсіз сақтау және орындау - ұзақ уақыт тәрбие жұмысын жүргізудің жемісі. Қазіргі біздің қоғамымыздың басты талабы – мемлекеттік және халықаралық деңгейге сай, бәсекеге төтеп бере алатын, жан-жақты, адамгершілік-этикалық нормаларды меңгерген, отансүйгіш, патриоттық сезімде өскен ұрпақтар тәрбиелеу[2].

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру-үйлесімді тәрбиені білім беретін оқу орындарында пайдалану, оны жетілдіру, өзге тәрбие нысандарымен байланыстыра отырып, оқушылардың құқықтық санасын қалыптастыруда, олардың қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруда қолдану басты іс болып табылады. Сондықтан да қазіргі кезде құқықтық мәдениеті жоғары, білімді оқушылар тәрбиелеу және қалыптастыру ісі кезек күттірмей атқарылатын мемлекеттік маңызды шаралардың қатарында тұр. Қазақстанның халықаралық ұйымдардың дербес мүшесі болғандықтан халықаралық құжаттарда бекітілген құқықтарды орындауға міндетті. Мысалы: мектептерде 9-11 сыныптарда «Адам, қоғам және құқық» пәні өтеді, онда балалардың санасына мемлекет, заң, әділеттік, тәртіптілік, құқықтық жауапкершілік, әлеуметтік теңдік, жоғары азаматтық сезімдер туралы қалыптаса бастаған пікірлер мен ұстанымдарды түсіндіреді. Соған дейін еш бір сыныпта құқықтық білім сабағы жүрмейді. Құқықтық білімнің негізін мектепте тек жалаң сөз арқылы емес, баланың санасының қабылдау мүмкіндігіне байланысты әр түрлі үйірмелер, клубтар, оқушылардың ғылыми зерттеу орталықтары тәрізді жұмыстардың болуы қажет. Сөйтіп, мектеп қабырғасында құқықтық білім берудің өзіндік жүйесін қалыптастыруға болады. Құқық әліппесін әрбір оқушының санасына жеткізу оңай емес. Ол үшін құқық туралы теорияның білімдерімен қатар баланы қызықтыра алатын әртүрлі тәсілдерді ойлап таба алатын біліктілік қажет. Оқушы 1-сыныптан бастап құқықтық ұғымдармен танысып, олардың мәнін терең түсінбесе де, сондай ұғымдар, заңдар бар екенін біліп жүретіні анық.

Құқықтық мәдениет жалпы адамзаттың рухани мәдениет мазмұнына енеді, бірақ өзіндік ерекшеліктерін сақтайды. Сондықтан да құқықтық тәрбиенің адамгершілікті адам тәрбиелеу теориясының құрамды бөлігі ретінде қарастыруға тиіспіз. Мысалы, мектеп

оқушыларының арасында жеке немесе топ болып төбелесу көп кездесетін жай. Дұрыс бағалап, дұрыс түсінік берілмесе нәтижесі кейде қайғылы уақиғаларға да душар етеді. Бұған себеп, қоғамымызда қажетті деңгейде құқықтық сана мен жігердің жетіспеушілігінен болып отырғаны анық. Б. Момышұлы айтқандай «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бас иген құл болмайды» деп Қазақстанның дамыған өркениетті елдер қатарына қосылуы үшін білікті заңгерлердің, заңнан хабары бар азаматтарымыздың көп болғаны дұрыс. Барлығына белгілі құқықтың тәрбие негізі отбасынан басталады. Бізде отбасы әр қилы: маскүнемдікпен күн өткізетін, ұрыс - керістен көз ашпайтын, басқалардың, мемлекеттің есебінен арам жолға барып қалғысы келетін отбасылары бар. Мұндай отбасында тәрбиеленген баланың көбі қылмыс жасауға бір табан жақын тұрады. Сондай отбасында тәрбиеленіп отырған баланы теріс жолға түспей, адалдыққа үйрету үшін ол оқушыға әр адам өз өмірінің иесі, өмірінің жақсы не жаман болуы өзінің қолында екенін түсіндіріп қана қоймай, төмендегідей шаралар өткізу керек деп ойлаймын. Олар: тәртіп бұзушының теріс мінез-құлқын қалыптастыруға ықпал ететін жағдайды жою; оқушының тәрбиесін, өмір жағдайын, ортасын сауықтыру; оқу, еңбек іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру; отан қорғау, туған елдің күш-қуатын молайту, сөз, баспасөз бостандығы мәселелері жөнінде тәрбиелік іс-шараларды өткізу [3].

Құқықтық тәрбие мектеп табалдырығын аттаған күннен қолға алынса, жас жеткіншекке, жер шарындағы барлық заттардың құқықтық қамқорлыққа алынатындығын түсіндірсе, баланың қоғамдағы мінез-құлық тәртібі мен құқықтық мәдениеті қалыптасады. Оларды қалыптастыру – мектеп оқушыларының жасына сай мүмкіндіктерін, қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу арқылы кезең-кезеңмен жүргізілуі тиіс.

* Бірінші кезеңде (1-4 сыныпта) өнегелілікке көбірек орын беріп, нәтижесінде істеген қылықтары үшін жауапкершілік туралы түсінік берілуі қажет. Жас жеткіншекке қоғамдық орындарда өздерін ұстауы, сөйлесу мәдениеті, адамдар арасындағы қарым-қатынасы, достық, азаматтық тәртіпті ұғымдар отандық сүйіспеншілік, отаншылдық сезімін, патриоттық рухын қалыптастырады.

* Екінші кезеңде (5-8 сыныпта) бастапқы құқықтық білімді тереңдете отырып, еліміздегі өркендеп келе жатқан ел мәдениеті, өмірдің нормалары мен талаптарын жалпы қоғам үшін атқарылған еңбек жетістігі, қоғамға деген адамның құқықтық мәдениетін қалыптастыру туралы сабақтар мен тәрбие жұмысы жүргілсе.

* Үшінші кезеңде (9-11 сыныпта) Конституцияда өрбіген басқа заң түрлерінен толық хабардар ету. Қазақстан Республикасының Заң негіздері мен нормаларына байланысты нақты білім берілуі қажет.

Құқықтың тәрбиені заман талаптарына сай жүргізу үшін ең алдымен сынып жетекшілер озат тәжірибелерді терең зерттеп, нәтижесін оқу және тәрбие жұмыстарында ұтымды, жинақты етіп пайдаланып, оңтайлы формалар, әдістер мен тәсілдерді іздестіреді. Мысалы:

1. Құқықтық лекторийлер. Мектептерде жоғары сыныптар оқушылары үшін ұйымдастырылады. Лекторийлердің мақсаты - жеткіншектер мен жасөспірімдерді еліміздің заңдарына және халқына құрмет сезімін тәрбиелеу, құқықтық біліммен қаруландыру, оны насихаттау.

2. Жасөспірімдердің заң тану мектептері. Негізгі мақсат - жас түлектерді құқық және еңбек, азаматтық және заңдары жайлы біліммен қаруландыру [4].

Мектептердегі құқықтық тәрбиенің басқа формалары: дәріс, баяндама, әңгіме, пікірталас, олимпиада, кештер, сайыстар, кездесулер, кинофильмдер қарап, талдау, ситуациялық жағдайлар сияқты шаралар бар. Демек, оқушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға байланысты, әлемдік деңгейде, өркениетті негіздегі тәрбиелік, үлгі-насихаттық іс-шаралар қоғамының әлеуметтік-экономикалық даму бағытында туындайтын өзгерістерді тез сезіп, білім-тәрбие беру ғаламдық мәні бар мәселелерге бейімдеуге ыңғайланып отыруы қажет. Онсыз мектеп оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыру ісі өз дәрежесінде нәтижесін бермейді.

Сонымен, топтарда көрсетілген әдістердің бірлігі жалпы тәрбие жүйесінде болымды нәтиже береді. Мектеп оқушыларының құқықтық мәдениетін қалыптастыру арқылы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу ісі өте күрделі мәселелерді шешуде жаңаша ойланыстарды талап етуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Азаматтарды патриоттыққа тәрбиелеу. Әдістемелік құрал. – Астана: «Шаңырақ-Медиа» ЖШС, 2010
2. Калмырзаев А.С. Казахстанский патриотизм. Размышления политолога о свободе, демократии и национальных ценностях в условиях независимости. Алматы: НИЦ «Ғылым». 2003, 460 с.
3. Кабульдинов З.Е. Патриотическое воспитание молодежи. Опыт молодежных организаций (методическое пособие). – Астана, 2011.
4. Ә.Кішібеков. «Мәдениеттану», Алматы, 1997 ж

ӘӨЖ 1Ф(045)

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ТОЛЫҚ АДАМ» КОНЦЕПЦИЯСЫ

Д. Ақмурат, Н.К.Арашова

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қоғамның сұранысындағы Абайдың «толық адам» концепциясы туралы мәлімет беріледі. Абай Құнанбаев XIX ғасырда бүгінгі айтылып жүрген рухани жаңғыруды бастап кеткен. Сол кезден-ақ халықты оятуды көздеген мақсатына негіздеген философиялық ойын анықтаймыз. Оның ашқан ілімдері арасында «Толық адам» концепциясы адамның болмысын ашатын, үш нәрсе арқылы қайратты күшейту, нұрлы ақыл, сәуле түсірумен пайда болатын ілім туралы мәлімет беріледі. Концепциядағы тану керек бөліктер мен тәрбиесінің негізі баяндалады.

Түйін сөздер: ыстық қайрат, жылы жүрек, нұрлы ақыл, тағылым, рухани, қара сөз, қажеттілік.

Қазіргі кезде ғалымдар Абайдың «толық адам» іліміне ерекше көңіл бөле бастады. Баспасөз беттерінде бұл туралы түрлі ойлар айтылып жүр. Бірақ бұл айтылғанды дұрыс қабылдап, дұрыс іске асыру үшін әуелі бұл мәселенің мән-мағынасын түсініп, анықтап алу керек. Абай ілімі бойынша, әуелі «жарым адамнан» «адам» сатысына көтеріліп, сонан кейін ғана «Толық адам» сатысына жетуге болады. Бұл саты – көпшілік қауым көтеріле алмайтын, тек қана ұмтылатын меже, рухани жаңғырудың нысанасы ғана.

«Адам» мен «толық адамның» арасында үлкен айырмашылық бар, ол иман деңгейімен анықталады. Екеуінде де иман бар, бірақ әртүрлі. «Адам» күнәлі істер жасаса, ал «толық адам» бұрынғы істердің күнәсін жоюға тырысады. Осылай ол толық тазару жолына түседі. Толық адам – рухани жаңғырудың шыңы, яғни өзінің рухани болмысын тануы. Өзін-өзі тану дегеніміз өзін-өзі білу емес. Білу дегеніміз тек қана хабар, ақпарат дейтін болсақ, «тану» дегеніміз сол ақпаратты сезіну, бойға сіңіріп, түйсік арқылы өзіндік қасиетке айналдыру. Өзінің жан екенін тану дегеніміз – өзінің жан екенін сезініп, рухани қасиет алып, жанша әрекет ету деген сөз, яғни адамның толық өзгеруі. Қазіргі уақытта біз неге Абайдың «толық адам» іліміне қайта ден қойып отырмыз? Үстем идеологиялы кеңестік кезең қанша дегенмен, тұйық, оқшауланған қоғам болды. Қазіргі уақыттың ерекшелігі – жаһандану үдерісі өте күшті жүріп жатыр. Мұның жақсы жақтарымен қатар, өзге елден келіп жатқан көптеген жат ағымның, теріс идеологияның, дәстүр-салтымызды,

наным-сенімімізді бұзатын жағымсыз ықпалдардың күшейіп тұрғанын жасыра алмаймыз. Оларға қалай төтеп беруге болады? Қалай өзіміздің ұлттық менталитетімізді сақтаймыз? Тағы да Абайға жүгінуіміз керек. Өйткені Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Абай аманаты» мақаласында жазғандай, «Орыстар үшін Александр Пушкин, ағылшындар үшін Уильям Шекспир, немістер үшін Иоганн Гете, американдықтар үшін Уолт Уитмен қандай болса, қазақстандықтар үшін Абай да – сондай рухани ұлы тұлға» және сонымен қатар Абай ілімінің өміршеңдігі мен гуманизмі бізді осыған бағыттайды. Абайдың «толық адам» ілімі «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінен бастау алады. Ондағы «бес асыл» мен «бес дұшпанның» негізі, профессор М.Мырзахметұлы айтпақшы, шығыс ойшылы Ғұламаһи Дауанидің (XVғ.) шәкірті Жүсіп Қарабағидың (XVIIIғ.) «Рисаласындағы» екіге бөлінетін жан азығынан (жанның пайдалы азығы, жанның зиянды азығы) негіз алады. Онда шын сенім, жомарттық, ғылыми түсінік пен күншілдік, жалған сенім қарама-қарсы қойылады.

Абайдың дүниетанымында бұл ой тереңдетіліп, адам бойына қажетті «бес асыл қасиет» пен «бес дұшпан» нақтыланды. Өлбетте, оқушылар, бүгінгі студенттер Абайдың бұл ғибратын мектеп қабырғасынан жаттап өсті. Бірақ бұл жеткіліксіз, әрбір жас өзінің дүниетанымының қалыптасуында Абай айтқан «жанның пайдалы тамағымен» сусындауға саналы түрде бет бұрғанда ғана толық адам жолына түсе алады. Қазіргі қоғам, уақыт, шындығы керек, адамдар арасындағы мейірбандықтың азайып бара жатқан кезі болып көрінеді. Байлық, ақша билеген заманның қаншалықты қатыгезденіп бара жатқанын бүгінде көкірегінде сәулесі бар әр адам сезінеді. Әсіресе, күні кешеге дейін коммунистік идеологияның құрсауында болып, кенеттен мол байлықты иеленіп шыға келген қоғамның бір бөлігі қазіргі уақытта өздерін жер бетіндегі құдай санайды. Ал халықтың көп бөлігі тақыр кедейленіп барады. Қоғамдағы үлкен қайшылық та осыдан туындап жатуы мүмкін. Міне, осындай кезеңде Абай адамдар арасындағы мейірбандықты жырлайды.

Абай айтқан үш сүю – иманигүлді толық адам ілімінің темірқазығы етіп ұсынады. Мұның мәні неде? Тағы да белгілі абайтанушы М.Мырзахметұлының ғылыми тұжырымына ден қойып көрелік. Ғалымның айтуынша:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй Алланы жаннан тәтті,

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп

Және сүй хақ жолы деп әділетті – деген өлең жолдарынан Алла, адамзат, әділеттілікті сүюді ерекше атап өтеді.

Кеңестік дәуірде «құдайсыздық» идеологиясына сәйкес ғалымдар, абайтанушылар Абайдың бірінші сүюін ашық, нақты айта алмады. М. Әуезовтің өзі «Абайдың діні – ақылдың, адамгершіліктің діні» деп жанамалап айтты. Бұл ретте, Абай ешқандай түсіндіруді қажетсінбей, бірінші сүюдің негізін дәл, нақты айтып тұрған жоқ па?! Адамзатты махаббатпен жаратқан жаннан тәтті Алланы сен де сүй дейді. Ал Алла – мұсылмандық жолы, яғни Алланы сүю адамды сүюге әкеледі. Міне, қазіргі тәуелсіздік заманның ең басты жетістігі жалаң идеологияның құлы болмай, Алланы сүюге, оған мінәжат етуге толық жол ашып берді. Абай ілімі ескірген жоқ, қайта заманның талабымен өрлей түсті. Қазіргі жастардың, бүгінгі замандастардың арасында дінге бет бұру бар. Бұл да тәуелсіздіктің берген жемісі деп қабылдасақ, бұл да Абайдың «толық адам» ілімінің жасампаздығының белгісі. Абайдың екінші сүюі – «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» те қазіргі Қазақстанның басты мемлекеттік бағытының бірі (көп ұлтты). Тәуелсіздіктің алғашқы күрделі кезеңінде еліміздің іргесінің шайқалмауы Абай ілімі жасампаздығының белгісі деп қарастыруымыз қажет. Ал Абайдың үшінші сүюі – «Және сүй хақ жолы деп әділетті» деуі – әділдікті, адамдықты жақтаған гуманистік ой-толғамының биігі. Әділет, шапағат, мейірім – Абай жырлаған «жүрек жылуы». Әрине, Абайдың «толық адам» ілімін мұнымен шектеп қоюға болмайды. Ақынның өлеңдерінде жырланған адамдықтың күрделі мәселелерінің барлығы «толық адамға» жетудің жолы, алғышарттары болып табылады. Толық адамның негізгі қасиеті – бұл өмірге байланбай, оның аяқ тұсайтын

ықпалынан шығуында. Ондай адамдар рух пен материяны айыра біледі, жан тәннен бөлек екенін сезініп, жанның ықпалымен өмір сүреді. Жан ләззатқа, білімге толы және мәңгілікті болғандықтан, олардың өмірі толық ләззатты. Мұндай өмірді қарапайым адамдар түсіне де бермейді. Адам өмірінің екі мақсаты бар. Біріншісі, өзінің материалдық құмарлықтарын қанағаттандыру. Екіншісі, рухани құмарлықтарын қанағаттандыру. Абай біріншісін – «тән құмары» десе, екіншісін – «жан құмары» деп сипаттайды. Жан құмары мақсаты – Алла тағаланың разылығы үшін әрекет жасау.

Ақынның: Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боларсың елден бөлек, – деген ой байламының салмағы да «сонда толық боларсың» деген ерекше мән-мағына берілген сөзде жатыр. Абай осы ұғымның мән-мағынасына өз тарапынан айрықша моральдік-гуманистік салмақ бере қарайды. Бұларды мінез-құлықтың гуманистік негіздері жөніндегі көзқарастарында жиі қолданылатын «адам болу», «адамшылық», «жарым адам», «толық адам» деген танымдармен байланыста алып қарастырады. Абай осылай адамды саты-сатылап негізгі мақсатқа әкеледі. Сондықтан рухани жетілу – ең жоғарғы саты, одан жоғары сана жоқ. Бір деңгейден екіншіге өту үшін үлкен талап, еңбек, терең ой қажет. «Ыстық қайрат» үнемі ізденіс үстінде, тек алға ұмтылу, жасампаз болу ұғымын аңғартса, «Нұрлы ақыл» – елге сәуле түсіріп, ізгілікті іс істеу, Алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал, «жылы жүрек» иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарау, олардың мұң-мұқтажын, көңіл-күйін ұға білу, айналаға шуақ шашу дегенді білдірсе керек. Он жетінші қара сөзінде өз ойын ғылымның атынан ақыл, қайрат, жүрекке жеке-жеке әрқайсысына тән ерекшеліктеріне лайықты бағасын береді. Әсіресе олардың арасынан жүректі шешуші орынға көтеріп, оған гуманистік астар беріп қарайды. Жүректі адам денесінің патшасы ретінде қарай отырып, оның бүкіл әділет, рахым, мейір, шапағат, ар-ұят атаулының қайнар көзі, ұлы мекені деген танымды ұқтыруға ұмтылады. Осы аталмыш ойды неғұрлым тереңірек бекітуге зор ықылас берген Абай: «Осы үшеуің басынды қос, оның ішінде жүрекке билет ... Үшеуің алау болсаң мен жүректі жақтадым...» – деген ойы ұлы ақынның өз ойы, өз танымы екенін оның барлық шығармаларының рухы анықтайды (1-сурет).



Ақыл, қайрат, жүректі
бірдей ұста,
Сонда толық боларсың,
елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі
жарытпайды,
Жол жоқ жарыместі
«жақсы» демек.

Абай Құнанбайұлы



1-сурет. Абай Құнанбаев

Осы сөзде Абайдың арнайы сілтеме жасап отырған ғылымы мен кітабы қандай ғылым, нендей кітап деген еріксіз сұрақ ойға оралады. Адамзат баласының ойындағы абзал үш сипаттың ішінен ғылым атынан жүректі шешуші орынға қойып, жүректің культін көтерген әрі оған гуманистік астар беріп отырған біздерге беймәлім ғылымның қайнар көзінің түп-төркінін қайдан іздеу керек? Әрине, Абайдың сілтеме жасап отырған ғылым атынанайтылған ой-пікірдердің шығар көзін, түп төркінін аша алсақ, Абай ойларының өзекті желісін аңдап, жұмбақты түйінін шешуге қажетті алғы шартты тапқандай болар едік.

Қорытындылай келе, Абай іліміндегі толық адам дегеніміз рухани жетілген, жан-жақты дамыған, ақыл ойы жетік, халқын шексіз сүйуші. Өзін интерсубъективті болмыста

паш етуші адам, негізгі объект болып интеробъективті болмыс болып қалады және ол адам білімге ұмтылушы, өзінің танымдық және рухани адамгершілікке және мақсатқа ұмтылушы. Абайдың қалдырып кеткен барлық шығармалары, философиясы, ілімі баға жетпес мұра. Осындай ұстаным рухани саладағы жаһандану мен жаңғыру мәселелері аясында қазіргі заманға өте сай және өзекті. XIX ғасырдан қазіргі кезге дейінгі Абай ойының өзекті желісі—«Толық адам».

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая.—Алматы: Ғылым, 334 с.
2. Мамырбекова А.С. Нравственный оптимизм Абая // -2007. № 8. 116 с.
3. https://adebiportal.kz/kz/news/view/abai-tolyq-adam-turaly_22874

ӘӨЖ 008:39(045)

«ҚҰТТЫ БІЛІК» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

А. Аманжолова, А.Б. Толепбергенова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Жүсіп Баласағұнның еңбектерін негізге ала отырып сол шығармадағы өзекті мәселерге шолу жасалған. Қысқаша мазмұндық сюжеті баяндалып, сол тұстағы саяси-әлеуметтік шындыққа көз жүгіртілген. Ислам мәдениетінің түркілер санасына орнығуы, оның саяси-қоғамдық өмірді өзгертудегі реформасы турасында сөз қозғалады. «Құтты білік» шығармасындағы мемлекет басқару ісіндегі шығарма кейіпкерлерінің образы мен іс-әрекеттері арқылы бірнеше заманның әлі де болса шешуді қажет ететін өзекті мәселе тұғырынан түсе қоймаған тұстарын ашып қарастырылған. «Құтты білік» дастаны негізінен төрт принципке негізделген. Сол төрт принциптің негізінде төрт кейіпкерлердің өзара сұхбатынан тұратындығы жан-жақты ашып көрсетілген. Ел басқарудағы әкімдерге қойылатын талаптарды саралай отырып, қазіргі заманмен сабақтастығын айқындаған. Жүсіп Баласағұн дастанда хан сарайының қызметкерлері мен елшілерінің және қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін ерекше баяндап шығады. Адамзатты биіктерге көтеретін тұлғаның қалыптасқан мінезі екендігіне де ереше мән берген. Қазіргі кездегі шығарманың алатын орнын ғылыми тұжырымдар негізінде саралай білген.

Түйін сөздер: әңгіме-аңыз, ақыл-парасаты, дастан, хас хажиб, әділдік, бақ-дәулет, ақыл-парасат, қанағат-ынсап, идея, қоғам, мемлекет, тәуелсіздік

Құтты білік шығармасының мәніне үңілетін болсақ, ежелгі түрік қоғамындағы ақыл-ой, мораль, құқық және мемлекетті басқару туралы тұжырымдаманы зерделейтін терең де өте бай деректермен таныс бола аласыз. Құтты білік ежелгі түрік тілінен аударғанда «адамды бақытқа жетелейтін ілім және мемлекетті басқару үлгісі» деген мағынада аударылады. Жүсіптің өзі осы шығарманы ханның өтінішімен жазғанын, яғни бір негізгі мәселеге тоқталатын болсақ ел басқару деңгейінде туындының маңызы өте зор болғандығына ереше мән берген. «Құтты білік» - әңгіме-аңыз ретінде баяндалатын даналық сөз, өсиет, ғибрат.

Түркі әдебиеті тарихындағы ең маңызды кезеңдердің бірі —Қарахандар әулеті билік құрған X-XII ғасырлар. Бұл кезеңдегі әдеби шығармаларда ислами құндылықтар кешенді түрде көрініс тауып, халықтың таным дүниесіндегі елеулі өзгерістерді байқатып

жатты. Қарахан дәуірінен бізге жеткен ең алғашқы әрі бас-аяғы толық туынды – Жүсіп Хасхажып Баласағұнның «Құтты білік» дастаны. Шығармада жалпы түркіге ортақ елдік мұраттар кешенді түрде қамтылған(1.148). «Құтты білік» дастанындағы елшілдік сарындарды талдай отырып, ел тарихындағы тарихи мәні мен маңызын ғылыми негізде саралап көрсеткен. Өз зерттеуімде шығарманың тарих сахнасындағы өзіндік ерекшелігін ғылыми дәйектемелер негізінде талдаулар жасалынды. Дастан елдегі Ата заң қызметін атқарған. Жүсіп Баласағұн өз туындысында патшалар мен уәзірлердің, хан сарайының қызметкерлері мен елшілерінің, әскербасылар мен нөкерлердің, т.б. қоғам мүшелерінің мінез-құлқы, білім дәрежесі, ақыл-парасаты, құқықтары мен міндеттері қандай болу керектігін жеке-жеке баяндап шығады. Ақын ең негізгі мәселені әмірші-патшаның өзінен бастайды. Халықты басқаратын адам – ақыл-парасаты ұшан-теңіз, ниеті түзу, сөзі шырын, білім мен өнерді жетік меңгерген, қолы ашық, пейілі кең, жүзі жарқын, ешкімге кек сақтамайтын жан болуы шарт екенін басып айтады. Ел басқарған әкімдерді күншілдік, ашкөздік, сауық-сайранға құштарлық, қатыгездік, кекшілдік сияқты жаман қылықтардан бойларын аулақ ұстауға ерекше мән береді. Бұдан кейін ақын ел басқарған патшаның көрер көзі, естір құлағы “хас хажиб”, яғни бас уәзір міндеттерін тізбектеп, саралап айтып шығады. Бас уәзір халықтың талап-тілектерін патшаға, ал патшаның айтар ой-пікірін, жарлықтарын халыққа жеткізіп отыруы қажет. “Құтты білікте” елшіге қойылатын талаптар ереше мән бере отырып, сипатталып жазылған. Елші ерекше зерек, өзі көрікті, көп тіл білетін, шешен сияқты көптеген қасиеттерге ие жан болуы қажет. Дастанда осылайша елдегі барлық лауазым, кәсіп иелеріне қойылатын талаптар сипатталып көрсетілген. Шығарманың негізгі идеясы саяси-қоғамдық өмірді өзгертудегі реформасы турасында маңызды мәнге ие.

“Құтты білік” дастаны, негізінен, мемлекетті басқару мәселесіне арналған шығарма. Дастанның басты идеясы төрт принципке негізделген. Біріншісі, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ заңның болуы. Автор әділдіктің символдық бейнесі ретінде Күнтуды патшаны көрсетеді. Екіншісі, бақ-дәулет, яғни елге құт-береке қонсын деген тілек. Бақ-дәулет мәселесі патшаның уәзірі Айтолды бейнесі арқылы жырға қосылған. Үшіншісі, ақыл-парасат. Ақыл-парасаттың қоғамдық-әлеуметтік рөлі уәзірдің баласы Өгдүлміш бейнесінде жырланады. Төртіншісі, қанағат-ынсап мәселесі. Бұл мәселе дастанда уәзірдің туысы, дәруіш Одгүрміш бейнесі арқылы әңгімеге қосылған. Жүсіп Баласағұн ғибратында суреткерлік, ойшылдық, ғұламалық қасиеттердің үйлесім табуы ғалым ойларының даналығымен біртұтастығынан көрінеді. Түркі мәдениетінің нәрлі бұлағынан сусындап, мұсылман өркениетінің қуатты ықпалымен толысқан ойшыл өз шығармашылығында адамның қоғамдағы орны мен қызметін түсінуге ұмтылып, мінсіз қоғам жайындағы өзінің биік философиялық ой мұраттарын баяндайды. Жүсіп Баласағұнның “Құтты білігінде” өмір мәні пайымдалып, жалпыадамзатқа тән рухани байлықтардың мәні жан-жақты сараланған. Жүсіп Баласағұн ақиқатқа жету жолын адам мен әлемнің сол ғұмырлы өмірдің әрбір ұсақ дүниелер арасындағы үйлесімділіктің болуы туралы қағидаға негіздейді. Төрт құдірет – от, су, ауа, жер жайлы ежелгі дәуірдің философиялық түсінігіне сүйене отырып, ойшыл әлемді осы төрттағанның үйлесімінен жаралған деп санайды. Жүсіп Баласағұнның қоғам және өмір туралы ойларында, яғни қазіргі түсініктегі әлеуметтік философиясында әділет, бақыт, ақыл және қанағат ретінде бейнеленіп, “Құтты біліктің” төрт кейіпкерінің бойына осы ерекше ұғымдарды жинақтаған. Мына жалған дүниені ақыл таразысына салып жүйеге түсіруге болатынына да сенген. Ғұлама тұлға әлемдік үйлесімділік негізі- әділетті адамзат қоғам құруды армандады және өз алдына соны негігі мақсат етіп қоя білді. Сондықтан ол өз шығармасында ғылым мен білімге ереше мән берген. Жүсіп Баласағұн адамзатқа ортақ парасаттың, танымның нәтижесі ретіндегі білімге көшудің өзі адам мүмкіндігінің жүзеге асуы деп біледі. Ғылымен білімге жан-жақты сусындаған адам ғана көздеген мақсат міндеттеріне өзгелерде ерте қол жеткізе алады. Автор пікірінше білім – даналық, денсаулық – жан мен тәннің толысуы. Жүсіп Баласағұнның ойынша, қоғам

құрылымындағы кемелдікті жеке адамның бостандығы, тәуелсіздігі анықтайды деп санады. Жүсіп Баласағұн өзінің әлеуметтік философиясында қоғамдағы кемелдіктің негіздері мен іс жүзіндегі көріністерін өзара тығыз байланыста қарастырады. “Құтты білікте” ол, ең алдымен, даналық яғни қазіргі түсініктегі теориялық зерде туралы ой толғап, даналық табиғатын, оның ерекшелігін, туа біткен қабілеттер мен қасиеттер кейінгі алған білімін жинақтаудағы адамның өз рөлі, таным процесінде ақиқатқа ұмтылу, т.б. мәселелерді қарастырады. “Құтты біліктің” оқырманға негізгі айтар ойы – адамның адами жетілуі мен кісілік қасиеттерінің кемелденуі, сол арқылы мемлекет пен қоғамды қуатты, мықты тұғыры биік құтты ел мәртебесіне көтеру. Кісілік кемелдену жолына түскен адам – өзінің қасиетіне, жалпы болмысына үнемі сыни көзқараста жүретін асыл жан. Дастан оқырманына құт-берекемен, ақыл-парасатпен, ізгі тілектер және бақытқа өз адамгершілігін асыл етумен ғана жетуге болатынын ұқтырады. Ондағы “өзінді сақтау”, “өзінді ұмытпау”, “өзінді-өзің құрметтеу”, қағидасы адамның адамшылығын танытар қасиеті – адамгершілік пен кісілікті жетілдіруге бағытталған. Ақын өтпелі өмір мен өлім жайында терең философиялық оймен толғанады.

Шығарма да біз білетін төрт кейіпкер - Күнтолды, Айтолды, Өгдүлмүш, Өгдүрміш бейнелері арқылы сұхбаттасу ізімен жазылған. Осы төртеуінің өзара бірлесуі нәтижесінде бірнеше мінез құлықтық қасиеттер мен құқықтық принциптерді жан-жақты түсінуге мүмкіндік мол. Төрт кейіпкерлерге сипаттама жасап кетсек артық болмайды: Күнтуды – хан, ол заң мен әділдіктің жаршысы, Айтолды- уәзір, ол мемлекеттік билік пен сәттілікті бейнелейді, Өгдүлміш- Айтолдының ұлы, ол кейін әкесінің орнын басып уәзір болады, ақыл, білім, өмірсүйгіштік кейіпкері, Өгдүрміш – ақиқат өмірден безініп, адамдардан алыс, тауда өмір сүреді, күй талғамайтын, кезбе, алладан басқаны ойламайтын кейіпкер. Шығарманың баяндалуы жағынан ұғыну күрделі емес. Айтолды – рухтанған, жігерленген, ақылды, идеялары көп қаланың орталығымен хан сарайынан алыс емес елді мекенде дүниеге келген жас жігіт. Құтты біліктің авторы Айтолдының адамгершілігі мен абыройын ереше ынта жігермен суреттеген. Автордың ойынша Айтолды пайымдағыш, белсенді, адал, әділетті, жайдары, адамгершілігі мол, тілмәр, барлық мәліметтен хабардар кемел тұлға. Талас пен сұхбат түрінде жазған шығармасында Жүсіп Баласағұн шамасы түріктердің ұлтық, мінез-құлықты және саяси дәстүрлерін сақтай отырып, түріктердің рухын көтеруге сол арқылы олардың ғаламдық энергиясын аспандатуға тырысқан. Діннің жетегіне кете беретін қоғамның кейбір қабатына соны түсіндіре отырып, даралыққа кезбешілікте емес, қоғамда белсенді адамгершілігі жоғары деңгейде өмір сүруді насихаттайды.

Имандылық, сабырлылық, рақымшылдық, ақыл-парасаттылық, әділеттілік, бостандық, ғылым-білім, достық, бауырмалдық, адалдық, аманат, ар-ұят, қарапайымдылық, тазалық, өзара құрмет, іс-қимыл т.с.с. құндылықтарын түркі ойшылдары өз еңбектерінде қарапайым халыққа түсінікті тілде жеткізе білді.

Алла атымен бастадым сөз әлібін.

Жарылқаған, жаратқан бір тәңірім!

Жаратты ол: жасыл көк, ай, күн, түнді,

Қара жер, ел, заман, уақыт, бұл күнді (2.77).

Бұл – Құдайға құлшылық етудің шынайы жүректен шығып, кіршіксіз амалмен іске асатындығы туралы ойшылдың шынайы сенімінен туындаған ойы. Жаратушыға деген сүйіспеншілік пен денің ниеті мен амал-әрекетінен туатындығы айдан анық. Ниет тазалығы және амалдың айқындылығы құлшылықтың мәні мен мағынасын байытып, мұсылманның иманын күшейтеді. Ниет – адам пейіліндегі мақсат. Құлшылық атаулының қабыл етілуі ниетке байланысты. Дін құлшылық пен ғибадатты қажет етеді.

Мейірманға айтар кісі жан сырын,

Бауырмал жан жанын берер, бар шыным.

Мейіріңе кәміл сеніп, сырластым,

Мейіріммен сөйле, үнсіз тұрмассың! (2.244)

Баласағұн шығармашылығына тән ерекшелік адам болмысының мәні және адамның әдебін ашатын ұғым ретінде ар-ұят алынады. Адамның адамгершілігін, оның тұлғасын ардақтайтын және көкке көтеретін – ар мен ұят. Адам бойындағы ар-ұят сезімі оның ибалылығын, қайырымдылығын, бақытын, әділетті ұстанымын, парасат-пайымын қанағатшыл құлқын асқақтатады.

Баласағұн шығармасында білім мен ғылымның мәніне де зор көңіл аударылады.

Тілегім сөз еді білгір, ей, бегім,

Ақыл бегім жайлы келді сөйлегім.

Ақыл – шырақ, қара түнді ашатын,

Білім-жарық, нұрын саған шашатын (2.102).

«Құтты білікте» білім өмір мәні және қоғамың мәдени, рухани деңгейінің өлшемі ретінде көрсетіледі. Ойшылдың пікірінше, білім мен парасат адам мен қоғам өмірінде кездесетін зұлымдықтардың алын алу үшін қажет. Білім адамның өз болмысын танып білуге, иманын жетілдіруге, өмірдегі өз орнын табуға және қайырымды болуға жол ашатын жарқын жол. «Құтты білік»- адамзаттың бойына адамгершілік , имандылық , қанағаттық қасиеттерді сіңіруге ерекше ықпал ететін туынды. Тәуелсіздігімізді мәңгілікке сақтап тұруда шығармадағы негізгі принциптерді басшылыққа алып ұстанудың маңызы зор .

«Құтты біліктің» мазмұны ақылға парасатқа толы. Жүсіп Баласағұнның негізгі пікірі-әділеттік пен ақыл, ақылды қарапайым адам басқарғаны жайлы , берекелі молшылыққа кенелген елді аңсауы. Көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Х.Сүйішәлиев ежелгі дәуір әдебиетінің ең үздік туындысы «Құтты білік»- Орта ғасыр түркілерінің тандаулы мұрасы. Оны кезінде «киелі» кітап тұтып , үстем тап өз мүлкі , жекеменшік мұрасы тұтқан. Әлемдік мәні әйгілі, түгел түркі хлықтарының мақтанышы дерлік мұра, жазба әдебиетінің ең ірі шығармасы» деген жоғары деңгейдегі бағасын берген (3.117).

«Құтты білік» күні бүгінге дейін өзінің құндылығы, мәні мен маңызын жоймаған және жалпыадамзаттық идеялар мен ойлар айқын көрініс тапқан туынды. Қазақтың классикалық поэзиясы өзінің шығармашылық бастауын «Құтты біліктен» алған. Тәуелсіз еліміздің «Рухани жаңғыруында» осындай озық үлгілерді жан- жақты танысып білу біздің азаматтық борышымыз.

Тарихи сананы қалыптастыру, ұлттық рухты жас ұрпақ бойына сіңіру арқылы мейірімділікке, имандылыққа, ерлікке, батырлыққа тәрбиелеу. Туған жерін, елін сүйуге, адамгершілікке, ізгілікке баулу. « Құтты білік» дастаны түркі тілді туысқан халықтардың бізге келіп жеткен дүниежүзілік мәнге ие бірден-бір жазба әдеби ескерткіші. әдеби тілдің даму жолдарын білдіре алатын асыл мұраларының бірі.

Өз заманының да ғылым саласымен толық танысып кемелденген шағында «Құтты білік» тәрізді классикалық шығарма тарих сахнасына келді. Ана тілінің көркемдік қуатын әлемге таныту бағытын ұстанған көркем тілді шығарма. «Құтты білік» — түркі тілді халықтардың қоғамдық ой санасында орын алған рухани құбылыстарды тұтас қамтыған энциклопедиялық қуатқа ие көркем туынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Т.С.Жорабай. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан «Құтты білік» дастанындағы елдік идеялар: жалпы сипаты, сюжет пен композициялық астар. // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Филология ғылымдары» сериясы. –2017. – No3(61) 2017 г –Б.148-153
2. Жүсіп Хас Қажыб Баласағұн. Құтты білік / Аударған А. Егеубай. – Алматы, 2011. - 431б.

3. Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы : Санат,2006.-904б
4. Н.Келімбетов. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері.-Алматы: Раритет,2011.-432б
5. Келімбетов Н. Қазақ әдебиеті бастаулары. –Алматы, 2000.-351б
6. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері.Алматы, Раритет . 2011.-439б
7. Қыраубаев А. Ежелгі әдебиет.5 томдық шығармалар жинағы . – Алматы, Өнер.2008.-385б

ӘОЖ 37.035.6:512.1

ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ

А.Қ.Аманқосова, А.Ж. Нұрмұхамметқызы

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Бүгінгі таңда білім жаңа әлемдегі үздіксіз және басты жаңалыққа айналуға, бұл қазіргі білім алушылардан өмір бойы білім алуды талап етеді. Білім беру жүйесі кез-келген қоғамның маңызды бөлігі болып табылады.

Түйін сөздер: білім беру, интерактивті, ақпараттық-коммуникативтік технологиялар

Болашақ түлектерді белгілі бір түрде тәрбиелейді, құндылық сипаттамалары мен қоршаған шындыққа деген көзқарасын қалыптастырады, содан кейін олар оны өмірде өз бетінше пайдаланады. Алайда, бұл өздігінен болмайды. Қоршаған әлем балаларға белгілі бір талаптарды қояды, ал білім бәрін шындыққа айналдыруға тырысады. Бұл схеманың күрделілігі-білім беру жүйесі өте пассивті және сыртқы жағдайлардың өзгеруіне тез жауап бере алмайды. Ескі дәстүрлі білім мен бір білім беру мекемесінде бар қоғамның жаңа талаптары арасында үнемі қайшылықтар туындайды. Қазіргі білім сөздің кең мағынасында өзгереді. Білім берудің басты міндеті - "мемлекетіміздің халқының білім деңгейін үнемі арттыру және демократиялық қоғам жағдайында өмір сүруге жаңа ұрпақты дайындау".

Қазіргі білім-бұл әлеуметтік мәдениет әлемінде өзін-өзі белсенді тану арқылы адамның риторикалық әрекеті. Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты -адамның жеке қалыптасуы үшін өз-өзімен жұмыс жасау. Білім беру процесі білім алушының болашақта еңбек міндеттерін тиімді орындауға көмектесетін сапалы білім алуына бағытталған, дегенмен барлық түлектер жүктемені көтере алмайды және олардың жартысына жуығы қысқа және оңай жолды таңдайды. Қазіргі әлемдегі білім беру жағдайы күрделі және қарама-қайшы. Бір жағынан, XX ғасырдағы білім беру адам қызметінің маңызды салаларының біріне айналды, ал екінші жағынан, білім беру саласының кеңеюі және оның мәртебесінің өзгеруі білім беру дағдарысын көрсететін осы саладағы проблемалармен бірге жүреді.

Қазіргі білім беруде білім алушылармен жұмыс істеудің көптеген әдістері мен әдістемелері бар. Оқыту әдістері күрделі және екіұшты ұғым. Көптеген ғалымдар бұл педагогикалық әдістің нақты түсіндірмесіне ешқашан келген жоқ, бірақ соған қарамастан, көзқарастарды жақындастыратын ортақ нәрсені атап өтуге болады. Бұл соңғы уақытта авторлардың көпшілігі оқыту әдісін оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру әдісі деп санауға бейім екендігі туралы. Оқытудың заманауи әдістерін үш негізгі топқа бөлуге болады: пассивті, белсенді және интерактивті. Пассивті-бұл оқытушы сабақты басқаратын әдіс, ал білім алушылар дәрісті тыңдап, материалды жазады. Белсенді – бұл оқытушы мен оқушы тең дәрежеде өзара әрекеттесетін және диалог, әңгіме,

пікірталас жүргізетін әдіс, ал Интерактивті-оқушылар оқытушыдан және топтарымен өзара әрекеттеседі (мысалы, топта жұмыс істеу, жобаны қорғау және басқалар т.б).

Қазіргі таңдағы қажетті заманауи оқыту әдістерін атап айтсақ. Олар маған ғана емес, ең алдымен жаңа заманауи әдістердің арқасында жұмысқа қызығушылық танытатын мамандарға да ұнайды:

Жоба әдісі. Жобалық қызметті біз дәстүрлі жүйені алмастырмай, оны терең түрде толықтырып, кеңейте отырып тиімді қолданамыз. Педагогика, психология, инклюзивті білім беру сондай-ақ басқа да пәндері бойынша сабақтан тыс уақытта білім алушының өзіндік жұмысы болып табылатын шығармашылық зерттеулер балалардың ой-өрісін кеңейтуге бағытталған. Білім алушының заманауи жобасы-бұл танымдық іс-әрекеттің дидактикалық құралы, шығармашылықты дамыту және сонымен бірге белгілі бір жеке қасиеттерді қалыптастыру. Қазіргі әдістің негізгі міндеті- оқытушымен бірге білім алшыныңәлеуметтік өмірін зерттеу. Оқытушы көмекші ретінде де, сарапшы ретінде де бола алады, білім алушының жеке басының дамуына қолайлы жағдай жасайды, білімді сәтті игеруге ықпал етеді.

Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (презентация). Компьютерлік технологияларды қолдану сабақты қызықты, мобильді және ең бастысы заманауи етуге мүмкіндік береді. Кез – келген материал қолданылады, сабаққа үлкен энциклопедиялар немесе репродукциялар дайындаудың қажеті жоқ-мұның бәрі алдын-ала дайын және кішкентай CD-де бар. Презентацияда сабаққа қажет нәрсенің бәрін, соның ішінде аудио немесе бейне сүйемелдеуді пайдалануға болады. Бұл кез-келген сабақта оқушылардың білімді саналы түрде игеруіне ықпал етеді. Сабақтарда АКТ қолдану оқудың оң уәждемесін күшейтеді, білім алушылардың танымдық белсенділігін жандандырады. Студенттер сабақ барысында презентацияларды пайдаланады: жаңа материалды түсіндіру, бекіту, қайталау, бақылау, сабақтан тыс сабақтарды өткізу кезінде және басқалар. Бала жаңа білім алғысы келеді, осылайша шығармашылық, табанды және еңбекқор тұлға болады. Осылайша, білім беруде заманауи технологияларды қолдану оқушылардың интеллектуалдылығын, шығармашылығы мен тәуелсіздігін қалыптастыруға ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

Түсіндірме-иллюстрациялық әдіс және үлестірме материал. Бұл оқыту әдісінде мен балаларға тақырыпты үйренуді жеңілдету үшін иллюстрациялар немесе схемалар мен үлестірме материалдарды қолданамын, өйткені кейде бір оқулық пен жұмыс кітабы жеткіліксіз. Әрі қарай, біз иллюстрацияға және сабақтың тақырыбының мазмұнын талқылауға сүйене отырып, жеке карталардағы тапсырмаларды орындаймыз. Сондай-ақ, үлестірмелі материалдар сабақтың тақырыбын бекітуге көмектеседі. Бекіту процесінде материалдың негізгі тармақтарына назар аударылады. Оқytудың бұл әдісінде оқушылардың түсініктемені қаншалықты сәтті түсінгені туралы Кері байланыс, ақпарат алу ыңғайлы. Мұндай талдау оқу материалын игеру үшін жаттығулардың, тапсырмалардың және өзіндік жұмыстардың тиісті түрлерін таңдауға көмектеседі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. С.Симбаева «Белсенді оқу мен оқытуда қолданылатын әдістер» әдістемелік. құрал/құраст. С.Симбаева. – Нұр-Сұлтан: «Тұран-Астана» университетінің баспаханасы, - 2019.- 133 б. ISBN 978-601-7871-58-1
2. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К.Б 12 Жалпы педагогика: Оқулық – Алматы: «Нұр-пресс», 2005 – 228 бет.
3. Абдигожина К.С. «педагогикалық диагностика әдістемесі». Оқу құралы. Жезқазған, 2020. 1. УДК 373 ББК 74.102 А 14.

4. Ботамқұлова, А. Б. Қазіргі кездегі оқытудың педагогикалық технологиялары [Мәтін] :оқу-әдістемелік құрал / А. Б. Ботамқұлова. - Тараз : [б. и.], 2015. - 90 б. - ISBN 978-601-7452-90-2

ӘОЖ405

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАННЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ

А. Асқаров, Қ.Е. Өтебалиева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Балаларды әлеуметтік қорғауға үш бірдей билік тармақтары жауапты: заң шығарушы, атқарушы және сот. Басымдылық мемлекет пен ол құратын институттарға тиесілі: олар балаларға қатысты әлеуметтік саясат пен заңнаманы қалыптастырады, оның іске асырылуын қамтамасыз етеді және әлеуметтік қауіпсіздікке кепілдік береді.

Түйін сөздер: әлеуметтік, билік, заң, атқару, сот, саясат, кепілдік, институт, мемлекет.

Мақсат: Балаларға қамқорлық – еліміздің мемлекеттік саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. «Қазақстан-2050» стратегиясы. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында еліміздің Президенті әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттарын айқындап, балалықты қорғауды елдің дамуының таяу жылдарға арналған маңызды басымдықтарының бірі ретінде белгілеп берді және мемлекеттік органдардың оны іске асыру жөніндегі қызметінің негізгі басымдықтарын айқындады.

Мемлекеттік әлеуметтік саясат Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына және халықаралық міндеттемелерге сәйкес физикалық, зияткерлік, рухани, адамгершілік және әлеуметтік тұрғыдан баланың толыққанды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. Министрліктер мен ведомстволар балалардың өмір сүру сапасының әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерін қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөнінде шаралар қабылдауда. Баяндамада Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен үкіметтік емес ұйымдары ұсынған балалардың жағдайы және оның өзгеру үрдістері туралы ресми деректер негізге алынған. Балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту, балалар мен жасөспірімдердің денсаулық жағдайы, тамақтануы, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау мәселелері көрсетілген. Жекелеген тараулар өмірде қиын жағдайға тап болған балалардың (жетім балалардың, қадағалаусыз және қараусыз қалған балалардың, мүгедек балалардың, мигранттардың, аз ұлттардың балаларының және т.б.) жағдайына, сондай-ақ оларды қорғау және әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды дамытуға арналған. Баяндаманың қорытындысында негізгі тұжырымдар мен балалардың құқықтарын, оларды қорғауды және дамытуды қамтамасыз ету жөніндегі қажетті іс-шараларды әзірлеу үшін ұсынымдар жасалған. Республикада балалардың құқықтарын қорғау саласында құқықтық база жасалған. Әдіс: Балаларға қатысты мемлекеттік саясатқа қойылатын негізгі талаптары бар БҰҰ аса маңызды халықаралық құқықтық құжаттары балалар туралы қазақстандық заңнамаға негіз болды. Балалардың өмір сүруге, ар-ожданы мен қадір-қасиетін қорғауға, жеке басына қол сұқпауға, тұрғын үйге, білім алуға, әлеуметтік қамтамасыз етілуге және әлеуметтік қызмет көрсетуге, денсаулықты сақтауға және медициналық көмекке, мәдени құндылықтарға қол жеткізуге және басқа неғұрлым маңызды құқықтары Қазақстан Республикасында заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етілген. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекс, «Білім туралы», «Баланың құқықтары туралы», «Мемлекеттік жастар саясаты туралы», «Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы өзгерістер мен толықтыруларымен», «Кәмелетке толмағандар

арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», «Отбасы үлгісіндегі балалар ауылы және жасөспірімдерүйлері туралы» заңдар және басқалары қабылданды, олар балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды. Республикада заңнамалық база жүйелі түрде ұдайы жаңартылып, жетілдіріліп тұрады. 2013 жылы жетім балалардың құқықтарын қорғау мәселелерінің жаңа тәсілдерін көздейтін және балалардың жағдайын жақсартуға әрі олардың құқықтарын қорғауға бағытталған мынадай нормативтік құқықтық актілер қабылданды. Бала құқығы дегеніміз – қандай да бір айырмашылыққа: нәсіліне, жынысына, тіліне, дініне, туған жеріне, ұлттық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүлігіне, меншігіне, ататегіне немесе өзге де жағдайына қарамастан әр баланың (18 жасқа толмаған әрбір адам бала деп танылады) бойында болуы қажет бостандығы мен құқығы.

Қорытынды: Жалпы кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін анықтаудағы негізгі белгі – жас жеткіншектің өмірге көзқарасы, жеке басының әлеуметтік тұрғыда белгілі бір дәрежеде жетілуі болып табылады. Құқық бұзушының жоғарғы сатысы қылмысқа қылмыстық жауапкершілік он алты жастан белгіленетіні сондықтан. Кәмелетке толмағандардың белгілі бір дәрежеде жетілуі дегенде жас жеткіншектің әрбір істеген жат қадамының мемлекеттік маңызын, оған тигізер зиянын, өз дәрежесінде түсініп, бағалай білуін айтуға болады. Соған байланысты он төрт жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылатын әрекеттің нақты зиянын, деңгейін анықтау маңызды орын алады. Әрекеттің жан – жақты зерттеліп, ашылуы – тәрбиелік жұмыспен қоса ерекше қылмыстық құқық шараларының жүзеге асырылуына, оның тиімді болуына жол ашады. Кәмелетке толмағандар қылмысы мен жасөспірімдердің құқық бұзушының ерекшеліктерін әлеуметтік психикалық жағынан ашып алып және қылмыстық құқықтық тұрғыда есепке алу үлкен орын алады. Бұл заң шығарушының қылмыскер тұлға – жасы толмаған бала болған жағдайда, қылмыстың құрамын дұрыс таңдауға қажет жағдай туғызуына, құқық бұзуға тиімді құқықтық шара тағайындауға мүмкіндік береді. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі туралы заңдылық жиынтығын саралай келе, көптеген авторлар кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігін қылмыстық жауапкершілікке тартылған олардың пайдасына шешілген «жеңілдік» ретінде қарайды. Жалпы кәмелетке толмағандар үшін заңда көрсетілген жеңілдіктер оларға қолданылатын жазалау шараларын мектеп, тәрбиелік сипаттағы қоғамдық шаралармен әсер ету қағидаларын ұсынған. Сонымен қатар кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауапкершілігі мен жазалау айырмашылығы олардың жеке басының әлеуметтік – психикалық ерекшеліктерін, істеген қылмыстың криминологиялық тұрғыдағы сипатын, қылмыстың тәсілі мен нәтижеге жетуін, ол баланың ересек адамдарға қарағанда тез де оңай түзелуін ескеру мақсатында заңда оларға қолданылатын шаралардың көбі тәрбиелік қағидаларға негізделгені көрсетілген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сандыбаев Н.А. Қылмыстық саясатты реттеу. Алматы, 2000-123 жж.
2. 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығымен бекітілген 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы
3. Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық кодексі (09.04.2016 ж. өзгертулер мен толықтырулармен)
4. Мами К.А. Қазақстан Республикасы сот төрелігін жүзеге асырудың 2015 жылғы қорытындылары бойынша жоғары сот органы судьяларының кеңейтілген отырысының материалдары // Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми сайты.sud.gov.kz.
5. Қайырбеков Н.Ең маңызды міндеттерді анықтаңыз. // <http://www.zakon.kz/analytics/4788898>

6. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы (1998 жылғы 7 қазандағы N 284-1 Заңының редакциясымен). Алматы. 1998 жыл.
7. Елбасының Қазақстан халқына «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси үдемелі жаңғыру жолында» үндеуі// Казахстанская правда. № 39 19.02.2005 ж
8. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының қаулылары, 1992-2000, Алматы. - 2000.
9. Оңғарбаев С. Адамгершілікке жатпайтын әрекеттерге тыйым салу // Заң газеті. 2004 жылғы 30 қыркүйек
10. Семушкин В. Түрменің баламалары // Заң газеті. 2002. 3 шілде; Байбатыров С. Кодекс – жазалау құралы ма, әлде тәрбие құралы ма? // Заң газеті. 2004 жылғы 25 маусым

ӘОЖ 1/14(045)

ШӘКӘРІМ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҮШ АНЫҚ» МӘСЕЛЕСІ

Н.Ә. Бекболатова., Н.К. Арашова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Шәкәрім қажы қияда тұрып, қыран көзімен алты құрлықты түгелдей барлап, атақты ғалымдардың әркімге танымал еңбектерін оқып, ой елегінен өткізіп, сау ақылмен сынатып, соңында шығарған саналы қорытындысы - «Ұждан» қасиеті, ар ілімі және қазақ ұлтының бағзыдан ұстанып келе жатқан мұсылмандық жолы. Міне, осы жолдан айнымаған адам екі дүниеде де бақытты болатынын аманат етеді.

Түйін сөздер: үш анық, ынсап, әділет, мейірім, ұждан, жаратушы.

Шәкәрім қажы қияда тұрып, қыран көзімен алты құрлықты түгелдей барлап, атақты ғалымдардың әркімге танымал еңбектерін оқып, ой елегінен өткізіп, сау ақылмен сынатып, соңында шығарған саналы қорытындысы - «Ұждан» қасиеті, ар ілімі және қазақ ұлтының бағзыдан ұстанып келе жатқан мұсылмандық жолы. Міне, осы жолдан айнымаған адам екі дүниеде де бақытты болатынын аманат етеді.

Абайдың тәлім-тәрбиесін көріп, өмірін біліммен өрнектеген, әлем ойшылдарының еңбектерін жата-жастана оқып, парасат биігіне шыққан, Алашқа алғаш рет «Ұждан» философиясын енгізген хәм алпыстан асқан шағында қу тіршілік қыспағынан қашып, тұран даланы аңсаған түз тағысындай тақуа ғұмыр кешкен, адамзаттың аяулы ақыны – Шәкәрім Құдайбердіұлы.

Шәкәрім Құдайбердіұлы «Үш анық» еңбегін жазуға айрықша даярлықпен келген. Әйгілі ғалымдардың еңбектерімен танысып, оларға талдау жасап, білімін өзінің ақылына салып саралаған, солай өзінің кемел түйінін - «Үш анықта» баян еткен. Неге Шәкәрім еңбегін «Үш анық» деп атаған. Сонда «анық» дегеніміз не? Шәкәрім заманында философ, ойшыл, данышпан дегендердің дүние туралы айтқандары бұлдырлай берді. Түсінікті-ау дегенді терістеп түсініксіздікке айналдыра бастаған философтар, ойшылдар қалыптасты. Ақылға қонбайтын сөздер, ой пікірлер көбейе түсті. Осы кезде позитивизм ағымы қоғамдық талқыға түсе бастады. Оның объективтік түп негізі Батыс Еуропада нарық және нарықтық қатынастар дамуында еді. Оның қалыптасуы негізінен француз Огюст Контқа қатысты айтылады, ол метафизиканы сынға алған. Огюст Конттың және өзгеде философтардың пікірлерін ақылына салып саралағанда келіспейтінін аңғарды. Шәкәрімнің ойынша үш анық: Жаратушы білімі, жан, ар-ұждан.

XIX жүз жылдықтың аяқ шенінде дүние өздігінен, жаратушы ие жоқ деген пікір қалыптасты. Адамзат тіршілік туралы екі түрлі көзқараста болды. Бірі, дене өлсе де, жан жоғалмайды, өлгеннен соң да бұл тіршілікке, тіпті, ұқсамайтын өмір бар, жалғыз ғана

дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылу керек десе, енді бірі, бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаратылған, оны осылай жаратайын деген жаратқан иесі жоқ, һәм өлген соң тірілетін жан жоқ дейді. Бұл екі көзқарастың түпкі ойы қайдан шыққанын қарасақ, адамзаттың, әлемдегі барлық нәрселер қайдан бар болған, мұны кім жаратқан деген ойынан шыққан. Неге десең, адамның ақылы оны ойламай тұра алмайды және адам жаңа бір нәрсені көрсе я естісе, мұны кім жасаған, бұл неге керек, қалай жасалынған демей қоймайды? Сол себептен Жаратушыны іздеп әркім әр түрлі ой-пікір жүргізген. Тіпті, ескі замандағы адамдар жаратушы осы деп немесе осында жаратушының қасиеті бар деп күнге, отқа, ағашқа, тасқа жәнәт. б табынған және әр нәрсенің бір тәңірісі бар деп сурет жасап табынған. Кейбірі адам қолынан келмейтін істерді істеген құмалақшы, балгер, дуана сияқты адамдарға да табынған. Сөйтіп, соқыр кісіше сандалып жүргенде пайғамбарлар шығып, барша затты, әлемді, бәрін жаратқан ие бар, өлген соң тіршілік бар, осы өмірде жасаған амалыңа қарай ол өмірде де өлшеусіз бақ қиын азап бар, мұны бізге сол жаратушы ие білдіреді дейді. Осы айтқандарымызды сіздерге жеткізіп, ұқтыруға бұйырды деген. Ол кездегі адамның бірқатары бұған сенсе, бірқатары сене алмай, бұрынғы әдеттерінен шыға алмаған. Біліп жаратқан ие де жоқ, өлген соң өмір де жоқ деген ойдың түбінде осы барлық әлем неден бар болды деген ой қайдан шыққаны түсінікті. Ескі заманның философтары әр нәрсенің түпкі негізі неден жаралғанын зерттей келе, негізі төрт нәрсе: от, су, топырақ, ауа деген пікір ұстанды. Олардан кейінгі философтар төрт нәрсенің әрбіреуі әлденеше негізден жаралғанын, көзге көрінбейтін кішкентай тараулардан қосылып пайда болатынын біліп, ол кішкентайларды қанша ұсақтаса да, ақырында бөлуге келмейтін болады. Сол бөлінуге келмейтін түп негіздердің атын «атом» деп атады. XVII ғасырда Ньютон алманың үзіліп жерге түскенін көріп, бар нәрсенің негізі сексен түрлі атом, солар бірін-бірі тартатын тартылыс заңымен қосылып, дене жасап, бірінен-бірі өсіп, өзгеріп жатыр, оны былай қылайын деп әрқайсысын әр бөлек жаратып жатқан ие жоқ және «жан» деген өз алдына бір нәрсе емес, сол атомдардан жаралған дененің бір қозғалысы өзгерістерінен шыққан сипат дейді. Егер себепсіз бар болған «атом» немесе «нұр» десек, олар қозғалыста. Ал қозғалыстың өлшеулері бар. Осы ойды саралап Шәкәрім: «Өлшеулі нәрсе өзі бар болған емес» дейді. Ол қозғалыстың абсолюттігін айтып отыр. Қозғалыстың себебі – себепсіз себепте, яғни түп Жаратушыда. Ал ол түп себеп өлшене ме? Өлшеулі нәрсе өзі бар болған емес. Олай болса, өлшеусіз нәрсенің бар болғанын қалай білмекпіз. Өлшеусіз нәрсені ғылымда абсолют дейді. Түп себептің өлшеуі жоқ. Ол Жаратушы білімі. Жаратушының өзі де абсолют, Жаратушының білімі де абсолют. Жаратушы абсолют - онтология. Жаратушы білімі де абсолют - гносеология. Жаратушы білімнің себебі өзінде, ол еш нәрсемен өлшенбейді, құпия, сыр. Шәкәрім абсолютті - субстанция десе, оның акциденциялары: өлшеусіз құдірет, өлшеусіз білім, өлшеусіз шеберлік дейді. Өлшеусіз Құдірет ғылым тілінде – онтология, өлшеусіз білім ғылым тілінде гносеология, өлшеусіз шеберлік ғылым тілінде гармония дейді.

Жан жоқ деушілер: дененің арасы - сезімнің орта тұрағы, центрі мида, ол тоқтаса, бәрі де тоқтайды. Сол мидағы орта тұрақпен барша денелер арасындағы сезетін, қимылдататын тамыр - сіңірлерге тұтастыратын бір жалғастырушы зат бар. Сондықтан жан деген бөлек нәрсе жоқ. Егер жан болса, ми жан болар еді. Оның жан емес екендігін көріп-біліп тұрмыз. Жан туралы әйгілі ғалымдардың, философтарының ой пікірлеріне келетін болсақ, Герман Шеффлер деген философ: жан атом қуатынан құралған бір қуат, Уиршо: тіршілік механика дене машиналарының 10 түрінің бірі, Доиуареман: әр тамырда электрия бар; ой денедегі атомдардың қозғалысының әсері, Стуармель: адамның тіршілігі бізге сондай қиын бір сырлармен байқалады. Дүние тіршілігі жаратылыстың өзге көп қиын сырларына қарағанда түпсіз, өлшеусіз, кішкентай арал, Дольн: жан - атом, дене емес, жаннан шыққан әсерлерде дене қасиеті, жөні, ой, оймен суреттеу, ойға түсіру сияқты жан қасиеттерінің түбі де жоқ және жан қасиеттері заман, уақыт санатына

кірмейді. Бұл - ақылдың өзінен шығатын қасиеттерді дене жаратылысының еш сипатымен сипаттауға, өлшеп ұйқастыруға келмейді дейді.

Шәкәрім жанды былайша түсіндірген. Әуелі бар болған жан ешқайда жоғалып кетпек емес, ол барлықтың ішінде жүре бермек. Жан әр түрге түсуі мүмкін, бірақ жоғалмайды. Шәкәрім жанның мәңгілігі деген мәселені өлімге қатысты түсіндіріп көрген. «Мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таңғаламын. Оларға мұндай сөзді қандай ой айтқызып отыр екен? Осы кезде жанның барлығына, өлген соң да жоғалмайтынына күндей жарық дәлелдер табылып тұрса да, нанып қалған, әдет алған шатақ діннен шыға алмаған молдаларша қатып қалу – ақыл ісі ме? Бір адам жанының өлген соң да жоғалмай, мұнан таза, жоғары болатынын ақылымен қабылдап сенсе және бір адам жан өлген соң біржолата жоғалады деп таныса, осы екеуі өлерде есі дұрыс болып, өлерін біліп өлсе, екеуі не жаймен өледі? Әрине жанның өлген соң тазарып, жоғарылайтынына сенген кісі қуанышта болып, жоғалуына сенсе кісі өкініште болып, біржола жоғалдым-ау деп өлсе керек». Шәкәрім: «толық, терең ақыл адамнан шығады. Бірақ сол адам да табиғаттан шебер емес».

Шәкәрім Абайдан тәлім алып, оның сара жолын ең кемел түрде ұстанған шәкірті. Ғалымның тірі мен өліні, жаратылысты, болмысты зерттеу кезіндегі тұжырымы мынадай болған: «Мына әлем қайдан жаратылды, өздігінен пайда болды ма әлде жаратқан біреу бар ма, осы екі сауалдың қайсысы анық екенін білу - сау адамның міндеті», - деген Шәкәрім Батыстың материалистік бағыттағы Ч.Дарвин, Узен Тос, Морсла Шатр және т.б. философтарына қарсы пікір білдіріп, жан туралы айтқан ұстанымдарын сынға алады.

Шәкәрім ар, ұждан, адамгершілік мәселесін алғаш рет «Үш анығында» қозғамады, ол осы мәселені әр туындысында мыңдаған бөлшектреге бөліп, аз-аздан беріп, бойымызға, ойымызға, өмірімізге сіңімді болғанын қалағаны бар. «Үш анық» философиялық трактатында сөз болатын тұжырымдарға мысал бола алатын Шәкәрімнің әңгімесі - «Ұждан».

Ғалымның еңбегіндегі басты мәселе төмендегі жолдарда жазылмақ: «Адамдағы: ынсап, әділет, мейірім үшеуі қосылып ұждан деген ұғым шығады. Мұны орысша «совесть» деп айтамыз. Бұған сене алмаған адамның жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң тазарта алмайды. Ұжданы сол жанның азығы екеніне ақылымен сынап істесе, оның жүрегін ешнәрсе қарайта алмайды», - деген Шәкәрімнің терең толғанысы адам баласын рухани жаңғыруға ден қоюға шақыру іспетті. Адамгершілік тәрбиесі қолға алынбаса, қоғам өзінің өмір сүруін тоқтатуы мүмкін деген үлкен дерттен айықтыратын еңбекті Шәкәрім баршамызға ұсынды.

Шәкәрім пайымдауынша, жанның екі өмірдегі азығы ұждан. Ұждан сөзінің құрылымы оның айтуынша қанағат, әділет, мейірім. Негізінде басты ұғым - әділет, қалған екеуі оны айқындаушылар. Шәкәрім «Мен сол ұждан сөзі қайдан шығып тұр десем, оған жауап жоқ сияқты» дейді. Жауап бар. Жанды қиянатқа жұмсайтын нәпсі. Жан қиянатқа ұшыраса, оның арашасы – Ар. Ар-ұждан екі дүниеде қатысты сөз. Нәпсі жанды қинағанда, күнәлі болғанда «ар соты» деген болады. Мұны жалғанның ісі десек, бақида қалай болмақ, Шәкәрім пайымында ар соты о дүниеде болмақ. Пенде Жаратушысына жауап бермек, пенде қойылатын сауалдарға даяр болмақ. Ұждан жанның тілегі екеніне сенген кісі қиянат қылғанына қатты өкініп, жақсылық жасағанына қатты қуанса керек. Олай нана алмағанға жақсылық пен қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек. Мұндай кісіге ізін білдірмеудің аясыз тапса болғаны. Себебі өлгеннен кейінгі жан өміріне сене алмай, осылай ұждан жанның екі өміріне бірдей керек таяныш екеніне сене алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлгеннен кейінгі өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбден сенсе, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Олай болса, бұл жалғанда пенденің жүретін бір ғана жолы бар, ол мұсылмандық жолы дейді Шәкәрім. Данышпанның өзін тыңдалық: «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты».

Ынсап - сүрген өміріңе, қылған кәсібіңе, тыныштықта тербелген туған еліңе деген ризашылығың. «Қанағат – қарын тойғызады» деп бабаларымыз бекер айтпаса керек. Араны ашылған жанның көзі тек қана топырақпен тоятынын хәкім Абай «Ескендір» поэмасында тайға таңба басқандай анық көрсетіп кетті. Ендеше, барлық тойымсыздыққа тосқауыл болатын - Шәкәрім айтып отырған ынсап қана.

Әділет - адамзаттың ең басты қажетсінетін қасиеттерінің бірі. Әділетсіз құрылған қоғам да, мемлекет те, тіпті тігілген шаңырақ та көп кешікпей құлдырайды. «Әділет, шафхат, кімде бар, сол жарасар туғанға» (Абай). Әділетті адам сенің туысыңмен тең, әділетсіз адам жақын туысың болса да, жатпен тең болады. Бір сөзбен айтқанда, әділетсіз өмір – өмір емес, тірі тамұқ.

Мейірім - адам бойындағы ұлы құндылық. Ол қараңғылықты, кекшілдікті, надандықты, қиянатты жойып, адам қалпына келтіретін, көкірегінді кірден тазартатын таудың зәмзәм бұлағы секілді. Қай заманда да мейіріммен нұрланған қоғамның бақыты баянды, адамдары қайырымды болып келетініне көзіміз жетіп отыр. Ендеше, мейірімді болудың бұл өмірдегі пайдасы ұшан-теңіз.

Қорыта келе, Шәкәрімнің шығармашылық рухани жағынан қалыптасу жолы дала қазағының арнайы оқу орнында оқып, даярланбаған қалпын көрсетеді. Алайда өздігімен араб, парсы, шағатай, орыс тілін үйреніп, сол тілдерде жазылған рухани қазына көздерін тереңдей меңгеріп, шыншылдықпен ой қорытқан дала ойшылын көреміз.

Шәкәрімнің даналық, ойшылдық, философиялық танымының кеңдігіне ауқымды әрі жан-жақты кітапханасының әсері мол болғанын жасыра алмаймыз. Тіпті, Шәкәрім оқыған авторларын өзінің шығармаларында сөз еткені бар. Еңбектерінде көрсетілген авторлардан жазушының әлемдік философияны меңгергенін танытады. «Үш анықта» таратылатын негізгі ой Абайдың мораль философиясымен терең байланыста екенін байқаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбдеұлы Қ. Абай-Шәкәрім. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. - 210 б.
2. Құдайбердіұлы Ш. Үш анық // Жауапты редактор Сейдімбетов А. - Алматы: Қазақстан: «Ғақлия ғыл.-әдеби орталығы», 2017.- 80 б.
3. Омаров Д. «Шәкәрімнің үш анығы». Дүниетаным. - Алматы: 2008. - 224б.
4. Шәкәрімнің әдеби мұрасын зерттеудің мәселелері: ғылыми мақалалары жинағы/ жалпы ред. басқ. Ө.Әбдиманұлы; құраст. Қ.Мәдібаева, Е.Солтанаева. - Алматы: Қазақ университеті, 2016 - 156 б.

ӘОЖ 1(09):51.(045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЕҢБЕКТЕРІ

Ж. Бердиклышова, О.Д. Табылдиева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырған «екінші ұстазы», энциклопедист, ғалым, ойшыл, философ, математик, астролог, музыка теоретигі Әбу Насыр әл-Фарабидің математикалық еңбектері қарастырылған. "Ғылымдар классификациясы" атты кең көлемді еңбегінде ортағасырлық ойшыл ғылымдар мен білімдердің жіктеп, әрқайсы-сына жеке сипаттама береді, олармен байланысты салалар мен білім бөлімдерін талдайды.

Түйін сөздер: энциклопедист, философ, «екінші ұстаз», логикалық трактат

X-XI ғасырларда есімдері әлемге әйгілі болған екі адамды айтуға болады, олар - Әл-Фараби мен Ибн Сина. Заманында теңдесі болмаған бұл ғұламалар Аристотель еңбектерін терең білген әрі оларды жан-жақты түсіндіруде аса үздік еңбек етушілер. Әл-Фарабидің грек философиясын, әсіресе, Аристотельді жетік білгені үшін оны «екінші ұстаз» деп атаған. «Екінші ұстаз» деу-философия тарихында Әл-Фарабиді Аристотельден кейінгі қою деген сөз.

Бұдан 25-30 жыл бұрын шығыс ғылымы мен мәдениет тарихын зерттеушілер «Фараби математик болған ба?» деген сауалға екі ұшты жауап беріліп келген еді. Кейбіреулері – Фараби математик болған, бірақ оның бұл саладағы шығармалары орта қолды дүниелер және олардың көпшілігі бізге жетпей жоғалып кеткен десе, енді біреулері ол таза математика мәселелерімен айналыспаған, тек математиканың философиялық негіздерін жасаумен ғана шұғылданған деп жауап беріп келді.

Қазір зерттеулер бұл екі пікірдің екеуінің де ағат екендігін көрсетіп отыр. Шындығына келгенде, Фараби өз заманындағы аса көрнекті математиктердің бірі болған, одан бізге бірнеше құнды математикалық шығармалар жетті, бірақ күні бүгінге дейінгі олардың көпшілігі басқа ғылыми трактаттары ішінде елеусіз қалып немесе басқа біреудің атына телініп келген.

Ұлы ғұламаның ғылыми мұраларын зерттеудегі бұл олқылықтың орны қазір толды деп толық айта аламыз, өйткені Қазақстан фарабитанушыларының зерттеулері нәтижесінде тарихта тұңғыш рет Қазақ ССР Ғылым Академиясының баспасы 1972 жылы Фарабидің «Математикалық трактаттарын» басып шығарды. Бұған қоса ғұламаның бүкіл математикалық еңбектерін талдауға, зерттеуге арналған «Фарабидің математикалық мұрасы» деген еңбек жариялады.

Фарабидің «Математикалық трактаттары» деп аталатын жинаққа оның математикалық мазмұнды мына төмендегі бес еңбегі енген:

«Ғылымдар энциклопедиясының» немесе «Ғылымдар тізбегінің» математи-калық тауарлары.

«Алмәгеске қосымша кітабының» тригонометриялық тараулары.

«Табиғат сырын геометриялық фигуралар арқылы танытарлық рухани айла-әрекеттер» немесе геометриялық трактат.

«Евклидтің бірінші және бесінші кітаптарының кіріспелеріндегі қиын жерлерге түсініктемелер».

«Жұлдыз бойынша болжаулардың қайсысы дұрыс, қайсысы теріс» [1].

Бұлардан басқа математикаға тікелей немесе жанама қатысы бар көп деректер ғұламаның «Музыканың ұлы кітабы», «Алмәгеске түсініктеме» атты үлкен еңбектерінде мол орын алған. Әл Фараби алгебра ғылымының тұңғыш анықтамасын берді және алгебралық зерттеулердің табиғаты міндетті түрде нақты сандар ұғымын енгізуді қажет ететіндігін тұжырымдады.

Фарабидің «Музыканың ұлы кітабындағы» математикалық мағлұматтарға қысқаша шолу жасасақ, біріншіден, бұл еңбекте Әл-Фарабидің арифметика пәніне жататын, бірақ музыка теориясында әртүрлі қолданыс табатын сандар қатынастарына, яки бөлшектерге амалдар қолдану ережелерін түсіндіреді. Ондай амалдар қатынастарды қосу, бөлу және азайту. Фараби бұл туралы былай жазады: «Егер біз мына төмендегі үш есептің қалай шешілетінін түсіндірсек, онда біз музыканың арифметикадан алған нәрселерін түгел көрсеттік деп айта аламыз:

1. Сандар бір-бірімен берілген қатынаста болсын. Қатынастары осы қатынастарды қамтитындай екі сан табу керек;
2. Екі сан өзара берілген қатынаста болсын. Біз осы екі сан қатынасы қамтитындай қатынастардағы орта сандарды табуымыз керек;
3. Берілген қатынастағы екі сан қатынастар қосындысы бастапқы қатынастан шығатындай, екі орта санды қамтысын. Бұл қалдық қатынасты беретін, яғни бұл

қосындыға қарағанда бастапқы қатынастың артықшылығы болып табылатын санды табуымыз керек [1, 110 б].

«Музыканың ұлы кітабында» музыка ғылымының әр түрлі мәселелерін қарастыра келе мынадай пікір айтады: «Бұл табиғи нәрсе, өйткені музыка теориясының ең ақырғы көздеген мақсаты, сайып келгенде, әр түрлі тондарды, интервалдарды, топтарды т.б. комбинациялау арқылы мелодиялар, күйлер мен әуендер композициялау, шығару болып табылады».

«Музыканың ұлы кітабында» математикадағы функция, функциялық тәуелділіктер ұғымына келетін мәселелер мен пайымдаулар көп кездеседі. Фарабидің музыкалық аспаптар шығаратын дыбыстардың биіктіктері қандай физикалық басқа шамаларға байланысты тәуелді болатынын анықтау әрекеттері-осындай есептердің басты бір бөлігі болды. Фарабидің қорытындысы бойынша, тондар дыбысты туғызатын шектердің ұзындық-тарына кері пропорционал болады. Бұл біз мектептен білетін өзара кері пропорционалдық функционалдық тәуелділік.

Фарабидің логикалық трактаттарында қазіргі замандағы математикалық логиканың да нышаны болғанын көрсететін мағлұматтар баршылық. Ол логиканы философиядан бөліп, оны математика, грамматика т.б. сияқты нақты дәл ғылым деп санап, оның пәнін, зерттеу әдістерін анықтайды. Фарабиде математикалық астрономия мен географияның әр түрлі есептерін математикалық жолмен шешу қажетінен туған үлкен де жүйелі тригонометрия бар. Ол мағлұматтар ғұламаның «Алмагестке түсініктеме», «Алмагестке қосымша кітабы» атты еңбектерінде баяндалған.

Ежелгі грек математиктері дөңгелек шеңберінде 360° , диаметрінде 120 бөлік бар дегенді басшылыққа алып, бұрыштың хордасын табуды көздеген. Индия математиктері хорданы-синус және косинус сызықтарымен айырбастады. Әл-Фарабиге дейінгі араб математиктері қосымша тангенс және котангенс сызықтарын қосқан. Фараби бұл мағлұматтарды бір жүйеге келтіріп, қарастыра бастайды. Ең әуелі синуспен хордың арақатынасын анықтап алады, бұл екі еселенген доғаның жарым хордасы. Бұл жаңалық дөңгелекке іштей сызылған тікбұрышты үшбұрыштың қабырғалары мен бұрыштарына байланысты тригонометриялық функцияларды астрономияға кеңінен енгізуге жол ашты. «Мәселелер мәні» деген еңбегінде: «Тұрақты, қозғалмайтын ортаны айналып жүретін әлем мен сфералар тізбегінің бастауы болып табылатын субстанциядан өсімдік, хайуан және ақылды жандаржы қабылдап алуға бейімді әр пропорциядағы әр түрлі элементтер қоспасы қажетті қалыптасады. Дәл осы сфералардың қозғалысынан және олардың біріне бірінің сүйкелісінен белгілі тәртіпте төрт элемент пайда болады. Ізгіліктің үйлесіммен түзілу реті әрбір ақылдың өзіне тән.

Аспан денелері жалпы және жалқы туралы білімге ие. Олар қабылдау арқылы бір қалыптан екінші қалыпқа көшуінің бергілі ретін мүмкін санайды. Осы қабылдау арқылы оларда қозғалыстың тікелей себебі болып табылатын дене қабылдауы пайда болады. Аспан қозғалысы дегеніміз-қозғалушы өзінің қалпын өзгертіп отыратын айналмалы қозғалыс, ал ауыспалы қозғалыс дегеніміз-қозғалушы дене өзінің орнын ауыстырып отыратын қозғалыс. Қозғалыс пен тыныштықтың басталуы, ол сыртқы қысым немесе өмір, табиғат деп аталады»[2].

Астрономия Әл-Фарабидің айтуы бойынша «жұлдыздар туралы математика ғылымы», аспан денелерін, планеталардың орналасуын, олардың бір-бірімен жерге жақындығын, өлшемдерін, қозғалысын зерттейді дейді. «Әл-Фарабидің көптеген формулалары Ұлықбектің астрономиялық мектептерінің атақты кестелерінің негізі, математикалық аппараты қызметін атқарғаны туралы болжам айтуға болады» дейді Қазақстандық Ә-Фараби шығармашылығын зерттеуші А.К.Кубесов [3].

Қорытындылай келе Әл-Фараби: «Білімді болу деген сөздің мағынасы – белгісіз нәрсені ашуға қабілетті болу» дейді. Біздер үшін ғұлама ойшылдың белгісіз, ашуды қажет ететін жаңалықтары мен еңбектері әліде көп деп ойлаймын.

1. Көбесов А. Әбу Насыр Әл-Фараби. А., 2004. 108-122 бб.
2. Есім Ғ. Фалсафа тарихы. А., 2000. 49-50 бб.
3. Қазақ халқының философиялық мұралары. 3 т. А., 2005. 28 б.

ӘОЖ 301.162

МЕДИАЦИЯ - ЭФФЕКТИВНЫЙ ИНСТРУМЕНТ РАЗРЕШЕНИЯ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

Н.Н. Бернякович, Б.С. Ахметова

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Актау, Казахстан

Аннотация. В данной статье рассматриваются актуальные проблемы трудового права Республики Казахстан, в целях выработки рекомендаций по разрешению трудовых споров. Одной из форм разрешения конфликтов занимается медиация. Медиация играет важную роль в урегулировании гражданско-правовых споров как в Казахстане, так и в любой другой стране мира.

Ключевые слова: трудовой спор, согласительная комиссия, медиация, труд

Труд занимает важное место в жизни человека и является одной из высших человеческих ценностей. При заключении трудовых договоров (контрактов), в течение их действия, а также при прекращении трудовых правоотношений, очень часто возникают разногласия между работником и работодателем (администрацией). Эти разногласия, а в последствии и трудовые споры связаны с недовольством работников действиями администрации, нарушением, по их мнению, трудовых прав, и связанных с трудом интересов.

Однако, как показала практика, работники все также продолжают страдать от произвола администрации организаций, чем они часто пользуются. Нынешнее трудовое законодательство не обеспечивает полной защиты работников от самоуправства руководства. И в таком случае становится очевидным, что такая ситуация становится благодатной почвой для возникновения трудовых споров различного рода.

В соответствии с пунктами 1 и 2 статьи 159 Трудового кодекса индивидуальные трудовые споры рассматриваются согласительными комиссиями, а по неурегулированным вопросам либо неисполнению решения согласительной комиссии - судами, за исключением субъектов малого предпринимательства и руководителей исполнительного органа юридического лица.

Согласительные комиссии являются постоянно действующими органами, создаваемыми в организациях, ее филиалах и представительствах на паритетных началах из равного числа представителей от работодателя и работников. Решение согласительной комиссии подлежит исполнению установленный ею срок, за исключением спора о восстановлении на работе. В случае неисполнения решения согласительной комиссии в установленный срок либо по неурегулированным вопросам сторона трудового спора вправе обратиться с заявлением в суд.

Для возникновения трудовых споров, как правило, предшествуют трудовые правонарушения. Основаниями возникновения трудового спора выступают юридические разногласия между работодателями и работниками в различных сферах деятельности: трудоустройство и увольнение; условия и охрана труда; повышение квалификации сотрудников; правоотношения коллектива с руководством; социальные гарантии.

Конфликт имеет место тогда, когда разногласия сторон приобретают характер неурегулированных, препятствуя нормальной реализации правоотношений. Обращение же в компетентный орган выступает способом его разрешения.

Конвенция Международной организации труда призывает к тому, чтобы эти конфликты избегать, но в случае, если они произойдут, - к справедливому урегулированию их путем примирения. В этой связи в теории трудового права понятие трудовых споров принято отличать от предшествующих трудовым разногласиям сторон, а также от трудового правонарушения, и использовать эффективные способы ее регламентации, позволяющие в полной мере сбалансировать противоречивые интересы основных субъектов трудового права – работника и работодателя, а, кроме того, обеспечить реализацию неотъемлемых прав личности.

Такой досудебный порядок по ряду трудовых споров, как о взыскании заработной платы и других, способствует более быстрому разрешению трудовых конфликтов. При этом, не нарушая конституционное положение о праве каждого на судебную защиту, так как последующее обращение сторон в суд с иском за разрешением спора или по поводу обжалования, или не исполнения решения согласительной комиссии, предусмотрено Трудовым кодексом.

Особое место среди внедрения форм разрешения конфликтов в гражданском судопроизводстве занимает медиация - проведение переговоров с участием посредника. Методы медиации опираются, главным образом, на введение переговоров в русло сотрудничества и ориентацию их на взаимовыгодный результат. Разногласие субъектов трудового права может перерасти в трудовой спор, лишь тогда, когда оно не урегулировано сторонами самостоятельно, и поэтому вынесено на рассмотрение юрисдикционного органа.

Медиация (в переводе с английского означает посредничество) - это процесс разрешения конфликта, в котором нейтральная третья сторона, называемая медиатором, или посредником, способствует выработке добровольного взаимовыгодного соглашения между конфликтующими сторонами. [2,89]

Если при арбитраже или суде третья сторона (арбитр, судья), которая не участвует в конфликте и является нейтральной, собрав и заслушав информацию, представленную сторонами, принимает сама решение, обязательное для выполнения сторонами, то при медиации также нейтральное третье лицо (медиатор) помогает сторонам самим найти решение в ходе обсуждения проблемы.

Медиатор облегчает процесс общения между конфликтующими сторонами, способствует пониманию позиций и мнений, акцентирует стороны на их интересах и ищет продуктивное решение проблемы, предоставляя возможность сторонам совместно прийти к общему соглашению.

В процессе медиации именно стороны несут ответственность за принятие решения, для чего им необходимо четко представлять суть дела, предлагать возможные варианты решения и, в конце концов, принимать это решение. Таким образом, обязанность и ответственность за принятие решения лежит полностью на сторонах. Роль же медиатора в этом процессе во многом похожа на роль штурмана: зная определенные приемы и техники, он ведет стороны по процессу выработки решения и в конце подводит к совместно принимаемому ими соглашению. [3]

Первоочередной задачей медиатора является выработка у сторон конструктивного подхода к переговорам. Как правило, люди, попадающие в конфликтную ситуацию, обвиняют в возникшей проблеме противоположную сторону, поэтому часто видят основную проблему именно в своем оппоненте. Задача медиатора состоит в том, чтобы настроить стороны на совместный поиск решения проблемы, которую необходимо рассматривать отдельно от людей, выражающих разные точки зрения на нее. Именно медиатор настраивает стороны и помогает им работать над справедливым и

удовлетворяющим всех соглашением, вместо того, чтобы заниматься поисками виновных и доказательством своей правоты.

ЛИТЕРАТУРА

1. Трудовой кодекс РК: // Информационная система «Параграф», 2022. <http://online.zakon.kz>.
2. Бондаренко К.А. Договорное регулирование как особенность метода трудового права: дис. канд. юрид. наук. – М., 2009. – 168 с.
3. Гражданский процессуальный кодекс РК // Информационная система «Параграф», 2022. <http://online.zakon.kz>.
4. Положение о реализации пилотного проекта по внедрению досудебного урегулирования споров (конфликтов) по отдельным категориям споров в порядке медиации. - распоряжение Председателя ВС РК от 26 января 2017 года.
5. Закон РК «О медиации» 2023// Информационная система «Параграф», 2023. <http://online.zakon.kz>.

ӘОЖ 1Ф(045)

АСҚАР АЛТАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕТКІЗІЛУ СИПАТЫ

Г. Дарибаева, А.Б. Төлепбергенова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Асқар Алтай шығармашылығы және ондағы модернизм мен постмодернизм көріністері. Сонымен қатар мақалада автордың кейіпкер мен қоғам арасындағы байланысын, кейіпкердің тағдыры арқылы қоғам шындығын ашып көрсеткендігі баяндалады.

Түйін сөздер: модернизм, постмодернизм, жанр, психология

Әдебиет – өмір. Қайнап жатқан тыныс-тіршілік. Күйбелеңге салынған қоғам. Оны баяндаушы – автор. Қоғамда орын алып жатқан кез келген мәселе әдебиет беттерінде де көрініс табары анық. Әдебиет адамға өмірді танытып қана қоймайды, солардың өмірге көзқарасын қалыптастырады, мінез-құлқына, тұрмыс-тіршілігіне ықпал етеді. Әдеби шығарма адамның бүкіл ой-қиялын, сыр-мінезін түгел баурайды: қуантады, сүйіндіреді, таңдантады, күйіндіреді, жылатады, күлдіреді... Қысқасы, адамның көңіл-күйінде сан сапа құбылыстар туғызып, із қалдырады. Бұл әдеби шығарманың, яғни көркем әдебиеттің эстетикалық әсері, оның таным, тәрбие тарапындағы мәні де осыған негізделген.

Әдебиеттің пәні-адамның өмірі, қоғамдық қарым-қатынастар мен алуан түрлі қоғам өміріндегі құбылыстар, өз мінез-бітімімен дараланып көрінетін жеке адамдардың тағдыры. Әдебиет қоғам өміріндегі сан қилы шиеленіс, тартыстарды, қақтығыс пен күресті бейнелейді. Сондай-ақ саяси, экономикалық, моральдық тағы басқа талай мәселелерді қорғайды. Алайда оларды дербес талдап кетпей, адамның тағдырын көрсету, кейіпкердің іс-әрекетін, мінез-құлқын ашу қажеттілігіне орай, белгілі мөлшерде баяндайды.

Жазушы кейіпкерлер өмір сүретін, әрекет ететін қоғамдық ортаны, жағдайды нақты бейнелейді, олардың іс-әрекетінің, мінез-құлқының белгілі тарихи жағдаймен байланысын айқындап береді. Әдебиет өмірді көркем образ арқылы бейнелейді, адамның дараланған характерін жасау, жеке оқиға, жағдайларды суреттеу арқылы қоғамдық өмірдегі аса

маңызды заңдылықтарды ашып береді. Қоғамдық өмірде әдебиет қозғамайтын мәселе, назар аудармайтын жағдайлар аз-ақ, жоқтың қасы. Алайда әдебиет алдымен адамның тұтас тұлғалы бейнесін көрсететін болғандықтан, қоғамдық өмірдегі қай мәселеге болсын эстетикалық қатынас тұрғысынан қарап, оны шығармадағы көрсетілетін нақтылы өмірлік жағдайларға орай бейнелейді. Көркем шығармада өмір құбылысы, оның әр түрлі ерекшеліктері тұтас көрсетілсе де, ненің маңызды, мәнді екені айқын ажыратылып, дәл танылады. Уақиғалардың, адам бейнесінің әдебиетте нақтылы сереттеледі, оқырманға өмірдің өзін көріп отырғандай әсер беріп, шығарманың ой-сана күшті ықпал етуіне мүмкіндік береді. Әдебиетте қоғам өмірі, тарихи даму проjesі үнемі алға қарай бастайтын тура тартылған жол сияқты болып жатпайды, қайшылығы мол қиын жағдайлар, қақтығыстар, адамдардың тағдыры арқылы көрінеді. Жекелеген жағдайлар, сан түрлі адамның өмір-тағдыры арқылы жазушы қоғамдық заңдылықтардың, әлеуметтік құбылыстардың сырын ашып береді. Қоғаммен қайнасы жатқан әдебиетті қоғамнан бөлек қарай алмайтынымыз анық. Дей тұрғанменде кей қоғамдағы ашып айтуға болмайтын дүниелердің авторлардың шығармаларында ашық түрде көрініс тауып жататынын да жасыра алмаймыз. Бүгінде елімізде, әдебиетімізде осындай тақырыптарда қалам тартып жүрген қарымды қаламгерлер жетерлік. Әдебиетіміздің тәуелсіздік кезеңнен бастап басқаша көрініс, бағыт ала бастағанын білеміз. Жаңа леп, жаңа авторлардың жарыққа шығуына аса көп әсерін тигізді. Ол бағыттың жақтаушылары да, даттаушылары да жоқ емес-тін. Соның нәтижесінде көптеген сындарлы сыни мақалалар да жарыққа шықты. Сыннан сынып, шықпай қалғандары да болды. Дегенмен сыннан шыңдалып шыққан қаламгерлер қаншама?!.. Осы кезеңде халық жүрегіне шығармалары арқылы жол таба білген қарымды Алтайдың асқақ қаламгер-жазушысы Асқар Алтай әдебиет сахнасынан өзіндік орынын ала бастады. Асқар Алтай қазіргі таңда шығармаларын модернизм, постмодернизм бағытына жатқызатын қоғамдағы қарымды қаламгерлердің бірі. Дидар Амантай, Роза Мұқанова, Нұрғали Ораз, Жүсіпбек Қорғасбек сынды жазушылармен замандас әрі қаламдас саналатын автордың шығармалары бүгінгі таңда әдебиет сахнасында өзекті мәселелерді көтерген терең шығармалардың қатарына жатады [1, 185].

Жоғарыда көрсеткен авторлар мен Асқар Алтайдың шығармаларын оқып, түсіну үшін постмодерн терминінен хабардар болуыңыз керек. Сонымен қатар ол бағыттағы шығармалардың басты миссиясы қандай екенін терең ұғына білуіңіз керек. Сонда ғана сіз ол шығармаларды жете түсіне аласыз.

Осы тұрғыда постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі орнына сәл тоқтала кетсек. Қазақ әдебиетінің кейінгі жас толқынының сюжет құру ерекшеліктерін дәстүрлі прозаға қарағанда өзгеше екені мәлім. Бұл ерекшелік авторлық ұстанымына, уақыт пен кеңістік рөлімен түсіндіріледі. Ұлттық әдебиеттегі ашыла жазуға, көсіле жазуға заманы мүмкіндік бермеген модерндік әңгіме үлгісі заманауи прозашыларымыз тарапынан қазіргі дәуірде пост модерндік әңгіме үлгісіне айналды.

Әдебиеттанушы ғалымдардың қазақ әдебиетіндегі постмодернизм құбылысы туралы пікірлерін келтіріп көрелік. Филология ғылымдарының докторы, академик С. Қасқабасов постмодернизм туралы өз ойын былайша білдіреді. «Постмодернизм – өндірісі қатты дамыған постиндустриялы елдерде кең таралған. Өйткені, олар бұрынғы классикалық әдебиеттен қол үзіп кеткен. Біз болсақ, классикалық реализмнен, классикалық әдебиеттен қол үзгеміз жоқ. Одан қол үзе алмайтын себебіміз, бізде әлі постиндустриялық қоғам құрылған жоқ. Сондықтан постиндустриялық қоғам болмай тұрып, постиндустриялық қоғамның өмірін суреттей алмаймыз. Алайда, постмодернистік тәсілді меңгеріп алған біздің кейбір қаламгерлердің ісі сыртқы көрініс қана» деген екен [2, 160]. Әдебиетімізде постмодернизм турасында көптеген сыни пікірлер баршылық. Біреуі бұл бағытты мүлдем жоққа санап, жазушылар тек соның кейіпіндегі дүниелерді жазады десе, енді бірі бұл бағыттың барын растап, автор шығармаларынан үзінді келтіру арқылы дәлелдеп жатады-мыс. Постмодернистке көркем шығарма формасына келгенде айқын бір стильді ұстанбай-ақ бірнеше стильді сапырылыстыру мен араластырып жіберу кешірімді.

Бұл жерде біз үнемі қайталап айтатын Бюфонның атақты «Стиль – дегеніміз адам » деген қағидасы шеткері қалып қоюы заңдылық [3, 35]. Қоршаған айналаны бейберекетсіздікке оп-оңай айналдыра салатын әдеби ойын, сананы сан сарсаңға салып қоятын ретсіздік көркем әдебиеттің сыртқы бітіміне, тіліне, құрылымына өзгеріс енгізіп қана қоймай, қазіргі таңдағы әдебиеттегі басты ерекшелік болып саналып отыр. Осы орайда мақаламызға арқау болып отырған қазіргі таңда өзіндік ізденісімен орта буын өкілдерінің алдыңғы қатарында есімі аталатын жазушы Асқар Алтайдың шығармаларындағы сюжеттік ерекшеліктеріне сипаттама бере кеткіміз келеді.

А. Мантаеваның пікірінше, Асқар Алтай соңғы жылдары ешкім түрен салмаған тақырыптарды батыл түрде ашып жазуға бірінші болып қалам сермеген жазушы екендігін алға тартса, белгілі журналист, жазушы Кәдірбек Сегізбайұлы: Асқар Алтайдың шығармашылық ерекшелігін ғана емес, жасы елуден асқан жас жазушының қоржыны жасы жетпістен тіпті сексеннен асқан жазушылардың қоржынымен салыстырғанда әлдеқайда толысқан және әдебиеттен өз орнын тапқан беделді, еңбекқор жазушы деп санайды. Асқар Алтай жайында жақсы пікірлердің қатарын Жүсіпбек Қорғасбек автордың жазу тәсілін, қолтаңбасын шығармаларды оқығанда жазбай танитындығын алға тарта отырып, оған басты себеп, автордың мифологиялық оқиғаларды қазіргі қоғаммен шебер шендестіруінде деп толықтырады екен[4, 130].

Қазіргі қазақ прозасының көркемдік көкжиегі кеңейіп, шағын жанр әңгіме мен повесть жанрының шығармашылық объектілері көбейді. Қоғамда болып жатқан ұлы өзгерістердің барлығы да қаламгерлер назарынан тысқары қалмады. Жаңа өмірдің жаңа тенденциялары өнерде, әсіресе әдебиетте айқын көрінісін тапты. Қазақ прозасының тақырыптық деңгейі кеңіп, кеңестік жүйе кезіндегі жазылмақ түгілі айтуға болмайтын «жабық » тақырыптарға қалам тарту мүмкіндігі туды. Алдымен, халқымыздың ұлттық танымын, рухын көтеретін, өткеніне көз салған тарихи романдармен қоса қазақы ұлттық мінезімізді, салт-дәстүрімізді әспеттеген әңгіме, повестер пайда болды[5, 6]. Десек те, қазақ әдебиетінде әлемдік тенденцияға айналып, философия мен өнердің бар саласын қамтыған постмодернизм жайлы іргелі де толыққанды зерттеулерді былай қойғанда, толықтай постмодерндік сипатта жазылған шығармалар некен-саяқ. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі өзіндік ізденісімен көрініп жүрген жазушы – Асқар Алтайдың туындыларының көпшілігі осы жаңа бағыттағы постмодернизмге жақын екендігін байқаймыз. Қоғамның ашық бейнесіне байланысты «Туажат», «Көзжендет», тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптары «Стақан», «Казино», «Көзімнің қарасы», тағы басқа шығармаларын алып қарсақ болады. Әдебиет адамның байқағыштық, сезімталдық, көркем ой-қиялдан ләззат ала білу секілді қабілеттерін күшейте түседі, эстетикалық сезімін байытады. Әдебиет адамды биік қоғамдық идеялар, зор арман-мұраттарға жетелейді. Адамгершілікке, еңбексүйгіштікке, табандылыққа баулиды, адалдық үшін күресуге жігерлендіреді. Оқырман әдеби шығармадан әлеуметтік мәселелерге жауап-шешім іздейді. Ендеше, көркем әдеби шығарма өзінің үлкен қоғамдық, тәрбиелік маңыздылығымен де эстетикалық сезімімізге әсер етіп, өмірдегі адамның бойындағы, мінезіндегі, әдемілікті, әсемдікті қалай түсіну керектігін үйретеді.

Ендеше жазушы Асқар Алтайдың қай шығармасын алсақ та ол қоғаммен тығыз байланысты екенін көре аламыз. Мысалы, автордың «Стақан», «Казино», «Көзімнің қарасы» сынды тұрмыстық-әлеуметтік тақырыпта жазылған шығармалары нағыз қазіргі қоғамның бейнесін ашып көрсеткендей дерсіз! Ондағы шығарма сюжеті, кейіпкерлердің өмірлік құндылықтарды түсіну ерекшеліктері, сонымен қатар қоғамдағы кей адамдардың бет-бейнесін ашып көрсетуі автордың сол шығарманы жазудағы миссиясын орындағандығының дәлелі деп білемін. Қоғамда ащы судың соңынан еріп, отбасы, жұмыс, бала дегеннен безінген қаншама адамдар бар. Осы адамдардың басынан нендей кезеңдердің өткенін, бастапқыда қарапайым дұрыс жолдағы адам болғандығын, кейіннен өмірінде орын алған сәл ғана сәтсіздікке сүрініп, қайта тұрудан бастартқан адамдардың тіршілігін автор өз кейіпкерінің тағдырына арқау еткені көрініп тұр.

Асқар Алтайдың әңгімелерінің көптеген сюжеттері белгілі бір фабулалық кестелеу арқылы XX ғасырдың соңғы және XXI ғасырдың алғашқы он жылдықтарындағы қазақ қоғамында орын алған қоғамдық процестерді айшықтайды. Тақырыпнамалар біріншіден, адам мен қоғам, адам мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарды көтерумен; екіншіден, қаһармандардың отбасылық және махаббаттық жағдаяттықтарымен байланысты осы бір «мәңгілік» тақырыпты әлеуметтік және жеке бастық мәселелік (проблематика) аясында белгілі бір кезеңге тән стильдік және жанрлық модалдылық реңкімен берумен; үшіншіден, ұлт қаламгері санасындағы кейіпкер келбетінің түр өзгешелігіне ұшырап экзистенциалды сипатта сомдалуы бұрынғы қалыптасқан канондарға сыймауымен байланысты болып келеді[6, 275].

Әр шығармада сол шығармаға арқау болып тұратын ой өзегінің әр жазушыда туу процесі әрқалай болғандықтан, оны оқырманға бағамдау қиын болары анық. Алайда, сол шығарманы оқып отыру арқылы автордың ой түрткі ретінде алып отырғаны оқырманға зер салып оқыса көрінуі мүмкін. Суреткердің сана-сезімі, ойлау дәрежесі ешкімге ұқсамайтын жеке дара қасиетке ие. Дәл сол секілді, әр суреткердің қиялы әр түрлі. Бір тақырыпты арқау етіп жазған бірнеше жазушы бір тақырыпты әр түрлі қабылдап, түсініп, оны өзінің қиялына сәйкес әр түрлі дәрежеде, әр жазушы өз деңгейіне сәйкестендіре жазып шығуы әбден мүмкін. Сондықтан да, тақырып пен идеяның бірізділігі, көркемдік қиялдың ұшар биігі әр жазушыда әртүрлі деңгейде көрініс табады.

Асқар Алтайдың туындыларының идеясы өте керемет. Мәселен, автордың «Көзімнің қарасы» әңгімесі бүгінгі күннің ауыр шындығы. Рамазан есімді қазақ жігіті өзінің туған қызының өзге ұлтқа тұрмысқа шыққандығына қарсы болғандығы соншалық, өз қызының тойында қызын атып салады. Міне, әкенің қаталдығы! Қаталдықтың артында қаны сорғалап тұрған жүректегі – Қазақ деп айқайлап тұрған рух жатыр. Дін мен ділдің бұзылмауын қалаған әке жүрегінің айқайы жатыр. Автор мұнда тек әкенің қаталдығы мен қарсылығын ғана емес, қазақ қызына, ұлтқа тән емес дүниені халық алдында ашық көрсетуі. Осы шығарма арқылы автордың жан айқайын, қоғамдағы іс-әрекеттерге ашынғандығын көре аламыз. Қазақ жігіттері басқа ұлттан қыз алған болса да, қазақ қыздары өзге ұлттың шаңырағының отын ешқашан түтетпеген. Тек қазақ жігіттерімен отау құрып, сөз байласқан болса, қазіргі қазақ қыздары өзбек болсын, ұйғыр, түрік, ағылшын, қытай, неміс, тағы басқа да ұлт өкілдеріне ойланбастан тұрмысқа шығуда. Бұл қоғамның бұзылған ма, әлде адамның бұзылғаны ма? Ұлтым деп соққан екі жүректің, бір ұлтты екі жанның қосылуын дұрыс деп санаған қоғам көзқарасын автор осы бір шағын әңгімесі арқылы көрсеткісі келген. Автордың шығармасының басты идеясы – осы.

Мысалы жазушының «Казино» атты шығармасын алайық. Жазушының бұл шығарманы жазуына бірнеше оқиғалар мен себептері болған. Жазушының жақын Қайырболат Бейсекенов есімді бизнесмен досының туған інісінің тағдыры жазушыны осы тақырыпта қалам тербеуге итермелейді. Бұл шығармада жазушының айтуынша прототип жоқ. Жиынтық образдар. Алайда, Нұрлан есімді жігіттің тағдырынан, онымен бір-екілі әңгіме құрғанда хабардар болуы, талайды өзінің арбауына түсіріп, қамауында алып кеткен Казиноның шырмауында жүріп, ақыры сол былықтан шыға алмай өмірден өткен жас жігіттің өмірлік оқиғасы жазушының қалам тербеуіне әкеледі. Мұның дәлелі: «Мен онымен толық әңгімелесіп үлгермедім – ол құмарлық ойынының шыңына шыққан азамат еді, соның кесірінен о дүниеге кетті. Сол жігіттің тағдырының әсерінен осы туындым жарыққа шықты. Бірақ, басты кейіпкерде Нұрланның прототипі емес, жинақталған образдар» -деген жазушының өзіндік пікірін көреміз. Сонымен қатар, бұл әңгіме байлардың тұрғысынан жазылғандығын көре аламыз. Шығармада автордың казино туралы ойы, жалпы қоғамға айтары мен авторлық көзқарасы толық көрінеді. Құмарлықтың жолы – жын мен шайтанға, нәпсіге апаратын дүние. Автордың осы шығармаға ажалды, азғыратын шайтанды кіріктіргендігінің өзінде де бір себептің барын көре аламыз. Оның өмірлік негізі бар екендігін байқай аламыз. Сондықтан, жалпы қоғам, нәпсінің тыйылмауынан барар жолды көрсетіп, ой қозғауы автордың шығармадағы басты

мотиви болса керек. Әр шығарманың басталуы белгілі бір оқиғадан, іс-әрекеттерден және сол әрекеттердің автор санасына белгілі бір дәрежеде ой салуынан бастау алады десек қателеспейміз. Әр туындының артында міндетті түрде оқиға болса, кейіпкерлерінде прототип болары анық. Тіпті болмаған жағдайда жиынтық образдардың барлығы автор санасында кейіпкерді жасауда еш кедергі келтірмейтіні де белгілі.

«Кұдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат... ештеңе жат емес екен. Ал мұндай дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ»[6, 286]. Асқар Алтайдың «Казино» әңгімесі дәл осылай басталады. Әңгіменің басталуына зер салайық. Иә, үш бірдей кейіпкер, үш түрлі тағдыр. Басты мотив – жолығысу. Кез-келген оқиға белгілі бір уақытта, белгілі бір кеңістікте орын алады. Сондықтан әлем келбетін көркем кестелеудегі туындының уақыттық-кеңістік моделін М.М. Бахтин енгізген хронотоп ұғымымен атау қалыптасып отыр. Әрі әлемдік, әрі қазақ әдебиетінде типологиялық қалыптасқан тұрақты хронотоптарды ұшырата аламыз. Дәл осы хронотоптар Асқар Алтайдың аталмыш шығармасында да орын алып отыр. Шығармада көбінесе кездесу, жолығысу, сырқаттану, өлім, апат, тағы басқа түлерінде ұшырасады.

Демек, бұл оқиға жазушыны ойландырды, тек ойландырып қана қоймай жазушы осы бір шағын оқиғаның өскелең ұрпаққа сабақ болуына да тамшыдай болса да үлесін қосты. Жазушылардың бар мақсаты – қоғамның айнасын шығарма арқылы қоғамға көрсету. Қоғамдағы жоғалып бара жатқан құндылықтардың барын халыққа көрсету. Көзін ашу!

Асқар Алтай шығармашылығындағы әңгімелеуші мотивті дәстүрлі алаш фольклорлық және әдеби элементтерінің түр өзгерушілігіне ұшырап хикаяттануы деп санаймыз. Қазақ қоғамында жасалынған қылмыс “Казино” әңгімесінің басты мотиві болып табылады. Өйткені, дейдейтүркі, орта түркі және қазақ халық прозасында мотив табиғаттың бабаларымызды бетпе-бет келтірген түйткілді мәселелеріне жауабын өздерінше баяндап шығатын бірімүшелі бейнелікпен эстетикалық кестелеуі болып табылады. Әрі біздің қаламгерлеріміздің туындыларында ұшырасатын батыстық және шығыстық мотивтер әдебиет түгіл фольклордың өзінде бірін-бірі айырып алғысыз баламатамдыққа (контаминацияға) ұшыраған, сондықтан, ұлттық прозаиктеріміз “сөз” сияқты одан ары бөлшектеуге келмейтін тұрақты мотивтерді өз әңгімелері мәтіндерінде кеңінен қолданып келеді.

Қоғамдағы кейбір жандарға әңгімеде айтылған жайттар таныс болып көрінуі мүмкін. Енді біреуіне мұның сырты ғана таныс болып, ішіндегі пасық әрекеттерден бейхабар болуы мүмкін. Не де болса автордың айтқысы келген негізгі ойы мен басты шығармаға арқау еткен идеясы сол бір әрекетті, қоғамның келеңсіз тұсын халыққа ашық көрсету. Оқыған оқырманға ой салу. Біреуді алдау, алдағанның үстінен күн көру бұл жаңа заманның ғана көрінісі емес, ол бұрыннан болған дүние. Тек адамдар өз өмірімен арпалысып жатып, қоғамның ортасынан алшақта, көрсе де көрмегендей, білсе де білмеген өмір сүрген. Тағы бір қосарымыз осы тұрғыда ашып жазған авторлар мен көлемді тіпті, шағын түрдегі шығармалар да жоқтың қасы деп саналған. Сондықтан да қоғамға кінә арта берудің керегі де жоқ сияқты.

Осы шығарманың бас кейіпкері Жошы жасы қырықтан асса да әлі ақылы кірмеген жас жеткіншек сияқты. Баратын жері – казино. Ақша мен байлыққа, атаққа құныққан кейіпкердің әлемнен басқа көрер рахаты қалмағандай, ендігі өмірінің тең жартысын құмар ойын мен нақсүйер қыздарға арнауының өзі өмір шындығынан хабар беріп тұрғандай. Шындығында Жошының әйелі мен баласы да болған. Бірақ әйел затына деген жүрегінде ешбір жылулық жоқ. Баяғыда суып кеткен. Мүмкін бұған себеп, қаладағы әкесі анасы екеуін тастап сол бір жас әйелдің соңынан кеткендігі болар. Сол бір суық, балалық шақтың сезімі Жошы бойынан жасы орда бұзар жастан асса да әлі кете қоймаған іспетті. Сол себепті де бар құмарын «Хрустальді Храм» деп аталатын кілең құдайын ұмытқандардың баратын айдауындағы Есілай есімді сылқымға барып басады[6, 290]. Осы істеп жүрген іс-әрекетіне еш өкінбейтін бас кейіпкер Жошының бойынан қатыгездік қасиеттерді молынан көрсету автордың басты идеясы болса керек. Қаламгер қаламымен

сомдалған түрлі персонаждар бастарына түскен жағдайлардың барлығын сан алуан жолмен өзгерткісі келеді. Мысалы, әңгімедегі Жошы мен әкесінің арасындағы қарым-қатынас мәтінде көзге көрінер-көрінбестей болып берілген. Бірақ, оқырманның сана-сезіміндегі ойға сезілетін қарама-қайшы байланыстардан тұрады. Осыны өзгерте алмайтындығын білетін Жошы әкесінің моласының басына барып, өмірге деген шағымын айтады. Автордың жасаған психологиялық шегіністері оқиғаның өткен бейнесінен хабар беріп отырады.

Жалпы автор шығармасын зерттеуші ретінде автордан «Казино» әңгімесінің басты мотивін сұрамасқа болмайды. Осының негізінде автор бұл шығарманың басты мотиві деп: «Басты мотив – қоғам құдайылық сананы қалыптастыру керек. Әйтпесе қазақ қоғамы іріп барады деген ойды айту. Бұлыңғыр болашақ күтуде бізді...деген экзистенциализм де бар ғой. Оны бірақ зерттеушілер таратып айтуға тиіс» санайды.

«Адамның басы Алланың добы» дейміз. Алайда «Адамның басы адамның добы» болып кеткен мына қатыгез, алдаушы адам мен қоғамның қатар бәсекеде келуі қоғамда трагедияның орын алуына әкеліп соқтыратын негізгі фактор. Мұндай қоғамдағы адамдарың алды – тұман, арты – қараң екенін ұмытпайық. Ақиқатына келгенде, қай қоғам болсын, адам болсын өз жағдайын өзі қалыпқа келтірмесе басқа ешкімнен қайран жоқ. Қоғам тек жақсылықтан тұрады деп санасақ, қателескендігіміз. Қоғамдағы болып жатқан түрлі апаттар, соғыстар, катаклизмдер – барлығы адамдардың іс-әрекетінің нәтижесі. Сондықтан бейбітшілік пен берекеге толы өмір сүру өз қолымызда екенін ұмытпайық! Осы шығарма арқылы жазушы жастарға алдағы өмірін өксікпен өткізуден аулақ болу идеясын түсіндіруді мақсат тұтқан [6, 305]. «Казино» әңгімесі – заманалық қазақ әдебиетінің дамуы процесіндегі ерек құбылыс. «Құдайсыз қоғамға, имансыз адамға бәрі рұқсат... ештеңе жат емес екен. Ал мұндай мұндар дүниеде өртті жүрек, дертті сана ақылға қонақ бермей, асау сезімге ғана бой алдырмақ», - деген автор уәждауы байлық буына мастанған мырзалардың қоғамдағы алатын орнын айқындап көрсетіп тұрғандай.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Балтабаева Г. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ прозасының көркемдік әлемі: Повестер мен әңгімелерге шолу, талдау / Алматы: «Қаратау КБ», «Дәстүр», 2016. – 288 б.
2. Алтай А. Алтай новелласы: Роман-миф, повесть-притча, новелла. – Алматы: Өлке, 2001 – 292б
3. Қабдолов З. Сөзөнері // Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352б
4. Жакулаев Ә. Асқар Алтай шығармаларындағы постмодернизм көріністері // Қасым журналы. 128-133 б;
5. Әбдірайым Т. Көкбөрхұттысуреткер // Қазақ әдебиеті. №6(3326), 8-14 ақпан.
6. Ергөбек Қ. Қарасөз. Қазақ прозасы туралы ойлар // Алматы: Ел-шежіре, - 2013, 600-бет.

ӘӨЖ 37.1400

«БАБАЛАР МҰРАСЫ – БІЗГЕ АМАНАТ!»

Г.С. Даукиева

ЖШС «Есенов колледжі»

Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақаланың өзектілігі- ұлы есімдерін жаңғырту мақсатында «Рухани жаңғыру» бағыты болып қала береді.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, өсиет, нақыл сөздер

Бабалар мұрасы – бізге аманат! Бұл өз алдына кең ауқымды тақырып екені анық. Осы орайда Ұлы даланың ұлы есімдерін жаңғырту мақсатында «Рухани жаңғыру» бағыты ұсынылды. «Рухани жаңғыру» бағыты рухани жұтандыққа төтеп берер жаңа қадамға айналды. Себебі, бұл мақала жарық көрген күннен бастап толассыз жұмыстар атқарылып келеді. Халықтың ата-баба туындылары мен асыл мұраларымен жақын танысуына кең жол ашылып, руханиятымызға жаңа тыныс берілгендей болды. Алда бұл бағдарлама бойынша көптеген мазмұнды іс-шаралар өткізу жоспарланған. Әр қазақ шаңырағы төрінен ұлттық мұрамыз орын алса, болашақ ұрпақтар сабақтастығына айтарлықты үлес қосатыны анық. Бұл өз кезегінде жастарымызды рухани жаңғыртып, ұлттық табиғатымыздан тыс қасиеттер мен әрекеттерден сақтары анық. Әсіресе, қазіргі таңның қасіреті – жастардың жат ағымдарға өтіп кетуінен берік қорғаныш болары айқын. Себебі, өз бабаларының діні, салтын білген және оны түсінген кемел ұрпақ басқа жолды тандау тұрмақ, тіпті, ондай күдікті ойға да бармайды. Елімізді өрге бастыратын ұрпақ тәрбиелеу ұлт мойнындағы аманат деп қабылдау маңызды. Сол бабалар аманатына қиянат жасамай, жүзеге асыру үшін ұрпақ сабақтастығын үзбей, келешегі келісті ұрпақтың тәрбиесіне әр қайсымыз жауап бере алуымыз керек. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қорытынды сөзінде Елбасымыз «Жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс – біздің дамуымыздың ең басты қағидасы. Өмір сүру үшін өзгере білу керек. Оған көнбегендер тарихтың шаңына көміліп қала береді» деп түйіндеуінде үлкен себеп бар. Рухани жаңғыру ол өткен бабалар заманына оралып дәл солар кешкен замандағыдай ақпараттық технология немесе заманауи құрылғыларсыз өмір сүріп, жайлауға оралып қала тынысынан, заманауи дүниелерден жырақтану емес. Керісінше, заман ағымына сай бола отырып, заманауи қазақтың озық бейнесін қалыптастыру қажет. Бұл ұлтымызға тән барлық тарихи, әдеби, т.б асыл жәдігерлерімізді бағалап, оны түйсініп, санамызға берік сіңіру арқылы жүзеге аспақ.

Осы ойдың өзі Қазақстанды дүниенің төрт құбыласына танытатындай идея. Неге десеңіз мына есімдерді атап-ақ, күй атасы Құрманғазы десе еліміздің батысын, ұлы ақын - Абай десе шығысын, қыл қобыздың иесі - Қорқыт десе оңтүстігін, күш атасы - Қажымұқан десе солтүстігін, ал тұңғыш академик Қаныш Сатпаев десе орталығын бүкіл әлемге танытатындығы айдан анық. Осы бағытта еліміздің ұлылығын шетелдік қандастарымыз бен шетелдіктерге таныту мақсатында шетелдік тарихшыларды тарту арқылы әлем елдеріндегі архивтердегі еліміздің тарихы үшін маңызды құжаттарды елге әкелу де көзделіп отырғандай. Қытай, Ресей және басқа да өркениетті елдерде біздің тарихымыздың ежелден бастау алатын құнды құжаттар бар екендігі дәлелденген тарихи факт. Ал оларды елге таратудың ең дұрыс жолы осы іспетті. Бұдан елбасымыздың көрегендік бейбіт саясатын ұғынғандай боламыз. Бұдан кейінгі жобалар арқылы еліміздің тарихын жан-жақты танып, тауып, жинақтаудың маңызды жобаларын таныстырады. Және еліміздің мүмкіндіктерін ашып көрсетеді. Мысалға, Отырар қаласында су құбыр жүйесінің, көшелердің, үйлердің реконструкцияларынан көрме ұйымдастыруы арқылы елімізде қала мәдениетінің бұрыннан дамығандығын және сол жібек жолы арқылы таралғандығын көрсететін шараларға көңіл бөлу керек. Осы жұмыстар арқылы туризмді дамытуды қолға алынатындығы да дұрыс шешім секілді. Бұдан басқа ұлы дала фольклоры мен музыкасының мыңжылдығына орай ұйымдастыруға болатын іс-шаралар қолға алынуы керектігі де маңызды. Шынында осы ең даланың әр төбесі, әрбір қыры бір-бір тарихтың әуенін білдіріп тұратындай. Кісенді ашқан Құрманғазының күйі, сарыарқадағы еркіндік үшін күрестегі ат дүбірі, ата-баба ұраны, бүкіл елге таралып, қырық қызды өзіне шақырған Қорқыт бабамыздың қобыз сарыны, жерұйық іздеген Асанқайғының желмаясының демі, талай ғашықтың жырына айналған Қозы көрпеш пен Баян мұңлықтың жыры, Еңлік пен Кебектің ғашықтарға сәлемі, бір бүйіріне жантайған Келіншеқтаудың да өзіндік ашылмаған құпиясы бар. Әз Тәукенің ел басқаруда сенімді серіктері бола білген еліміздің үш тағаны үш биі Төле би, Қазыбек би, Әйтеке бидің өмірі, көрегендігі

туралы,Жиренше шешеннің тапқырлығы, Қарашаш сұлудың ақылдылығы туралы аңыз-әңгімелері мен Абай, Мұхтар, Сәбит,Мағжан ,Сәкен,Бейімбет ,Ахмет бабаларымыздың өнегелі өмірлері мен елі үшін толассыз күресі туралы әңгімелер, қанатты сөзге айналып кеткен даналықтарын кеңінен насихаттау келешек ұрпақтың бойына отан сүйгіштік қасиеттерді сіңіру, ел тарихын ,елін сүюге тәрбиелеуде маңызды қадам. Осы орайда ұлттық –мәдени мұрамызды кеңінен таратып, олардың телевизиялық нұсқаларын халық көңіліне қонымды,ұнамды жеткізуге баса назар аударылуы тиіс дейтіндей елбасы жолдауы.Иә, біздің тарихымыз әзірше тек мифологиялық тұрғыда, таста салынған таңбалар мен суреттерде ғана болып тұр. Бірақ басқа да өркениетті ел тарихы осындай мифологиялық тұрғыда ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілді де, кітап болып сақталды емес пе? Олай болса біз неге өз тарихымызды негізсіз деуіміз керек?Неге мақтан тұтып,келешек ұрпаққа жеткізбеске? Біздің ата – бабаларымыз Әл – Фараби, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Абай, Қаныш т.б. аталарымыз қазақтың осындай ұлттық тәрбиесінде өскен. Ұлы бабаларымыздың бойынан қазақ халқының теңдесі жоқ бай қасиеттерін көріп, таңданасың.

Ұлы бабаларымыз аталардың өсиет, нақыл сөздерін, әжелердің ертегісі мен аңыз, әңгімелерін, танымдық, ұлттық ойындарын, жұмбақ, жаңылтпаштарын т.б. жаттап, естіп, үйреніп өсті. Жас ұрпақтың бойында ананың әуенімен оятатын бесік жырларымен қатар киял – ғажайып ертегілер, ұлттық ойындары арқылы ұнамды жағымды әдеттер мен мінез – құлықты, жақсы қарым – қатынасты, ынтымақ пен жарасымдылықты, қайырымдылық пен ізгілікті, еңбек сүйгіштік пен үлкендер еңбегін құрметтеу, жауапкершілік, патриоттық сезімдер т.б. адамгершілік – рухани қасиеттер қалыптасады. Тарих деген ғұмыры ұзақ шексіз дүниенің әр күнінен ойып тұрып орын алатындай, алтын әріптермен жазылатындай тарихымызды, кешегіміз бен бүгінімізді және ертеңгі жарқын күндерімізді өшпестей етіп тарих бетіне енгізу еліміздің еңкейген қариясынан бастап еңбектеген сәбиіне дейінгінің міндеті емес пе?Олай болса тарихқа қосатын үлестің бастауы ретінде мына бір жемісті жұмыстың нәтижесін атап өтсек артық болмас. Еліміздің қаймағы бұзылмас бірлігіне, татулығына ең бастысы тарихта Қазақ деген елдің атын өшпестей етіп қалдыруға қосқан еліміздің болашағы жастардың зор үлесі десек те болады.

Тұғырлы тәуелсіздігімізді қолымызға бүгінде әрбір қазақтың жүрегінде мәңгіге сақталған бүгінгі аға Қайраттарымыз кешегі жалынды жаастарымыз емес пе еді?!Осы бір Отан алдындағы міндетімізді жас та, кәрі де бүкіл ел болып жұдырықтай жұмылып жасасақ тарих бетінде Қазақтай елдің мәңгілік ел болып қалатыны сөзсіз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Күмісбайұлы Ш Қаракерей Қабанбай. Тарих, тұлға, уақыт.-Алматы «Аруна», 2007. «Шығыстыңұлылары» топтамасы
2. Зейнолла С. Бабаларсөзі, 58-том
3. Тәшенұлы М Уақытөлшемі: Заман, қоғам, адамтуралытолғаныстар.-Алматы, 2004.

ӘОЖ 78.045

КҮЙ – ҚАЗАҚ ӨНЕРІНІҢ ФЕНОМЕНІ

Ж. Довлетова,Н.К.Арашова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада адамзат баласы өмір сүрген кезеңдегі күй өнерінің тарихы мен бүгіні, қанатты өнердің құдіреті, ұлттық құндылықтың маңызы баяндалады. Баға жетпес

мәдени қазынаның қазақ халқының тұрмыс-харекетімен, өмір-тіршілігімен әрқашанда тығыз байланыста болғандығына сипаттама беріледі.

Түйін сөздер: күй өнері, домбыра, күй аңыздары, күй, шертпе күй, төкпе күй, ұлттық құндылық.

Күй — тарихтың өткені мен бүгінін көз алдына әкелетін ерекше қасиеттерімен сипатталады. Бұл - өнерді өмір салты еткен елдің ортасында болатын табиғи жағдай. Көшпелілер өмір салтында өнер, тек қана эстетикалық - эмоциялық әсер берумен шектелмейді. Ол сонымен бірге адамдар арасындағы қарым - қатынасқа дәнекер болып, салт - дәстүрлерді орнықтырып, қоғамдық өмірді реттеп отыруға тікелей араласады. Көшпелі қоғамдағы қазақ өнері жеке адамдар деңгейінде өмір сүрумен әсте шектелмеген. Мұндай талғампаз ортада мойындалатын өнерпаздардың дарыны мейлінше тегеурінді болып келеді. Ондай дарынды, өзінің айналасына қанатты өнердің шапағаты мол шуағын шашып, өзінен кейінгі өкше басар ұрпақтың рухын мейлінше шыңдап отырған.

Мұндай дәстүрдің айғағын көне ғасырдағы Қорқыт, XII ғасырда Кетбұға, XIV-XV ғасырларда Асанқайғы, XV ғасырда Қазтуған, XVI-XVII ғасырларда Байжігіт, XVIII ғасырда Абылайхан, XIX ғасырдың бас кезінде Боғда, Махамбет, Тәттімбет, Құрманғазы, Абыл, Тоқа, Сармалай, Ықылас, Қазанғап, Байсерке, Шортанбай, Тіленді, Дайрабай, Өскенбай, Мамен, Дина, Сүгір, Сейтек т.б. секілді дарынды күйші, дәулескер домбырашылардан көруге болады. Қазақтың ұлы ақыны Абай: “Құлақтан кіріп бойды алар, Әсем ән мен тәтті күй”, деп жырлағандай, қазақтардың сан буыны халқымыздың асыл өнерін ұстаған ұлы күйшілердің мол мұрасымен сусындап өсті.

Күй — шексіз өнер. Күйдің өз тыңдаушысы, оны жанымен ұғып бағалайтын өнер сүйер қауымы баршылық және олардың көкжиегі кеңейе түсуде. Халқымыздың музыкалық қазынасында сары алтындай сақталған күйлер жүздеп саналады. Оларды хатқа түсіретін нота мәдениеті жоқ болса да, сыры мен сымбатын жоғалтпай, қайта ажарлана, әрлене түсіп, ауыздан ауызға көшіп, атадан балаға мирас боп қала берді. Әлбетте, құм басқан қалалардай, бізге жетпей, уақыт шаңының астына көміліп қалған күйлер де есепсіз екені даусыз.

Қазақ музыкасының ірі мәдени құбылыстардың бірі – қобыз, сыбызғы, әсіресе домбыра күйлері болса, бұл салада көрінген халық композиторларының есімдері де аса қомақты. Бұл реттен көне қобыз сарындарын жеткізуші Ықылас, оның әуен-саздарын домбыра аспабына түсірген Сүгір, жалпы шертпе күй өкілдерін алғаш атау керек секілді. Көпке белгілі, қазақтың халық арасында ең кең тараған музыкалық аспабы – домбыра. Оның әлденеше себептері бар. Біріншіден – домбыраны жасау аса қиынға соқпайды, қолы ұсынақты адам көрінген ағаш затынан жасап ала береді.

Екіншіден – домбырада тарту, үйрену, басқа аспаптарға қарағанда аса қиынға соқпайды. Домбыраның пернелері барлық дыбыстарды скрипка сияқты мойын бойлап іздетпей, дәл үстіне түсіреді. Қай пернеде қандай дыбыс бар екенін баста біліп алса, ұмытпау дәрежесі айта қалғандай болса, орындаушы кейін де сол пернені оңай тауып алады.

Үшіншіден – домбыраны түрлі жағдайда тартуға бола береді, үйде отырып та, түрегеліп тұрып та, шалқадан жатып та, ат үстінде де. Бұл айтылғандар, халық аралап жүрген домбырашылар үшін аса керекті жағдай. Халық күйшілерінің ат үстінде тұрып тартуларыда, шалқасынан жатып тартулары жайында ел аузында әңгімелер көп. Бірнеше күн бұрын кетіп қалып, екі-үш күннен кейін қайтып келіп, үйдің үстінде қалықтап жүрген Топан атты бүркітін түндіктің ашық жерінен көрген Дәулеткерейдің жақсы көрген қыранына арнап шалқасынан жатып тартып шығарған «Топан» күйі – оның адам ыңғайына келе беретіндігін дәлелдейді.

Төртіншіден – домбыра сүйемелге де ыңғайлы. Мұнда шалқайыңқырап отырып әндетуге де болады. Әншінің даусына кесел келтірмейді. Сондықтан домбыра – әншінің, жыршының, ақынның да «қолқанаты».

Академик **Әлкей Марғұлан** күйдің тарихи кезеңерін бес кезеңге бөлген. Қазақ эпостарын тектегенде саралаған тарихи кезеңдер күй аңыздары үшін де ұрымтал кілт бола алатынына күмән жоқ. Ол кезеңдер:

Ең байырғы заман;

Оғыз Қыпшақ заманы;

Тарихи дәуірлер (XIII-XIV), яғни қазақ даласына Жошы ұлысының ірге тебуі;

Жоңғарлар арасындағы екі ғасырға созылған күрес кезеңі;

Феодалдық қайшылықтарға қарсы күрес кезеңі;

Бірінші кезең, байырғы заман күй аңыздары (яғни күйлері де) жаңаша жыл санауға дейінгі VIII-V ғ.ғ мен жаңа заманның VI ғасырдағы аралықты қамтиды. Бұған Еуразияның Ұлы даласындағы көшпелілер арасына ислам діні тарағанға дейінгі қиял ғажайып тақырыптарға арналған күйлер, жорық сарындары, жаугершілік кезеңдерде ел есінде қалған айтулы батырлар, ақылды арулар, ерге серік болғандай қанатты пырақтар, киелі жануарлар туралы күйлер мен олардың аңыздары жатады. Мәселен, «Қос мүйізді Ескендір», «Көк төбет», «Көк бөрі», «Аққу», «Сарын», «Өгіз өлген», «Тарғыл бұқа» сияқты күйлер мен күй аңыздарын айтуға болады.

Екінші, оғыз қыпшақ кезеңінің (VI-XII ғғ) күй аңыздары. Бұған Қорқыт ата аңыздары, «Абыз толғауы», «Саймақтың сары өзені», «Балжыңгер» сияқты күйлердің аңыздары жатады. Осы заман Қорқыт заманынан деседі. Қорқыт IX ғасырда өмір сүрген аңыз кейіпкер. Ол Шыңғыс Уалиханов айтқандай: «Қорқыт алғаш қобыз тартып, сарын айтуды үйреткен ең бірінші бақсы». Бақсылық дәстүрді ұстай отырып, қазақ музыкасының негізін қалыптастырды десе болады. 1975 жылы фольклоршы Мардан Байділдаев және қобызшы Мұсабек Жарқынбеков қызылордалық қобызшы Ысмайыл Шәменұлынан Қорқыттан қалған 10 шақты күйін жазып алды.

Қорқыттан соң үшінші ноғайлы кезеңінің (XIII – XVI ғғ) күйлері. Ілгері ғасырлар талқысында тарихи тағдырын ортақтастырған даналық ру тайпалардың саяси одақ құрып, бір бірімен біте қайнасып «қазақ» деген кең мағыналы этникалық атаумен тарих сахнасына шыға бастаған кезеңі осы тұс. Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Жиренше шешен сияқты жыраулар, тапқыр шешендер бәрі-бәрі сол ноғайлы заманына қатысты. Ноғайлы кезеңінде туған музыкалық және фольклорлық мұралардың санатына «Жошы ханның жортуылы», «Шора батыр», «Әмір асқақ», «Қамбар күйі» сияқты халық күйлерімен бірге, Кетбұғаның «Ақсақ құлан», Асанқайғының «Ел айырылған», Қазтуғанның «Сағыныш» күйлерін және олардың аңыздарын жатқызуға болады.

Төртінші, Жоңғар шапқыншылығы кезіндегі (XVII-XVIII ғғ) күйлер мен күй аңыздары. Осы екі ғасырға созылған аласапыран халықтың сан-сала рухани мұрасында шыншылдықпен, тарихи деректілікпен орын алды. Осы кезең өзінің рухына лайық Бұқар, Тәтіқара, Қанай, Толыбай, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты шешен-билерді, жыршы-жырауларды дүниеге әкеліп, олар қара халықтың күйзелісі мен қаһарман ерлігін өлмес өнер тілінде бейнелеп отырды. Мұның айғағы ретінде «Қаратаудың шертпесі», «Қалмақ биі», «Беласар», «Қалмақтың қара жорғасы», «Кеңес», «Абылайдың қара жорғасы», «Қоржыңқақпай» сияқты күйлер мен олардың аңыз-әңгемелерін атауға болады.

Бесінші, XVIII-XIX ғасырларда және XX ғасыр басында туған күйлер мен олардың аңыздары. Бұл кезеңнің рухани мұраларына саяси-әлеуметтік сарынның мейлінше айқын көрінісі тауып отыратынын алдымен айту қажет. Бұл кезеңде туған күйлер де, күй аңыздары да ерекше молдылығымен, тақырыбының әр алуандығымен, оқиғасының деректілігімен назар аударады. Әсіресе күйлердің әуен-сазының мейлінше шындалған кәнігі (профессиональный) деңгейін айрықша атап өткен жөн. Бұл кезеңге Боғда, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Тоқа, Ықылас, Қазанғап, Сейтек сияқты ондаған дәулескер күйшілер қазақ музыкасының ұлттық тілін біржолата орнықтырып, жалпы адамзаттық мәні бар рухани феномен деңгейінде танылды.

Халық арасында күй өнерінің саз-сарындары бойынша айырып тану үшін «**төкпе күй**» және «**шертпе күй**» деген атаулар қолданып жүр. Жазушы, әдебиет зерттеуші, ғалым Ақселеу Сейдімбектің айтуынша, «төкпе», «шертпе» сөздері жеке күйлердің табиғатына қатысты анықтауыш бола алар. Ал, тұтас бір күйшілік мектептің қасиет – болмысына анықтауыш бола алмайды. Себебі, тұтас бір өңір – аймақта қалыптасқан күйшілік мектептер былай тұрсын, бір ғана күйші-композитор туындыларында шертіп тартылатын күй де, дауылдата төгіп тартылатын күй де кездеседі.

Сондай-ақ, бұл сөздер тек домбырамен тартылатын күйлердің ғана қадір – қасиетін анықтайды. «Төкпе» және «шертпе» деген атаулар қобыз, сыбызғы, сазсырнай, месқобыз сияқты аспаптарда күйлердің қасиетін анықтауға келмейді. Себебі, бұл аспаптар шертіп те, соғып та тартылмайды. Сол үшін Ақселеу Сейдімбектің пікіріне жүгінуімізге тура келеді. Ол қазақ халқының дәстүрлі талғам - танымы бойынша күй атаулы өзінің саз-сарынына орай «**қоңыр күй**», «**тік күй**» және «**бойлауық күй**» – деп үшке бөледі. Осы атаулардың әрбірі жеке күйдің саз-сарынын да анықтайды.

–**Қоңыр күйлер** философиялық ойға құрылып, көбінесе өмірдің ойлы, мұңлы сәттерін толғайды. Сол арқылы тыңдаушыны сабырға шақырады немесе өмірдің мән-мағынасын зердеге ұялатады. Айталық Ықыластың «Қоңыр», Тәттімбеттің «Көкейкесті», Қазанғаптың «Көкіл», Дәулеткерейдің «Жігер» сияқты күйлерін айтуға болады.

–**Тік күйлер** болса, өмір құбылыстарын тыңдаушысына елестетіп отырады. Тік күйлер өмірдің қызық да күрделі құбылыстары туралы дыбыспен сурет салады, дыбыспен баяндап береді. Тік күйдің классикалық үлгілері ретінде Құрманғазының «Ақсақ киік», Әшімтайдың «Қоңыр қаз», Нұрғисаның «Аққу» сияқты күйлерін атаған жөн.

–**Бойлаулық күйлер** көбінесе жоқтау сарынымен өмірдің қайғылы, зарлы сәттерін бейнелейді. Мәселен Ықыластың «Ерден», Әбидің «Қосбасар» күйлері.

Қазіргі кезеңде күйшілік өнер қанатын кең жая, қазақ деген ұлттың дәстүрлі мәдениетінде самғауда. Қазақ Ұлттық Музыка академиясы, Құрманғазы атындағы Ұлтық консерваторияда, еліміз бойынша көптеген колледждерде қаншама болашақ домбырашы мамандар білім алуда. Қазақтың күйі қуанышта да, қайғыда да қазақпен бірге жасап, бостандық сүйгіш ұлық өнер бостан заманымызға халқымызбен бірге қадам басты. Бодандық кезеңнен аман – есен өткен домбыра аспабы елімізде айырықша орын алуда. Өнер атаулының ішінде күйдің мерейі жоғары, күйдің рухы биік. Күй дербес мемлекет құрып мерейленген халқымыздың рухын мәңгілікке толғай бермек. Себебі, күй – біздің ең ардақты, ең әлеуетті, ең сәулетті ұлттық құндылығымыз, ұлттық кодымыз, ұлттық мәдениетіміздің төресі. Ендеше, жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениеттің де көш басында жауһар күйлеріміз тұрары сөзсіз!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А. Сейдімбек «Қазақтың күй өнері» Астана 2018
2. Қазақмузыкасы. Анталогия, 1-т. – Алматы, 2015.
3. Ж. Жүзбай «Шертпекүйдің төрт мектебі» Астана 2019
4. Қоңыратпай Т. Қазақ халқының музыкалық мәдениеті мен фольклоры. – Алматы: «МерСал», 2020.

БАЛАНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ФУНКЦИЯЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР МАҢЫЗЫ

Ұ. Жақсылыкова, Қ.Е. Өтебалиева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. ҚР заңнамаларында баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы бекітілген. Баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға құқығы бар. Баланың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды баланың ата-аналары немесе басқа да заңды өкілдері, ал Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган, прокурор және сот, сондай-ақ өз құзыреті шегінде ішкі істер органдары және өзге де мемлекеттік органдар жүзеге асырады.

Түйін сөздер: Конституция, қорғаншылық, қамқоршылық, бала, прокурор, сот, орган, заңды мүдде, қорғау, функция.

Зерттеу мақсаты: Отанымыздың ертеңі де, өркені де – бүгінгі ұрпақ. Сол ұрпақтың тәлімді де тәрбиелі болуы алдыңғы толқынның парызы мен қарызы десек, еш қателеспейміз. Осыны ел болғалы бері Президент Нұрсұлтан Назарбаев айтып қана қоймай, қолдан келген барлық мүмкіндікті жасап келеді. Мемлекет басшысы өзінің «Ұлы дала ұлағаттары» атты кітабында ұрпаққа қызмет көрсету сөз емес, істе басым тұру керектігін тарқата келіп: «Жастар біздің болашағымыз» дегенді жиі айтып жүреміз. Бала құқығын қорғау ісіне, жетім және ата-анасының қарауынсыз қалғандардың құқықтарын қорғауға мән беріп, басым шараларды нақтылап берді. Әсіресе балалар үйінде тәрбиеленушілер санын мүмкіндігінше қысқарту, ондағы жұмысты тиімді ұйымдастыру, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар туралы ұлттық деректер қорын құру жөнінде де нақты тапсырмалар жүктеліп, елеулі жұмыстар атқарылып келеді.

1994 жылы Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» Конвенциясына қатысушы болды, осыған байланысты ол осы Конвенцияның талаптарына сәйкес қолданыстағы отбасы заңнамасын келтіруге өзіне міндеттеме алды.

Бала деп он сегіз жасқа (кәмелетке) толмаған тұлға деп танылады. Бұл ұйғарым БҰҰ-ның Адам құқықтары туралы Конвенциясының 1-бабына сәйкес келеді. Заңнамалық деңгейде баланың мазмұны жағынан әр түрлі бес жеке құқығы бекітілген. Оларға баланың отбасында өмір сүру және тәрбиелену құқығы, баланың ата-аналарымен және басқа да туыстарымен қарым-қатынас жасау құқығы, баланың өз пікірін білдіру құқығы, баланың атын, әкесінің атын және тегін алуға құқығы, баланың өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау құқығы жатады. Баланың жеке құқықтарын сақтау мен қорғауға мемлекет кепілдік береді, ол әрбір баланың мүдделері мен қажеттіліктеріне негізделген.

Баланың маңызды құқықтарының бірі 2002 жылғы 8 тамыздағы «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабында бекітілген отбасында өмір сүру құқығы болып табылады, ол әрбір баланың отбасында өмір сүруге және тәрбиеленуге құқығы бар, өз ата-аналарын білуге құқығы, олардың қамқорлығына және тәрбиесіне құқығы бар, бұл оның мүдделеріне қайшы келетін жағдайларды қоспағанда ғана танылады.

Баланың сөз және ар-ождан бостандығына құқығы, ақпарат және қоғамдық өмірге қатысу. Әр баланың сөз бостандығына құқығы бар өз пікірін білдіру, ар-ождан бостандығы, өзінің қоғамдық белсенділігін дамыту, оның жасына сәйкес келетін ақпарат алу және тарату, қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының

заңнамасымен рұқсат етілген коммерциялық емес ұйымдардың басқа да нысандарына және бейбіт жиналыстарға ерікті түрде қатысу.

«Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында балалардың қауіпсіздігі мен құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударуды тапсырды. Осыған байланысты балаларды қорғау үшін денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қолдау салаларында нақты шаралар қабылдау маңызды деп санайды. Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғаудың, суицидтің алдын алудың және әр баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етудің кешенді жоспарының қажеттілігін талқылауды маңызды деп санаймыз. Тағы бір проблема – балалардың жеке балабақшадағы жағдайы. Жеке балабақшаларда қызмет көрсету сапасын арттыратын кез келді. Балалар жылы аясында қолға алынып, іске асқан жобалардың барлығы – балалардың игілігі үшін. Биыл білім беру ұйымдарында балалардың тамақтануын жақсарту бойынша шаралар қабылданды. Тамақтану сапасын арттырып, құнын реттеу және қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды енгізу бөлігінде тамақтануды ұйымдастыру қағидаларына өзгерістер енгізілді. Конвенцияда жақсы отбасыда өмір сүру, тұлғаның қалыптасуына жағдай жасау, білім беруден бөлек, оның рухани дамуы да сөз болған. Әлбетте, баланың құқығын негізгі қорғаушылар – оның ата-анасы. Дегенмен ата-ана да кейде қауқарсыз. Сондықтан баланың қорғалуы – мемлекет үшін маңызды мәселе. Сондықтан балдырғанның білім алуы, мәдени кемелденуі, тамақтануы сынды кей мәселелер де үкіметке жүктелетін міндет. Нәтиже: Мақсат - отбасы институтын нығайтуға, отбасылық құндылықтарды ілгерілету, ажырасулар мен тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған. Аталған жобаны ««Отбасы академиясы» кешенді отбасын қолдау орталығы» қоғамдық қоры жүзеге асыру Құқық бұзушылық, қылмыс жасауға бейім балалардың әлеуметтік жағдайын бақылауға алып, зерделеу қажеттігін, сондай-ақ арнайы топ жасақтап, жеке алдын-алу жұмыстарын жүргізіп, партия тарапынан бақылап отыру қажеттігі алға тартылды. ҚР Президенттің Жолдауы бойынша инспекторлардың білімін жетілдіру үшін мемлекеттік тапсырыс берілсе деген ұсыныстарын жеткізді. Ал облыстық білім басқармасына қалалық, аудандық білім бөлімдеріндегі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия жұмысын жандандыру, жеке және мемлекеттік меншіктегі балабақшалардағы балалардың қауіпсіздігі мен педагогтардың білімдеріне мониторинг жүргізу, ауылдық мектептердің сапасының төмендігін, қажетті құрал жабдықтардың жоқтығына байланысты жөндеу жұмыстары үшін облыс әкімдігі мен мәслихатқа ұсыныс білдіру сынды ұсыныстар айтылды.

Қорытынды: Мемлекет тарапынан балаларды спортқа, мәдени шараларға тарту, біліммен қамтамасыз ету, денсаулығына қарау – саламатты ұлт қалыптастырудың алғышарты. Ал бала бойында тұлғалық қасиетті қалыптастыруда білім, ғылым, мәдени саладағы жетістіктер маңызды. Бойында ізгілігі, білімі бар, отбасында, білім мекемелерінде қамқорлыққа, ата-ана махаббатына бөленген балалар ешқашан жат әдетке бой алдырмайды. Олай болса, баланың бақыты – отбасының, мектептің, бүтіндей бір қоғамның жауапкершілігіне тікелей қатысты міндет. Халықаралық сарапшылар пікіріне ұласқан кәсіби жиын балалар мен жасөспірімдердің аутодеструктивті мінез-құлқының алдын алу, балалардың өмір сапасын жақсарту бойынша іс-шараларды уақытында іске асыру, оқушылардың өмірге төзімділігін және сабырлылығын қалыптастыру, әлеуметтік осал жағдайдағы жасөспірімдер мен отбасыларға жеке кешенді көмек көрсетуге арналған шеберлік сағаттары жалғасын тапты. Еліміздің келешегі балалардың қауіпсіздігін нығайтуға бағытталған іс-шаралар жалаң ұран, мерекелер түрінде емес, тиісті органдар тарапынан білім, денсаулық, әлеуметтік салада жүзеге асатын ауқымды міндеттермен жалғасын табуға тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі.
2. Қоғамдық кеңестер туралы: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V Заңы // Егемен Қазақстан. – 2015. – 3 қараша.
3. «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»
4. https://www.inform.kz/kz/elbasy-makalasy-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru_a3016293

ӘОЖ 159.922.8

КОМПЬЮТЕРЛІК ОЙЫНДАРҒА ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖАҒЫМСЫЗ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ КӨРІНУІНЕ ӘСЕРІ

П.Е. Жарылгасова, А. Ақтанқызы

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада қазіргі кездегі заманауи техникалық құралдарды, ғаламторды жасөспірімдердің жиі қолдануы, олардың мінез-құлқының жағымсыз жақтарының көрінуіне әсер ететіні туралы қарастырылған.

Түйін сөздер: жасөспірім мінез-құлқы, эмоция, агрессия, коммуникация, тұлға, әлеуметтік педагогика, психика.

Қазіргі кезде қоғамның ғаламтор жүйелерін және компьютерді т.б. техникалық құралдарды қарқынды жиі пайдаланылуға байланысты, жаһанданған ақпаратталудың тұлғаға қандай ықпал ететініне қатысты мәселелердің маңызы артуда. Аталмыш проблеманың әрқилы аспектілерін әлеуметтік педагогтар мен психологтар салыстырмалы түрде бұрыннан қарастыруда. Атап айтқанда, психолог О.Т.Тихомиров және оның шәкірттері Л.Н.Бабанин, Ю.Д.Бабаева және көптеген басқа да ғалымдар адамның, соның ішінде жасөспірімнің компьютермен өзара әрекеттестігінен психикалық іс-әрекетіндегі құрылымдарымен функциялардағы өзгерістерді зерттеуде. Ол өзгерістер адамның танымдық, коммуникативті және тұлғалық аймақтарын қозғайды. Сонымен бірге, психологтар О.Н.Черемисина, Ю.Ф.Фомичева, А.Г.Шмелев, И.В.Бурмистров мақалаларында компьютермен өткізілген уақыт бұл – жасөспірімдердің психикасына, мінез-құлқына зиянды әсерін тигізіп, көңіл көтеруден басқа іс-әрекет түрлеріне ауыса алмау, айналасындағылардың алдында алданыш, артықшылық сезімі сияқты психопатологиялық симптомдарда көрініс беретін тәуелділікке алып келетінін айта кетеді. Жасөспірімнің эмоциялы сферасының кедейленуі сияқты қауіп те туындайды, өйткені жеңгісі келген ойыншы ойын барысында жеңілсе ашуланып, айналасындағы құбылыстарға салқынқандық танытады. Статистикалық талдау балалар мен жасөспірімдердің телеаудиторияның, аудиобейнелік медиатекстердің ең белсенді бөлігі мен көрушілері екенін көрсетіп отыр. «Балалар шамамен 2 жастан бастап теледидар көре бастайды. Қазіргі кезде балалар өз уақытының көптеген бөліктерін теледидардың алдында өткізетін көрінеді. Жасөспірім өсе келе біртіндеп, «ересектер» ортасына енуге тырысады. Бала шынайы өмірді білуге әрі түсінуге, ондағы құндылықтар мен мінез-құлық ережелерін қабылдауға талпынады. Жасөспірім әлеуметтік тәжірибені тек отбасы, көшеде ғана меңгеріп қоймайды, сонымен қатар теледидардың, кино мен компьютерлік ойындардың ықпалы өте зор болады. Өртүрлі әлеуметтік желілердегі ақпараттарда

балалардың үлкендердің өмірі туралы түсініктерінің қалыптасуына әсер етеді, белгілі бір шындық бейнесін жасайды. Осы аталмыш қазіргі заманғы ақпарат көздері қалыптастыратын үлкендер өмірі туралы түсінік балалар кіретін шынайы өмірге қаншалықты сәйкес келеді? Бұлардың балаларға тек оң әсері ғана емес, теріс әсері де бар болса, онда балаларымыздың бойында қандай қасиеттер болады? - деген сұрақтар кімді болса да мазаламай қоймайды. Көптеген бұқаралық ақпарат құралдары материалдарына жасалған шоулар, медиазорлықтың, мәселен, қылмыстың өсуіне үлкен әсері бар екенін дәлелдеп отыр. Зорлықты насихаттау, әсіресе теледидардан, кино мен компьютерлік ойындардан анық байқалады. Әлеуметтік-педагогтар мен психологтар және эксперттер БАҚ-та зорлық-зомбылық көріністердің көрсетілуі мейірімсіздік пен қатыгездіктің өсуіне тікелей әсер ететінін дәлелдеді. Соңғы жылдарда дүние жүзінде балаларға теледидар, әлеуметтік желінің, компьютерлік ойындардың тигізетін әсерін зерттеуге арналған мыңнан астам зерттеулер жүргізілген. Зерттеулер дүниежүзінің көптеген елдерінде. Өртүрлі нәсілдерге, ұлттар мен әлеуметтік топтарға жататын ер балалар мен қыз балалардың арасында жүргізілген. Бұған қарамай, зерттеу нәтижелері іс жүзінде бірдей болып шыққан: экрандағы агрессия балалардың адамдар және жансыз заттарға агрессивтіліктерін арттыра түседі. В.Ф.Петренко жүргізген зерттеулердің қатары виртуалды ойынды ойнаған жасөспірімдерде едәуір үлкен физиологиялық қозу, сондай-ақ агрессивті ойлардың көп мөлшері байқалатынын көрсетті. Қазіргі кезде жасөспірімдер мен тұтастай пайдаланушылардың компьютерлік технологияларды шамадан тыс қолдануының салдарынан мінез-құлықтарында байқалып отырған агрессивтілік пен жағымсыз әдеттердің көріністері мен тұлғаның әлеуметтік- педагогикалық тұрғыда үйлесімді дамуының арасында қарама-қайшылықтардың туындауынан әлеуметтік- педагогикалық жұмыстар төңірегінде мәселелер қозғалуда. Сондықтан компьютерлік ойындарға тәуелді жасөспірімдердің басындағы өзі байқамайтын қиындықтардан шығарудың жолдарын жан-жақты зерттеп, анықтау қажет болып отыр. Қазіргі таңда компьютерлік бағдарламалармен жұмыс жасай алатын, соның ішінде компьютерлік ойындарды ойнай алатын балалар мен жасөспірімдердің саны артуда. Сонымен бірге компьютерлендірудің балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік – педагогикалық жағынан дамуы мен психологиялық денсаулығына тигізетін жағымсыз ықпалы – компьютерлік тәуелділік орын алуда. Отбасында және мектепте жүйелі берілмеген тәрбие жасөспірімдерді көзсіз еліктеушілікке, құмарлыққа бой алдырушылыққа, нәпсісін тыя алмаушылыққа, ақырында өз тағдырын өз қолымен құртатын келеңсіз оқиғаларға себепші болады. Зиянды дағдылардан баланы тыя білу, сақтандыру ата-ананың парызы. «Доп ойнаған тозар»-деп мәтелдеген халқымыз доптан бұрын ойынның құмарлығынан шыға алмай қалуды меңзеп айтқан сыңайлы. Жанға жеңіл қай нәрсені де соңына түсіп қуалай берсең, даналар айтқандай, «неге құмар болсан, соның азабын тартарың сөзсіз». Қай заманда да құмар ойындары адамзаттың қызығушылығын тудырып, адастырып, адамгершілік жолдан тайдыратынын сан дәлелдеген.

Компьютер ойындарының әсерінен адами тұлғасы дағдарысқа ұшырайды, тек ойын ғана оның жақын досына айналады. Сондықтан, өз жақындары мен достарына салқын тарта бастайды.

Компьютермен, ұялы телефондармен және планшеттермен ойнаған бала тек психикалық денсаулығынан айырылып ғана қоймайды, сонымен қатар денсаулығынан да айырылады. Уақытылы ұйықтамау, уақытылы тамақтанбау, үнемі ширығып жүру, сондай-ақ, күдік, үрей, қорқыныш, табалану мен қорлық сезімдері ұдайы алмасып жүйкені әлсіретеді, денсаулыққа нұқсан келтіреді. Мұндай балаларға ойыннан басқаның бәрі қызықсық, баланы шынайы өмірден алшақтатып. Олар үшін өмірдің мәні – ойын болады. Сондықтан да ойындардың құмарлыққа ұласпауын ата-аналар қадағалап, сақтану шараларын отбасынан бастаған жөн:

- баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру;

- баланы мектептен мектепке ауыстырғанда, балаға қолайсыздық туғызбайтын жағын қарастыру;
 - ата-ана өз ісімен үлгі болу, пайдалы еңбекке, өнерге баулу;
 - қызығушылығын спортқа, музыка, өнер үйренуге бөлу;
 - музыка тыңдау, теледидар, компьютер алдында ұзақ отыратын салу;
 - үйде отырса болды деп, компьютерлік ойындарға беріліп кетуге жол бермеу;
 - компьютерге,
- ұялы телефонға т.с.с. байланысты талаптарының бәрін орындай беруге тырыспау;
- ұтыс ойындарына қызықтыратын дайын әңгіме айтпау;
 - лоторея сияқты ұтысқағаздарына әуестендірмеу.

Өткен ғасырдың 90 жж. компьютерлік ойындардың балаларға тигізетін ықпалын қарастырған американдық зерттеушілер М.Коул, Ш.Текл электрондық ойындарды «теңдесі жоқ тәрбиешілер» деп атаған. Компьютерлік ойындармен ұзақ уақыт үздіксіз шұғылдану жасөспірімдерде агрессиялық мінез-құлықты туғызады. Агрессивтілікті зерттеу жөніндегі әрқилы тұрғылардың талдамасы. Р.Бэрон мен Д.Ричардсонның көзқарастары бойынша агрессия: 1. нышандарға; 2. сыртқы стимулдармен белсендірілетін қажеттіліктерге; 3. танымдық және эмоциялы процестерге; 4. алдын алатын үйретумен үйлесімдікте өзекті әлеуметтік және эмоциялы жағдайларға байланысты туындайды.

Авторлардың ойынша кейбір компьютерлік ойындар агрессивті мінез-құлыққа, соғыс пен зорлықтың асыра бағалануына түрткі болады. Жасөспірімнің эмоциялы сферасының кедейленуі сияқты қауіп те бар. Осылайша жас өспірімдік шақ бұл – психикалық және физиологиялық қызметтердің қауырт дамуы, тұлғаның, өз әрекеттеріне деген жауапкершіліктің қалыптасуы, сондықтан бұл кезеңнің ерекшеліктері жасөспірімнің тұлғалық дамуында теріс көрініс беретін агрессивті мазасыз күйлер, компьютерлік ойындар мен технологиялар сияқты түрлі жағымсыз ықпалдардың әсерінде қалыптасады. Сол себептен жас өспірімді жағымсыз факторлардан, соның ішінде компьютерлік технологиялардың кең ауқымынан аластату ұмтылысы, ата-аналардың, мұғалімдердің немесе психологтардың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бэрон Р., Ричардсон Д. Агрессия. - СПб, 1997. - 122 с.
2. Возрастная и педагогическая психология /Под ред.М.В.Гамезо. - М., 1994.-С.220-231.
3. К.Бапаева М.Қ., Бапаева С.Т., Баймырзаева Ж Компьютерлік ойындардың жасөспірімдердің мінез-құлықтарына зиянды әсері. Республикалық ғылыми-әдістемелік, психологиялық журнал «Жантану мәселелері», 2018 ж. № 3 26-31 бб.

ӘОЖ 008 : 39 (045)

АҒАШ ҮЙ – ҰЛТ МҰРАСЫ

Ә. Жексен, А.Б. Толепбергенова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Киіз үйдің — көшпелі елдің сергек ақылынан, шебер қолдан шыққандығы, теңдесі жоқ өнер туындысы жайлы айтылған. Ол керемет айлакерлікке, көркемдікке, математикалық нақ есепке, физикалық тең салмаққа ие екендігі сипатталған. Өзінің даму сатысында қарапайым жылжымалы баспанадан бүгінгі толық сипатына дейін киіз үй ұзақ жолдан өткендігі баяндалған.

Түйін сөздер: киіз үй, күрке, туырлық, астрономия, бақан, уық, кереге

Табиғат жағдайы мен географиялық бітімге ыңғайланып қалыптасқан шаруашылық халықтардың тұрмыс салтын анықтайды. Адамзат баласы табиғи ортаға бейімделу барысында жер бедерінің ыңғайына қарай баспана мен тұрғынжайларды сала бастады. Жыл мерзімдеріне сәйкес уақытында қоныс аударып көше жүріп, мал шаруашылығымен айналысып, соған сай рухани және материалдық игіліктерді дүниеге әкелді.

XIX ғасырдың аяғында этнограф ғалым Н.Харузи көптеген моңғол және түркі тектес халықтардың баспаналарын зерттей келе, киіз үйді тұтастай алып қарағанда, көне дәуірлерде осы халықтардың ортасында болып, этнографиялық мол мәлімет қалдырған адамдардың суреттемелеріндегідей деп атап өткен. Дегенмен, киіз үйдің бүгінгі үлгісіне қол жеткізу үшін моңғол немесе түркі тектес тайпаларға ұзақ жолдан өту керек болды. Зерттеуші көшпелі халықтардың жылжымалы баспанасының пайда болу үрдісіне назар аударып, былай деді: «Егер де ғылыми тұрғыда талдайтын болсақ, Ресейдің қол астындағы көшпелі және жартылай көшпелі моңғол немесе түркі тектес халықтардың әр түрлі типтегі баспаналарының іргетасы шалаш болып табылады. Көшпелі тұрмыс аңшылық тұрмыс сияқты қоныс тұрақтарын жиі ауыстыруды талап етеді және алғашқы қауымдық қоғамға тән түрі сияқты көшуге ыңғайлы, жеңіл және жаңа орында оңай тұрғызылатын еді. Сондықтан да шалаштың кез келген көшпелілер баспанасының даму тарихында күркемен және ғұндар үлгісіндегі шалашпен салыстырғанда киіз үй сапалы әрі жаңа құрылым болып табылады. Киіз үйді ойлап табу алдында көшпелілердің баспанасын жетілдірудің ұзақ және күрделі жолы жатты.

Киіз үйді көргендегі жат жұрттық жолаушылардың мұндай таңырқау-таңданыстарын көптеп келтіруге болады. Қазақы киіз үй пайдаланылуына, жасалу технологиясына, сән-салтанатына қарай бірнеше түрге бөлінеді. Мысалы: қара үй (үш қанат), қоңыр үй (төрт қанат), боз үй (бес қанат), ақ үй (алты қанат), ақ ала орда (сегіз қанат), ақ орда (он екі қанат), ақ шаңқан (он сегіз қанат), алтын үзік (жиырма төрт қанат), алтын орда (отыз қанат) деп аталатын түрлері бар.

Киіз үйдің негізгі сүйегіне кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық сияқты жабдықтары жатады. Оларды қазақ даласында жиі кездесетін қайың, мойыл, тал, терек, қарағай сияқты мықты ағаштардан жасайды. Сонымен қатар, бақан, маңдайша, табалдырық, жақтау немесе таяныш және т.б. киіз үй сүйегін қалыптастыратын бөлшектер де бар.

Көшпелілерге ең алдымен қажеті баспана, яғни тұрақ жәй. Сондайқажеттіктің бірі - киіз үй болған. Киіз үйден бұрын үңгірлерді мекендеген көшпелілер (қазақтар да), ең алдымен “күрке” аталатын қоста тұрабастаған. Қабырғасы ағаш қадалармен бекітіліп жасалған күркелер қамыс, шөп сияқты жеңіл өсімдіктермен бүрделген. Одан кейін балық терісі сияқты жамылғыларды пайдаланған және олар Сібір және Солтүстік жағында күні бүгінге дейін қолданылады. Қой өсірумен шұғылданатын көшпелілерде жамылғыға ең қолайлы материал киіз. Ол жүннен басылады.

Сырдария бойының елі “киіз үй” деудің орнына, қазірге дейін “қара үй” дейді. Мұны бір орыннан жылжымайтын, қойы аз егіншілер шығарған болу керек.

Қазақта “кереге тоқсан басты, сексен уық” деп басталатын өлең бар. Сондағы “бас” дегені, керегелік екі сояудың үстіңгі жағының ұйқасуы. Ауылда көп ұшырайтын алты қанат үйдің әр керегесі он бес бастан, алтауы тоқсан бас болады. Керегенің қосылатын тұсындағы қысқа сояулар - “сағанақ” деп аталады. Белгілі ақынымыз Ілияс Жансүгіровтің алғашқы өлеңдер жинағы “Сағанақ” деген атпен шыққан еді. Уықтың “сексен” аталатын себебі, кереге басы байлана бермей, арасында бос бастар қалукерек, Әйтпесе сүйектің желге шыдамдылығы ойдағыдай болмайды. Уықтың шаңырақ тесігіне сұғатын басы “қалам” деп аталады. Шаңырақ тесігі де сексен. Иген құрсаудың ортасын байланыстыратын қадалар “күлдіреуіш” деп аталады.

Киіз үйдің есігі көбінесе тұтас тақтадан жасалады. Кейде оны селдірқадалардан құрайды. Есіктің “кәшегінің” жоғарғы жағы маңдайша, асты табалдырық, екі жақтауы - босаға, жақтаулары “ергенек” деп аталады.

Есік алдынан жел соққанда пана болсын деп есік сыртына киізбен қапталған шиден қоршауыш жасайды да, оны “киіз есік” деп атайды. Мұның шиін тоқып іш жағынан әрнектеп, әшекейлеп астарлайды. Желсіз күнде киіз есіктүрлі тұрады. Төсеніштері: текемет, алаша, кілем, сырмақ. Қазан, ошақ, аяқ, табақ сияқты ыдыстар, қымыз ыдыстары оң босағаға; көлік саймандары сол босағаға қойылады. Қарттардың ағаш төсегі оң жаққа, жастардікі сол жаққа қойылады. Азық сандығы кебеже де, оң жақта. Қарттар төсегі мен жүк арасына киім ілетін, бұтақты ағаштан “адалбақан” тіреді. Үйдегі ағаш: мүліктердің беті күміспен, сүйекпен әшекейленеді.

Түндікті ашатын немесе жауынды күні, үйдің бір бұрышын тіреп қоятын ұзын ағашты “сырық”, ал қатты жел, дауыл соққанда үйді ішінен тірейтін, үй тігіп немесе оны жыққанда шаңырақ көтеретін тіреуішті “бақан” деп атайды.

Қазақ киіз үйдің керегелерінің арасын қосатын таңғышты, кереге бастарын бекітетін басқұрды, шаңырақ асатын желбауды өте әшекейлеп, кілем түсті өрнекпен құлпырта тоқиды. Әсіресе, мұның ішкі бауларға қатысы бар. Үй ішін көріктендіре түсу үшін кілем әлпетті өрнектейтін, кереге мен туырлық арасына ұсталатын тоқымалар болған. Туырлықтың үзік жиектеріне киізден, шұғаданоюлар, дедегелер жасайды.

Киіз үй өзге көшпелі елдерде болғанымен, шыдамдылығы, қолайлылығы жағынан қазақ киіз үйі олардың бәрінен де сапалы сияқты. Соған қарамастан, кейбір шаруашылық ұйымдарының қырсыздығы салдарынан киізүйлер даярлау ісі тым баяулап кетті немесе сапасыз жасалатын болды. Көші-қоны көп малшыларға киіз үйдің қолайлы екенін ескере отырып, Қазақстан үкіметі 1967 жылы киіз үй жасауды жақсарту туралы қаулы қабылдады.

Қазақтың қасиетті киіз үйі – халқымыздың сан ғасырлар бойы тыныс тіршілігімен етене қабысып кеткен қасиетті жәдігер. Маңғыстау елі сан ғасырлар бойы сүзгіден өтіп жетілген үйдің қалыпты мүсінін бұзбай сақтап келеді. Тігуі, жиналуы, алып жүруі сол баяғыша ыңғайлы. Есепке жүгінсек, үйдің байланып бекітілген, әсемдік үшін ұсталынатын жіп, арқан, құрларының жалпы ұзындығы 600 метрден астам. Бір сөзбен айтқанда, Маңғыстаудың үйлері ұлттық өнер үрдісінен көп ауытқыған емес.

Атамыз Әнес сахаба түрік ұлтынан Пайғамбардың өкіл ұлы оған байығасын басыңа бас пана деп қазіргі ағаш үйді жасауды үйретеді, кереге 19 басты 6-тау, шаңырақ дөңгелек 8-күлдіреуіштен қарама қарсы бөліп тұрады, уық 114-әр бір кереге басына байланып шаңырақты көтереді, табалдырық, босаға, маңдайшаға байланатын 5 уық бес қонақ $19/6=114$ -құран сүрелерінің саны, күлдіреуіш $8/4=32$ бір күнгі намаз рақағаттарының саны, 4-бөлік 4-құбылаң Әнес сахаба Қазақтың ағаш үйінің иесі ағаш шебері болған.

Кереге, шаңырақтың жасалу өлшемі өте күрделі, ол қатаң да дәл математикалық есепке негізделген. Тіпті ол астрономиямен, планеталар арасындағы өлшеммен тығыз астасып жатыр. Маңғыстау өлкесінің атақты киіз үйдің белгілі ісмері – Бақыт Бозжігітұлы.

Бақыт Бозжігітұлының ең алғаш киіз үй арнайы тапсырмамен жасалынды. 1992 жылы Алматы қаласында дүниежүзі алғашқы құрылтай өтті. Сол құрылтайға Маңғыстаулық делегациялар өздерімен бірге ұштағандық Тәкенов Атабайдың киіз үйін де апарып тікті. Қатар-қатар тігілген көп үйлерді аралап жүрген Елбасы оған да бас сұғады. Президент таңданысын жасырмайды. Үй иесінен оны калдырып кетуді сұрайды. Сонда Атабай өзінің баспанасын қалдырып кету салтымызда жоқ екенін айтып, елге барғасын басқа бір үйді арнайы жасап беретініне уәде береді. Қайтып келгесін облыс басшылары екі үйді дайындауды Атабай мен Бақыт ағайларға тапсырды. Келесі 1993 жылы уәделі уақытта екі үйді де бітіріп Алматыға апарып тікті.

Біз ұлттық идеяны ақыл таразысынан өтіп халықтың басым бөлігі қабылдаған ұлттық құндылықтар жүйесі деп түсінеміз. Ұлттық идея Қазақстанда жүріп жатқан мәдени

мұраларды жаңғырту үдерісі мен әлемдік өркениет ықпалымен туындаған жаһандану үдерісінің арақатынасында қарастырылуы тиіс.

Мәдениет этникалық ерекшелікті, негізгі құндылықтар мен адамгершілік нұсқауларды сақтауда маңызды рөл атқарады. Мәдениеттің шығармашылық рөлі қазіргі әлемнің дамуында, әртүрлі мемлекеттер арасындағы шығармашылық және достық байланыстарды нығайтуда да айқын. Бүгінгі таңда Мәдениет ерекше әлеуметтік маңызға ие және ұлттың рухани денсаулығының, әлеуметтік тұрақтылығының, ұлттық қауіпсіздіктің факторы ретінде қарастырылады.

Қорыта айтқанда, киіз үйлер қазақ халқының отырықшыланып үлгермей, көшпелі өмір сүрген кезеңдеріндегі қолайлы тұрақ жайлары болғандығы мәлім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Атадан жеткен асыл тін» Отыншы Көшбайұлы, 2007ж Алматы;
2. «Қазақ қауымы» Сәбит Мұқанов, 1995ж Алматы

ӘОЖ 37.035.6

ҰЛТ ДІНГЕГІ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

А.Т. Кенганова

Аңдатпа. Адамды тәрбиелеу, тұлға тәрбиелеу – әрбіріміздің ең бірінші және ең маңызды мемлекеттік, әрі азаматтық қызметі. Ұлттық тәрбие беру арқылы оқушылардың бойында патриоттық сезім мен белсенді азаматтық қасиеттерді қалыптастыру. Қазақстан Республикасындағы оқу орындарындағы ұлттық тәрбиенің басым бағыттары. Ұжымдық дәстүр, ұжымдық әрекет, ұлттық тәрбие негізінде зиялы тұлғаны тәрбиелеу.

Түйін сөздер: ұлт, тәрбие, дін, салт, дәстүр, жастар, оқу бағдарламасы, ата тегі, аңыз әңгімелер, жыр-дастандар

Қазақстан елінің тәуелсіздік алғанына отыз жылдан асты. Осы мерзімде Қазақстан аяғынан қаз тұрып, әлемдік өркениетте орны бар әлеуетті мемлекет ретінде қалыптасып келе жатыр. Елімізде саяси тұрақтылық пен ұлтаралық келісім қалыптасып, экономикамыз дамыды, әлеуметтік жағдайымыз нығайып, елдің еңсесі көтерілді. Барша қазақстандықтар үшін тәуелсіздіктің тағлымы мен оның ерекше жауапкершілік күшінің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені біз тәуелсіздіктің арқасында тарихымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді және ділімізді қайта оралттық. Мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданып, ұлттық салт-дәстүрімізді жандандырдық. Сондықтан барлық қоғам мүшелері тәуелсіздіктің тағылымдарын танып, тілімізді қастерлеп, құрметтеп отыруы керек. Ел өміріндегі тіл мен елдік мәселесі – осынау өзекті мәселе, әрі көкірегі ояу әрбір қазақстандық азаматты бейжай қалдырмасы анық. Сондықтан да ол қоғамымызда жан-жақты талқыланып, түрлі зерттеулерге арқау болуда.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде орын алған күрделі саяси-экономикалық жаңарулар мен өзгерулер ағымында, сан алуан ақпарат көздерінің (ғаламтор желілері, шетелдік бағдарламалар мен бейне фильмдер) қолжетімділігі мемлекет билігінің қайнар көзі болып табылатын халқымыздың рухани өмірі мен діни көзқарастары да бір жағынан толығып, ал енді бір жағынан әралуан бағыттар бойынша дамып, бүгінгі көптеген этникалық топтар мен түрлі діндерді ұстанатын Қазақстан қоғамы қалыптасты. Бұл бір жағынан – зайырлы мемлекет болуға ашық жол деп қарасақ, екінші жағынан жастарымыздың Батыс елдеріне еліктеп өсуінің, экстремисттік діни ағымдарының жетегіне еруіне, болашақ ұрпағымыздың азғындығына әкелетін бірден-бір себеп болып отыр.

70 жыл бойы Кеңес өкіметінің қоластында болып бас көтерген зиялыларымызды халық жауы атап, жазылған еңбектерін қудалап, ел естімеген кітапты соттау жағдайлары, діндар ата-бабамызды қуғын-сүргінге ұшыратып, болашақ ұрпақтарымыздың құлағына, «ата-бабаларың сауатсыз, надан, жабайы болған, жазу-сызуды білмеген» деп ұлттық рухымызды әлсіретіп, дәстүрімізге, тілімізге және дінімізге құрмет азайды. Ата-бабаларымыз сауатсыз болса, осыншама ұлан-ғайыр жерді қорғап қалар ма еді. Атыраудан Алтайға дейін созылып жатқан кең-байтақ жерді ешкім бізге картасын сызып бере салған жоқ. Осынау жерді аталарымыз найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған. Жан беріп, жан алысқан. Егер ата-бабаларымыз надан болған болса, кешегі «қызыл империяның» іргесін сөккен кімдер? Қанша жыл саяси қуғын-сүргін мен ашаршылықты бастан кешіп, бес жыл бойы Ұлы Отан соғысында алдыңғы шепте жүріп үлкен ерлік көрсеткен, Рейхстагқа алғаш ту тіккен кім? Шыңғыс ханның бетін қайтарған Бейбарыс сұлтан кім? Жарты әлемді жаулаған Македонский кімнен қаймыққан? Ұлы Қытай қорғанын қытайлар кімнен қорқып тұрғызған? Шығыстың қос жұлдызы Әлия мен Мәншүк кім? Немістердің үрейін ұшырған батыр ұшқыш қыз Хиуаз кім? Бірақ олардың ерліктері көбіне бағаланбай қалғаны тарихтан белгілі. Мұхтар Әуезовтің «төзімділік жақсы қасиет, бірақ өмір бойы төзуге болмайды» деген сөзі бар. Елімізде қазаққа жат әрекеттердің таралуына да төзімділік көрсетпеуіміз керек. Әр нәрсеге де ұлттық қасиет, елдік мүдде тұрғысынан қаралуы керек.

Осы қазақты халық ретінде мойындамау саясатының салдарынан ба, әлде батыстың ел-халқына еліктеудің салдарынан ба, қазақылықты дәріптейтін адамдарымыз азайып барады. Баласын бесік жырымен әлдилеп, ертегілерді елітіп айтатын, аңыз әңгімелер мен қиссалар, батыр жырларын жырлайтын ана-әжелеріміз заман ағымымен уақыттың аздығын, жұмыс бабын сылтауратып барлық тәрбиені теледидар мен ғаламтордың еншісіне беріп жатады. Оның салдарынан рухы төмен, отбасылық қарым-қатынасқа бейімсіз, қатыгез, мейірімсіз ұрпақ өсіп жетілгенде ата-ананың «аһ» ұрып жататыны да ғажап емес. Осының салдарынан ата-ана мейірімін тек қана материалдық қамтамасыз ету арқылы сезінген бала болашақта барлық құндылықтарды тек қана материалдық жағынан түсініп, отансүйгіштік пен отбасылық құндылықтар төмендеді. Осы кейіптегі ұлттық тәрбиелік иммунитеті жоқ жастарымызды жат діндерге жетелеу де, экстремисттік бағытқа салу да, өзге елге еліту де оңай.

Қазіргі таңда ондай жағдайлар да таңсық емес. Оған мысал – қаракөз қазақ жастары кришнаиттік, православ, синагога, сәләфи және тағы да басқа дәстүрлі емес кей-кезде экстремисттік діни ағымдар жетегінде кетіп оларды насихаттауы, діни экстремисттік ағымдар жетегінде қыршынынан қиылып немесе сотталған қандастарымыз, өзге елге халифат орнатамыз деп отбасымен кетіп өздері ажал құшып, әйел-бала-шағалары соғыс майданында қалып талай тағдырларға таңба салды, мемлекеттік деңгейде мәселелерін шешу мақсатында «Жусан», «Жусан-2» операцияларының арқасында туған топыраққа қоныстады. Одан бөлек бұзақылар мен қылмыскерлерге толы түрмелер, қартайған ата-аналарынан безген безбүйректілер салдарынан қарттар үйінің күн санап көбеюі, жастарымыздың нашакор болуы, синтетикалық есірткіге әуестігі, маскүнемге айналуы, үйлене сала ажырасып, жетім балалар санын көбейткен, некесіз туған сәбиін далаға тастап кеткен қыздар саны азаяр емес. Жетімдеріміз шетел асып, жат жұрттар тәрбиесіне кетіп жатыр. Оған қоса соңғы жылдары белең алған казино, ойынханалар, бәс тігу ойынханаларының құрбандары, отбасылық тирания, әйелі күйеуіне, күйеуі әйеліне ортадағы балаларын бопсалау құралына айналдырып, арты үлкен ұлттық қасірет трагедияға айналып жатырғанына барлығымыз күә болып отырмыз.

Бұл, шын мәнінде, ұлттың азуы, халықтың қасіреті деуге болады. Осының барлығы ойландыратын мәселе. Ал қазіргі әрекетіміз «қойын алдырып – қорасын бекіткен» қойшының әрекетіне келетін сияқты.

Жастар – біздің жарқын болашағымыз. Оларға жіті көңіл бөлу, тәрбиелеу – мемлекет пен жалпы адамзат алдындағы негізгі міндеттердің бірі. Олай болса жоғарыда

айтылып өткен олқылықтардың орнын толтырудың және ұлт негізін сақтап қалудың бірден-бір жолы–Республикалық деңгейде жас ұрпақты тәрбиелеудің жаңа әдістері мен формасын ойлап табу болып табылады. Ол үшін көп ойланып толғанбай қазақтың бұрынғы тәрбие әдістерін, яғни ұлттық тәрбиені қолға алғанымыз жөн. Тәрбиенің басты нысаны - елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресуді басты назарда ұстау. Енді осы тұрғыда мектеп қабырғасынан, бастауыш сыныптардан бастап, одан әрі кәсіби техникалық білім беру ұйымдарында «Ұлттық тәрбие» пәнін енгізуді ұсынамыз. Ол пән – қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін, Алаш зиялыларының, Шәкәрімнің еңбектерімен, аңыз-әңгімелерін, ән-жырларын, рухани құндылықтарын ұрпағымыздың құлағына жастайынан сіңіретін болса, жоғарыда айтылып өткен дәстүрлі емес радикалды, суррогат діншілдердің, жетегіне ермей, теріс жолға түспей еліне, ұлтына, дәстүріне құрметі артатыны сөзсіз. Дана қазағымыз «Ел болам десен – бесігіңді түзе» дегендей, қазірден бастап жастарға дәстүр сәннен қалыс қалған дүние емес, халқымыздың мызғымас құндылығы екені дәлелсіз ақиқат болуы тиіс.

Ұлттық тәрбиеге – фольклор, ауыз әдебиеті, ұлттық әдебиет, әдет– ғұрып, салт–дәстүр, ұлағатты қағидалар, қазақтың тарихы, мәдениеті, шежіресі, шешендік сөздер, өнеге, өсиеті бар мақал – мәтелдер, туған топырағымызда дүниеге келген ойшыл ғұламаларымыздың еңбектеріндегі тәрбие қағидалары. Яғни тек ғана қазақы дүниелерді жастардың санасына сіңіру. Бұл әрине – заман талабы. Қазақтардың бұрын қалай өмір сүргеніне үңілу керек.

Білім мен ұлттық тәрбие ұстанымға сәйкес топтастырылған материалдар білім беру мен тәлім-тәрбие үрдістерін жүйелі түрде ұйымдастыру жолында оқушылардың туған ел мен басты рухани құндылықтары (туған тіл, ата тек), табиғаты туралы (аспан – жер, аң – құс, өзен – көл, тау – тас, өсімдіктер дүниесі мен оларға адамдардың қарым – қатынасын байқататын) танымын арттыру, көркем және ғылыми-танымдық шығармаларды оқыту арқылы қоршаған ортаға, табиғатқа сүйіспеншілік сезімін ояту, экологиялық мәдениетін тәрбиелеу және салауатты өмір сүру образы арқылы адамзаттың рухани тағылымын (адал еңбек, жақсылық, қамқорлық) әсемдік әлеміне ұмтылумен ұштастыру көзделеді.

«Ұлттық тәрбие» пәнін білім берудің маңызды компоненті ретінде енгізу қажеттілігі айқын. Ұлттық тәрбие пәнінің негізгі нысаны – тәрбие ұғымдары. Қоғамдық циклға жататын бұл пәннің білім алушының жеке тұлға ретінде дамуында, саналы оқу мен сауатты жазу дағдыларының қалыптасуында алатын орны ерекше. Ұлттық тәрбие адамның ішкі рухани жан дүниесінің байлығын ашуға, адамгершілікті-сезімді түйсінуіне, тәрбие ұғымдарын ұғынуына, дүниетанымдық идеяларды өзіндік көзқараспен дамытуға мүмкіндік береді. Мектеп оқушыларын ұлттың тәрбиесінің негізгі ұғымдарымен, білімдерімен, дүниетанымдық идеяларымен таныстыра отырып, тілін, ділін, тарихын, дінін, ұлттық салт-дәстүрін, мәдениетін, әдет-ғұрпын сыйлап қадірлеуге қалыптастыру.

Білім беру деңгейі оқушының бойында сөйлеу білігін қалыптастыру, олардың адамгершілік және эстетикалық құндылықтар жөнінде түсініктерін кеңейту жолдары. Оқырмандық білікті мәтін бойынша жүргізілетін жұмыстар жүйесі (оқу, мәтінді талдау, мәтінге жоспар құру, кейіпкерлерді сипаттау т.б.) құрайды.

“Қоғамдық білім негіздері” пәні бойынша оқу бағдарламасы оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруға оңтайлы жағдайлар жасауға бейімдеуі тиіс.

«Ұлттық тәрбие» пәнінің мақсаты ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, ұлттық мүдденің өркендеуіне өз үлесін қоса алатын, ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыра алатын толық кемелді, ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеу.

«Ұлттық тәрбие» пәні бойынша төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

- өскелең ұрпақты қазақтың ұлттық тәрбиесінің негізгі ұғымдарымен, білімдерімен, дүниетанымдық идеяларымен және әдістерімен таныстыру;

- ұрпаққа қазақтың тілін, тарихын, дінін, ділін, ұлттық салт-дәстүрін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын таныстыра отырып, сана сезімін, намысын, мінез-құлқын, дүниетанымын қалыптастыру;

- ұрпағымызға қазақтың ұлттық құндылықтары негізінде әлеуметтік-психологиялық, құқықтық-экономикалық және логикалық ойлауды дамытудың қажетті дағдылары мен шеберлігін меңгеруді, дұрыс және шешен сөйлеуді, қоғамдық ортада өзін-өзі ұстай білуді, бәсекеге қабілетті құзыреттілікті қалыптастыру;

- жат қылықтардан сақ бола отырып, жан сұлулығы мен тән сұлулығын ұштастыра білу және оны дамыту;

- қоғам мен табиғат ресурстарын адам игілігіне ұқыпты, ұтымды пайдалануға бейімдеу, ұлттық құндылықтарды жалпыадамзаттық құндылықтармен ұштастыру;

- адамгершілік және эстетикалық құндылықтар жүйесі негіздерін қалыптастыру;

- қазақ халқының терең де, мәнді тәрбиесін басқа ұлт өкілдеріне насихаттай отырып, ұлтаралық қарым-қатынасты жетілдіру;

Сондықтан «Ұлттық тәрбие» пәнін мектептерден бастап барлық оқу орындарында жаппай оқытуды қолға алу керек. Осы пәнді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде 2010 жылдан бастап енгізіпті. Жалпы қазіргі таңда осы пән кең ауқымда дамытып жатыр, кафедра ашып, кітаптар, мамандар дайындап. Осы бір ұсыныс қолға алынса деген тілек.

«Болашақ – жастардың қолында, жастар – ұстаздардың қолында»– олай болса, өз болашағымыздың жарқын болуына қазірден атсалысайық!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бес ғасыр жырлайды. 3-томдық. – Алматы: Жазушы. – 1984. Құрастырғандар: М.Байдуллаев, М. Мағауин
2. Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. Қаңтар 1 (18) 2005 ж. 80 бет.
3. Түркология журналы №3 (23), 2006 ж. 128 бет.
4. Ұлт тағлымы журналы №3. 2003 ж. 268 бет

ӘОЖ 37.03

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Г. Сиыкова, А. Куанышбекова, О.Д. Табылдиева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада қазақ әдебиетінің дамуына зор үлес қосқан жазушы, ақын, ағартушы, драматург және Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Міржақып Дулатұлының шығармашылығы мен ондағы тәуелсіздік идеялары қарастырылған. «Оян, қазақ» деп аталатын алғашқы өлеңдер жинағы ХХ ғасырдың басындағы зиялы қауымның манифестіне айналды. Алаш идеясы-қазақтың мемлекеттік, елдің ұлттық идеясы, ұлтты біріктіруші, тұтастырушы идея ретінде насихаттау.

Түйін сөздер: Алаш партиясы, Қарқаралы оқиғасы, «Оян, қазақ», қазақ зиялылары, тоталитарлық жүйе

Алаштың көрнекті қайраткері Дулатов Міржақып 1885 жылы 21 қараша-да Торғайдың Қызбел деген жерінде дүниеге келген. Екі жасында анасынан, он екі жасынан әкесінен айырылып, Асқар ағасының қолында өседі. Асқар әкесі Дулаттың Міржақыптың

оқып, білімді азамат болып, өсуін армандаған тілегіне сай, інісінің оқуын әрі жалғап, білім алуына ерекше көңіл бөледі. Ол туралы ағасының: «Міржақып менен көп кіші, әрі інім, әрі баламдай қолымызда тәрбиеленді. Өзі қатарлас балалардан бойы аласалау боп өсті, бірақ денесі тығыршықтай жұмыр, шапшаң қимылды болды. Үстін таза ұстап, жинақы жүретін. Мінезінен бірбеткей қайсарлық, өжеттік сезілетін, не бүлдірсе де жасырмай турасын айтатын. Кемтар кісілерді, жарымжан мүгедектерді аяйтын, көңілшектігі, жұмсақтығы да бала шағынан байқалатын. Сөзінде тұратын, өтірік пен жағымпаздықты білмейтін. Ауызекі жұрттан естіген ер егілерді, қисса-дастандарды тез жаттап алып, айтып жүретін», - дегені бар.

Жас мұғалім ел өміріне қалай араласты? 1897 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қырғыз школына қабылданып, онда бес жыл оқиды. 1902-1904 жылдары Торғай уезінде мұғалімдік қызмет атқарады. Міржақып өз бетінше ізденіп, орыс тілін жетік меңгереді. Мұғалім болған алты жылдың ішінде оң мен солын танып, ұлт қамы үшін күресуге дайындалады. Ақындық талантын да осы жылдары таныта бастайды. 1904 жылы Омбыда Ә.Бөкейхан және А.Бай-тұрсынұлымен танысады. Осы кезден бастап белсенді саяси күреске араласады. Қарқаралы оқиғасынан соң, Ресей орталығында шындалуды көздейді. Ресейдегі кадет партиясының мүшесі ретінде 1906 жылы Петерборға аттанады. Осында мұсылман фракциясының және Еділ, Кавказ қайраткерлері ұйымдастырған жиындардың жұмысына қатысады.

1907 жылы Петербордағы татар газеті «Улфаттың» жанынан қосымша тұңғыш ұлттық рухтағы «Серке» газетін шығарысады. 1907 жылы Ресей қазақ секілді ұлттарды сайлану құқынан айырған еді. «Серке» осы мәселенің әділетсіздігін ашық айтқаны үшін жабылды. 1909 жылы Қазанның «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» атты кітабы шығады. Ұлттық манифестке баланған «Оян, қазақ!» пен тұңғыш қазақ романының авторы жаңа руханият ғимаратын тұрғызу шарасының жуан ортасында жүрді. Әдеби білімді өз бетінше алған Міржақып: «Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. ...Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. ...Дүниенің ісі осылай болған соң, адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді», – деген көзқарасты ұстанып, елге қызмет жасауға жұмылған жаңа руханияттың деңгейін көтеруге атсалысты. Қаламгердің әдеби-эстетикалық ой-тұжырымы ХХ ғасырдың басында жетекші күшке айналған – ұлтты ұйыстыру және өркендету идеясын тиянақ етуші ағымды байытты. ХХ ғасырдың басындағы ілгерішіл руханият үшін Абай-сапалық деңгейге көтерілудің рәмізі болғандықтан, Міржақып та бұл құбылысқа өзінше қарады. 1908 жылы татардың «Уақыт» газетіне жазған «Ибраһим ибн Құнанбай» атты мақаласында ол Ресей құрамындағы түрік халықтарын ұлы ақын мұрасымен, ғұмырбаянымен таныстырады. Қаламгер мұнда Абайды елшіл ақын ретінде көрсете алған. «Тілі, оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа мәшһүр етті. ... Адамшылық ой-қиялы өте таза, милләтшіл, елін-жерін сүйген кісі еді», дей отырып, Міржақып ақынның осы қасиетін көрсететін өлеңінен мысал келтіреді. Дулатовтың Абай туралы екінші мақаласы Абай қазасының он жылдығын еске алу орайында 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрді.

1909-1911 жылдары қайраткер Қызылжарда сот кеңесінде қызмет жасап, мұғалімдік жұмысын жалғастырады. 1910 жылы қайраткер-қаламгердің «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. Әр жерде шығатын қазақ басылым-дарына, әсіресе «Айқап» журналына үзбей жазып тұрады. Ел тұрмысын өз көзімен көріп-білу ниетімен 1911 жылы қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай сапарға шығады. Патша тыңшыларының қатты аңдуына алынған Дулатұлы мұнда полицияның қолына түседі де, бір жарым жыл қамау-да отырады. 1912 жылы Орынборға келіп, саяси күреске белсене араласады. 1913 жылы жарияланған «Азамат», 1915 жылы шыққан «Терме» атты өлең жинақтары Міржақыптың ақындық-азаматтық беделін елге аса елеулі етті. 1913-1918 жылдары ол «Қазақ» газетін шығарысуға атсалысады. Тарихтағы тұлға

рөліне ерекше назар аударған қайраткер 1914 жылы Шоқан Уәлиханов туралы көлемді мақала жазады. 1917-1918 жылдары Міржақып Алаш қозғалы-сын жандандырып, Ресей халі ауырлағанда ел тәуелсіздігіне қатысты мәселе-мен шұғылданды. 1917 жылы маусым мен желтоқсанда шақырылған жалпықазақ сиездерінің жұмысына қатынасты.

Кеңес өкіметі орнаған соң біраз уақыт Орынбордағы газет-журналдарда қызмет жасады. 20-жылдың басында Ташкенттегі «Ақжол» газетінде, Семей сот мекемесінде жұмыс істеді. 1921 жылы Қазақ мемлекеттік баспасының бөлімін басқарды. Қайраткер 1922-1926 жылдары Орынборда Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО, 1920 жылы ашылған) ұстаздық етеді. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының мүшесі болады. Осыған қосымша Қазақстан мемлекеттік баспасында, «Еңбекшіл қазақта» қызмет атқарады. 1924 жылы Қазақ білімпаз-дарының тұңғыш сиезіне қатысып, сөз сөйлейді. Екі бөлімді «Есеп құралын», «Балқия» атты пьесасын, библиографиялық көрсеткішін жарыққа шығарды.

Алаш зиялыларының қазаққа қызмет жолында үйленуге де, жеке өмірле-рін қалыптастыруға да мұршасы болмады. Олардың көпшілігі кеш үйленді. Қазақ қоғамының сол кездегі салтымен есептесек, Міржақып та кешірек 1914 жылы 29 жасында бір-ақ өзінен 10 жас кіші Ғайнижамал атты қызға үйлен-ген. Одан Гүлнәр атты қызы мен Абылай есімді ұлы дүниеге келеді. Ақынның қызы Гүлнар Дулатованың естеліктері бойынша үйлену тойы Омбы қаласына жақын "Коломзино" станциясының мейрамханасында өтті. Тойдан кейін Дулатовтар бірден Орынбор қаласына аттанды.

Міржақыптың нақыл сөздері

Әркім өз қолынан келгенше жомарт;
Артықтан тағылым ал, кемге – үйрет;
Ағайын – арзан, пұл – қымбат;
Болғанда бойда қуат жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып.
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырма бір орында құр мұңайып.

Кеңестік тоталитарлық жүйе оны 1928 жылы тұтқындады. 1930 жылы Ақтеңіз-Балтық каналының жұмысына жер аударды. Артынан Сосновец лагеріне айдалды. Лагерьде жүрсе де, шығармашылықтан қол үзбеді. Түркі-орыс сөздігін жазды. Міржақып осы оқу құралын мыңдаған қазақ, қырғыз және басқа түркі тілдес елдердің өкілдері үшін жазып берген. Арестанттар оны өз қолымен көшіріп жазып таратқан, өйткені олардың көбісі сол уақыттағы өмірлік маңызы бар орыс тілді білмеген.

Міржақып Дулатұлы лагерьде қазақ мектептеріне арналған геометрия оқулығын да жазып шықты. Ал өзінің емшілік қасиеттерін көрген соң, аса табысты нәтижелермен қамалғандарды емдеді. 1935 жылы қазанның бесі Міржақып Дулатұлы лагерьдің орталық лазаретінде дүние салды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін сүйегі туған жеріне әкелініп жерленді.

Туған халқының алдында Алаш зиялылары Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін аянбай еңбек қылды. Қоғамның әділетсіз саясаты мен идеологиясының құрбаны болған ұлт зиялыларының мақсат-мүддесі, арман-тілегі, ұлттық идеясы Қазақ елінің рухын асқақтатып, жаңа қоғамымыздың бүгінгі мен келешек өскелең ұрпағының рухани өсіп-өнуіне, дамуына игі ықпал еткен идея ұлт тарихында мәңгілік қызмет ете береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дулатов Міржақып // Тілешов Е, Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – Б.159-161
2. Алаш. Алашорда: Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова.- Алматы: Арыс баспасы, 2009.- б.143-147
3. Дулатов М. Шығармалары: өлең, жырлар, әңгімелер, пьеса, көсемсөздер мен сын-зерттеу мақалалары. – Алматы: Ана тілі, 2010. – 400 б.

4. Галиев В. З. Ұлтты оятқан кітап: Міржақып Дулатұлы және оның “Оян, қазақ!” кітабының ізімен. – Алматы: Мектеп, 2013. – 416 б.
5. Дулатқызы Г. М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012. – 392 б.
6. Жолдасбеков М. Ахметті ардақтап, Міржақыпты үлгі етсек // Тәуелсіздік тағылымы. – Астана: Күлтегін, 2012. – б.303-308
https://alash.semeylib.kz/?page_id=287
<https://sputnik.kz/20191120/Mirzhakyp-Dulatuly-12082077.html>
https://vk.com/wall-38304529_408066

ӘОЖ 1(09):50. (045)

ӘЛ - ФАРАБИ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ТАНЫМ МӘСЕЛЕСІ

Ж. Курбанбаева, О.Д. Табылдиева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақаладаҰлы Ұстаз, Отырар қаласының тумасы, классикалық ортағасырлық араб-мұсылман философиясының көрнекті өкілі Әбу Насыр әл-Фарабидің философиялық көзқарастары, трактаттарының интеллектуалды мазмұны, олардың логикалық-сындарлы және онтологиялық байланысы, жалпы адам өміріндегі білім мен тәрбиенің, «идеалды адамның», өмірдегі «асыл мақсаттың», «үлгілі көшбасшының» маңыздылығын түсіндіретін ғылыми танымдары, физикалық мазмұнда жазылған еңбектері жүйелі түрде көрсетілген.

Түйін сөздер: араб-мұсылман философиясы, мутакалимдер, физика, «Вакуум туралы трактат».

Қазақстан фарабитанушыларының зерттеулері ұлы ғалымның өз заманындағы көрнекті физиктердің бірі болғанын көрсетіп отыр.Фараби ең әуелі физиканың философиялық мәселелерімен көп шұғылданған:ол физика ғылымының пәнін анықтайды,материя және форма,кеңістік және уақыт,қозғалыс және тыныштық т.б. түбегейлі ұғымдар жөнінде құнды-құнды пікірлер айтқан.Фараби оптика,статика,механика сияқты математикаға жақын,туыс ғылымдар мәселелерімен көп шұғылданған,олардың пәнін,мазмұнын қайта қарап шыққан,математиканы табиғат құбылыстарын зерттеуге,практикада қолдануға ерекше мән берген.

Фараби, әсіресе, физиканың музыкалық акустика саласы бойынша ірі жаңалықтар ашқан.Ол,мәселен,музыканың физикалық негіздері,тәжірибе мен бақылаудың музыка теориясын жасауда ролі,табиғи-музыкалық қабылдау т.б. мәселелерді терең зерттеген.Әсіресе, дыбыстың тегі,олардың таралуы,дыбыстың жоғарылығы және күші,музыкалық дыбыстардың ерекшелігі және оларға сандық сипаттама беру т.б. көптеген мәселелер жайлы сындарлы мағлұматтар,пайымдаулар айтқан.

Фарабидің физикалық көзқарастары оның «Музыканың ұлы кітабы», «Вакуум туралы трактат», «Ғылымдар энциклопедиясы», «Физика негіздері» және басқа еңбектерінде қамтылған.

Фарабидің аса көрнекті физикалық еңбектерінің біріне саналатын,осы кезге дейін жеткілікті түрде зерттелмей келген «Вакуум туралы трактатымен» таныстыра кетуді мақұл көрдім.Кеңістік-ғылым мен философияның ең іргелі де дербес мәселелерінің бірі.Өйткені кеңістік ұғымы,материя ұғымымен тығыз байланысты.Міне,сондықтан жүздеген,мыңдаған жылдар бұрын-ақ материядан,тыс бос кеңістік бола ма немесе кеңістік

әрқашанда материямен бірге сабақтас бола ма деген сауалдар болды.Осыдан барып «вакуум»,яғни «бостық» мәселесі шыққан.

Ертедегі Мысыр елінде, «табиғат бостықтан қорқады,сондықтан бостық жоқ»деп жорыған.Бұл мәселені ғылыми философиялық тұрғыдан шешуге тырысқандар ішіндегі ертедегі грек ғалымдары Демокрит пен Аристотельді атап айтуға болады.Бұл екі ғұлама вакуумның,яғни бостықтың жаратылысы,бар-жоғы жайлы қарама-қарсы көзқараста тұрған.

Вакуум мәселесі кейінірек,орта ғасырларда қайта көтерілді.Бұл тұста да,баяғы Демокрит пен Аристотельден басталған осы екі бағыт қайта сарапқа салынды.Мутакалимдер,яғни діншіл философтар «бостық бар» деп болжаса,Фараби және оның шәкірттері Аристотельдің ізін қуып ешқандай вакуумның жоқтығы жайлы ілім жасады.Осы мәселеге арнап Фараби өзінің атақты еңбектерінің бірі «Вакуум» деген трактатын жазған.Бұл еңбектің арабша нұсқасы түрікше және ағылшынша аудармаларымен бірге 1951 жылы Түркияда басылып шықты.Бұл трактатты Қазақстан Ғылым Академиясының фарабитану тобы орыс және қазақ тіліне аударды.

Фараби бұл еңбегінде вакуумның жоқ екендігін ертедегі гректерде сирек кездесетін тәсілмен,яғни эксперимент жасау жолымен,физика ғылымының сол кездегі жетістіктеріне,дұрыс логикалық ақыл-ой қорытындыға сүйене отырып дәлелдеуге ұмтылады.

Фараби былай дейді: «Егер сору нәтижесінде ауаның үштен бірі шықты десек,онда үштен екі бөлігі ыдыста қалады,сөйтіп ыдыстың үштен бір бөлігі ауадан босайды.Айталық,бұл бөлік ыдыстың орта жағын қамтысын.Сонда ыдыстағы қалған екі бөлік арасында белгілі бір аралық немесе көлем барма?

Олар бұл сұраққа бар немесе жоқ деп жауап беруге тиіс.Егер бар десе,онда ұзындығы,ені және тереңдігі бар нәрсемен толды деген сөз.Ал,егер жоқ десе, онда мынадай қарсы дау айтуға болады: «су ыдыс аузынан ауасыз кеңістікті толтырғанша құйылған жоқ па?Су біраздан кейін ағуын тоқтатып,ыдыстың аузынан судың тоқтаған жеріне дейінгі деңгейді алған жоқ па?Егер олар бұған құптап жауап берсе,онда аралықтың бар болғаны... [1, 49 б.]»

Бұдан кейін Фараби дененің ұлғаю,кішірею құбылыстарына тоқталады: «Заттардың ұлғаю және кішіреюінде де осы сияқты жағдай байқалады... Дененің мөлшерінің ұлғаюы екі түрлі жолмен жүзеге асады:

1)оған сыртқы жағынан басқа бір денені әкеліп қосу арқылы ұлғайтылады.Мұның мысалына қосып сығымдау арқылы бір дәнді екінші дәнге жабыстыруды алуға болады.Сонда бөліктерден тұратын жалпы көлем артады.Осы сияқты,араластыру және бөлшектеу арқылы да көлемді өзгертуге болады.Мысалы,егер арпа мен бидайды араластырса жалпы көлем ұлғаяды.Осы сияқты бір денені екінші денеден ажыратсақ зат кішірейеді.Бұл жерде денені араластыру немесе денеден жылы және суық бөлшектердің ажырауы салдарынан жылы дененің сууы,суық дененің жылуы сияқты құбылыс орын алып отыр.

2)Дененің мөлшерінің өзгеруі оған басқа бір бөліктің қосылуы немесе алынуы арқылы жүрмейді,өздігінен болады.Бұл қызу дененің температурасы одан қызу бөлшектердің қосылуынсыз-ақ төмендеуі немесе артуы сияқты көптеген денелердің көлемі осы тәріздес ұлғаяды.Олардың мөлшері оған басқа бір шаманың қосылуынсыз немесе алынуынсыз-ақ өзгереді».

Фараби былай дейді: «Мұндай дәлелдің қатарына ауаны жатқызуға болады,өйткені оның көлемі басқа көлемнің қосылуынсыз-ақ ұлғаяды.Ешнәрсенің қосылуынсыз-ақ судың температурасы өсіп,кему кезінде судың өзінің баяғы су қалпында қалатыны сияқты ауа да көлемі ұлғаю және кішірею кезінде баяғы ауа болып қалады».Бұл жерде әңгіме су мен ауаның массасы жайлы болып отыр.Әрі қарай ғалым: «Ауаның ұлғаюы мен кішіреюі табиғи немесе зорлау арқылы жүзеге асады.Мысалы,тастың қозғалысын алайық.Ол табиғи түрде,яғни төмен қарай қозғала алады және күш қолдану арқылы жоғары қозғала

алады,егер кернеу ала болса,өзінің табиғи қалпына,яғни төменге қайтып келеді.Ауа да осы сияқты.Егер оның көлемі зорлау арқылы ұлғайса,онда кернеу болып тұрғанда,бұл көлем сақталады.Кернеу қалай ада болса,солай оның көлемі бұрынғы табиғи қалпына қайтып келеді», -деп қорытындылайды [1, 52 б.].

Атынан көрініп тұрғандай Фараби бұл еңбегін ұстазы Аристотельдің атақты туындысы «Физиканы» өңдеп,түсіндіруге арнайды.Аристотельдің «Физикасы» сегіз кітаптан тұрады және ол біздің қазіргі физика ғылымына сай келмейді,оны табиғаттану философиясы деп қарастырған дұрыс.Мұнда Аристотель физиканың зерттеу объектісі,нысанасы қозғалыстағы денелер деп алып қозғалысқа қатысы бар мынадай проблемаларды зерттейді.Өзгерудің жалпы проблемасы,материя мәселесі,субстанциялар,қозғалыстың формалары т.б. «Физика,-деп жазады Әл-Фараби,-табиғи денелердің қайсысы жағдайға қарай анық болмыс екенін анықтай отырып, табиғи денелерді зерттейді; ол әр табиғи денеде оның нысаны мен субстанциясын, оның жаратушысы мен осы дененің, сондай-ақ акциденциясының бар болу мақсатын зерттейді» [2, 30 б.].

Ә-Фараби жер бетіндегі және аспан, әлемдегі заттардың материалдық сипатта болатындығына күмән келтірмейді. Материалдық заттар мен денелер Фараби пікірінше алты түрге бөлінеді: 1. Аспан денелері; 2. Есті жануарлар (адамдар); 3. Ессіз жануарлар; 4. Өсімдіктер; 5. Минералдар; 6. Төрт түпнегіз-от, су, ауа, жер. Аристотель аспан денелері ерекше бір зат-эфирден тұрады деді. Ал, Әл-Фараби болса, аспан денелерінің ерекшелігін тек олардың құрылысынан көреді [3, 110 б.].

Фарабидің бұл еңбегінің басты маңызы-Шығыс пен Батыс оқымысты-ларына олардың механикалық көзқарастарын,білімдерін дамытуда ерекше қызмет атқарған-Аристотель идеяларын тазалап,жөндеп жеткізу болды.Ол Аристотельдің «Физикасына»арналған ортағасыр Шығысындағы тұңғыш еңбек қана емес, Европа ғалымдарында да Аристотельдің механикалық қағидаларымен таныстырушы бірінші шығарма.

Қорыта келгенде «Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері - зор, тілек-мақсаты - ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт» дейді ойшыл. Менің білгенім, үйренгенім бір тоғыз болса, білмегенім тоқсан тоғыз. Сондықтан Әл-Фараби мұраларын оқу үйрену, зерттеу қоршаған дүниеге деген сын көзқарасымызды қалыптастырып, жаңа серпін берері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Көбесов А. Әбу Насыр Әл-Фараби. А., 2004. 47-67 бб.
2. Қазақ халқының философиялық мұралары. 3 т. А., 2005. 30 б.
3. Алтаев Ж., Әміркүлова Ж. Әл-Фараби және ислам философиясы. А., 2012. 110 б.

ӘОЖ 371(045)

ЖАС ҰРПАҚТЫ РУХАНИ - АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

Н. Қуаналі, З.Т.Көкшеева

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жас ұрпақты рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі, оқушылардың бойында жалпы адамзаттық қалыптармен гуманистік, моральдық тәртізді жасампаз қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен зерделік-

танымдық қасиеттерін дамыту жайлы ұлы ғалымдардың ой-пікірлері жайлы
баяндалады.

Түйін сөздер: тәрбие, оқушы, рухани-адамгершілік, сана-сезім, адами қарым-қатынас, мәдениет, қоғам, психология, бастауыш

Қай заманда болмасын, сол қоғамға сай азаматты тәрбиелеудің бірден-бір жолы адамның рухани байлығын арттыру болмақ. Жалпы орта білім беретін мектептің педагогикалық құрылымының негізгі құндылығы болып саналатын оқушыны жеке тұлға ретінде қарау және оның ішкі жан дүниесінің ерекшелігін дамыту - жалпы білім беретін оқу орындарының басты мақсаты.

Елбасы Н.Назарбаев: "Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы тарихтың толқынында өзінің ұлттық "МЕН" дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр...", — деді[1,58-656]. Осы күнге дейін мәдениеттің құрылымын негізінен материалдық және рухани – салалардан тұрады деп қарастыру басымдық алып келді де, ал жеке адамның келбеті көлеңкеде қалып қойды. Жеке адамның келбеті оның рухани күшімен анықталмақ. Рухани күшінің кайнар көзі моральдық, рухани-адамгершілік қасиетінде. Сондықтан да адам қасиетін құрайтын элементтерді ұштауға бағытталған мақсатты жұмыс, бұл — тәрбиелеу жұмысының басты нысанасы.

Бүкіләлемдік өркениет тарихынан ерекше орын алатын ұлағатты ұстаз әл-Фараби: "Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім — адамзаттың қас жауы", — деген[2, 116]. Ендеше, жеке тұлғаны өмірге бейімдеп, Отанын, елін, жерін сүйетін, тілін қадірлейтін, рухани дүниесі бай, ұлттық адамгершілік құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу – педагогика ғылымының басты міндеті, қазіргі ең өзекті мәселе болмақ. Қазіргідей нарықтық қатынасқа сатылай өтіп жатқан кезеңде қоғаммен мемлекет өзін таныған," түсінігі мол, ұлтын сүйетін, қоғамдық еңбегі мен кәсібі, дағдысы, іскерлік негіздері қалыптасқан рухани сау, табиғи мықты, жалпы адамдық және ұлттық мінез-құлық нормаларын іске асыра білетін, рухани жағынан жетілген жан-жақты адамды тәрбиелеуге өте мүдделі. Ал, рухани-адамгершілік тәрбие қарқынды түрде өзгеріске ұшырап отырған қоғамның нағыз қажеттілігі болып табылады. Өйткені, дәстүрлі құндылықтар негізінде ұрпақтар сабақтастығын нығайтып, қоғамды рухани сауықтыру үшін адамгершілік тәрбиемен сусындаған азаматтар қажет.Қазіргі кезде жеткіншектер мен балалардың рухани-адамгершілік әлеуетін дамыту мәселелерінің өзектілігі және педагогикалық маңыздылығы айдан анық. Олай дейтініміз, қоғамдағы өзгерістер салдарынан белгілі болған үрдістер жас ұрпақ өкілдерінің рухани-адамгершілік тәрбиесіне кері әсер етуде. Бұл олардың бойында тәуелді мінез-құлықтың қалыптасуына, ішімдікке, есірткіге, компьютер ойындары немесе ойын автоматтарына, жыныстық қатынасқа, жүгенсіздікке әуестікке, субмәдениетіне еліктіреді, яғни жеткіншек тұлғасы үшін жат әрекеттерге үйір қылады. Адам тумысынан адамгершілік қасиетке ие болып тумайды, ол адам бойына тәрбие арқылы дариды. Адамның адамгершілік атты асыл қасиетті игерген мәдениетті, нағыз адам болып өсуі, әр халықтың ғасырлар бойы дамып, қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиесін бойға сіңіруіне байланысты. Халқымыздың ғасырлар бойы сақталып келген ұлттық дәстүрін жас ұрпақтың бойына сіңіру, оларды имандылыққа, адамгершілікке, ізеттілікке, инабаттылыққа тәрбиелеуді мақсат етіп қойған.Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – мақсатты және жүйелі түрде тәрбиеленушінің санасына, сезіміне және тәртібіне қоғамдық мораль талаптарына сәйкес адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, ол жеке адамды қалыптастыруда ерекше орын алады. Ол отбасына, Отанға, халықтар достығына адал, кіршіксіз көзқарасы, қарым-қатынаста болуды талап етеді. Адамгершілік тәрбиесі оқушыларды адамгершілік ұғымды, принциптерді, мінез-құлық нормаларын ұғу жайындағы біліммен қаруландырады. Оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеудің мазмұны: тәртіптілік пен ұйымшылдық, достық пен жолдастық, шыншылдық пен әділдік, еңбек пен өз мінез-құлқына сын көзбен қарай білу сияқты қасиеттерді қамтиды. Мектептегі адамгершілік тәрбиесі біздің өміріміздің тек осы кездегі

талаптарын ғана емес, болашаққа да бағытталуы тиіс. Оқушы қаншалықты білімді болғанымен, оның адамгершілік қасиеті жетіспей жатса, оның жолдастары арасында болмағаны былай тұрсын, жақсы азамат та бола алмайды. Олай болса, мектеп қабырғасында оқушыларға берілетін адамгершілік дағдыны бірер жылдың ішінде оқушылардың бойына сіңіре қоюға болмайды. Ол – ұзақ жылдың жемісі. Оқушылар бойында жалпы адамзаттық қалыптармен гуманистік, моральдық (қайырымдылық, ізгілік, өзара түсінушілік, ізеттілік, кішіпейілділік, адалдық және т.б.) тәрізді жасампаз қасиеттерді сіңіріп, олардың өзара қарым-қатынас мәдениеті мен зерделік-танымдық қасиеттерін дамытуға ерекше мән беруіміз керек. Бастауыш сынып оқушысының рухани-адамгершілік даму деңгейінің жетілуі немесе өзгеріссіз қалуы ұстаздың ізденімпаздығына және тәрбие теориясы мен әдістемесін орынды пайдалана білуіне байланысты. Көптеген жағдайда, әсіресе бастауыш мектепте оқушы ұстаздың адамгершілікке баулуға құрылған тәрбие міндетіне дұрыс жауап бергенімен, оның рухани-адамгершілік даму деңгейі өзгеріске ұшырамайды. Өйткені оқу материалы оның адамгершілік сапасының жетілуіне тиісті түрткі тудыра алмайды. Оқу үрдісінде оқушы өз бойында бұрыннан қалыптасқан адамгершілік сипатын ғана көрсете алады. Сыр бойының XII ғ. білімді оқымыстысы, ақын Ахмет Игүнеки ойынша, "адамгершілік мінез-құлыққағыздау жолымен ғана емес, оларда моральдық сенімді дамыту және адамгершілікке бейімділікті туғызу арқылы қалыптасады" дейді. Сол айтылғандай, болашақ жастар, қазіргі мектеп оқушыларын рухани-адамгершілік сапа-қасиеттерге тәрбиелеу қаншалықты қиын болса, ол соншалықты маңызды да. Рухани-адамгершілік тәрбие оқушының тәртібін және рухани дағдысын қалыптастырады. Яғни ол - адамның ішкі жан дүниесінің ерекшелігін көрсететін адамгершілік деңгейін анықтайтын, сипаттайтын, оның тұрақтылығы мен үздіксіздігін, дамуын, әлеуметтану дәрежесін, қоғамдық мәнін айқындайтын жеке тұлғаның ең маңызды ішкі жан дүниесінің элементі [3, 256].

Қазіргі нарықтың заңдылықтары мен құндылықтарына сәйкес адамдар бұрынғыдай уақытын босқа өткізбей, ақша, пайда тауып, жекеменшігін байыту үшін іскерлік, белсенділік, жауапкершілік танытып, еңбек ете бастады. Бұл - әрине, қуантарлық жағдай болғанымен, оның рухани құндылықтарға қайшы келетін жақтары да бар, мысалы: қатыгездік, дәйексіздік, принципсіздік және тағы басқалар. Сондықтан да адамдарды сыйластық, мейірімділік қасиетке үйретіп, рухани мәдениетке баулу, сол арқылы адамгершілікке, қайырымдылыққа, инабаттылыққа тәрбиелеу баршамыздың міндетіміз болып табылады. Қазіргі уақытта тек қана қала жастары ғана емес, берекелі ауыл мен ақ көңіл, жайдары, ойлары таза, рухани құндылығы мен адамгершілігі жоғары, тәрбиелі ауыл адамдары да өзгерген. Мысалы, адам айтса нанғысыз аурулардың көбеюі, адамгершілік қасиетіміздің жүдеу тартуы, кісі өлтіру, үй тонау, маскүнемдік пен нашакорлық, жезөкшелік сияқты жат қылықтармен қатар мейірімсіз, қатыгез жастар ауылдан да шыға бастады. "Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде" деген сөз бар қазақта. Ендеше, жас ұрпақтың осындай күйге түспеуіне, олардың рухани бай, адамгершілігі мықты, дұрыс өмір сүруіне жағдай жасау кезек күттірмейтін мәселе екені анық. Мұнда әсіресе оқушылар тәрбиесіне мектептегі дұрыс ұйымдастырылған тәрбие іс-шараларының ықпалы да зор болары сөзсіз. Бүгінгі таңдағы сұраныс қоғамды ізгілікке, руханилыққа бет бұрғызып, оқу-тәрбие, жұмысын рухани-адамгершілік тәрбие негізінде ұйымдастырып, оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесін қалыптастыру қажеттілігін айқындап отыр. Адамның тәрбиелілігі барлық жағдайда адамның өмір шындығына қарым-қатынасынан байқалады. Адам бойында кездесетін сыйластық, әдептілік, әділдік, шыншылдық, жауапкершілік, түсіністік, тіл табысу, келісім, кешірімділік, кішіпейілділік, татулық сияқты қасиеттер қарым-қатынас жасауға үйренудің негізі болып табылады. Адамгершілік тұрғыдан тәрбиелілік жақсы, жағымды қарым-қатынаспен, ал адамгершілікке жат қылық, тәрбиесіздікпен, яғни жағымсыз қарым-қатынаспен астасатыны белгілі. Қазіргі мектептегі тәрбие мазмұны: біріншіден, адамгершілік, экономикалық, азаматтық, эстетикалық, экологиялық, жыныстық, дене, еңбек және т.б. сипатта болса; екіншіден, шындық,

мейірімділік, сұлулыққа қатысты жағымды көңіл-күйді сезінуге және өтірік, зұлымдық, ұсқынсыздыққа қатысты жағымсыз көңіл-күйді сезінуге баулу. Мұндағы мақсат – оқушының эмоционалдық-еріктілік сферасын дамыту және жетілдіру. Үшіншісі қарым-қатынаста көрініс табатын мінез-құлықтық – әрекеттік форманы құру болып табылады. Адами қарым-қатынасқа үйретуде табиғат, мәдениет, іс, қоршаған адамдар, ең жоғарғы құндылық ретіндегі адамның өзі тірек ретінде алынады. Мұндағы ескеретін әдістемелік ереже: аталған тіректерді негізге ала отырып қарым-қатынасқа үйрету бір мезгілде, бірыңғай тәрбие процесінде жүзеге асырылады; олар бірте-бірте, күннен-күнге, жылма-жыл педагогтар мен ата-аналардың ықпалымен дамып отырады[4, 7-96].

Қазақ халқы – рухани зор байлықтың мұрагері. "Өткенді жақсы білмейінше, келешекке сапар шегу айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп адасумен пара-пар!" - дейді Л.Н.Толстой. Өткеннен нәр алмай, рухани азық алмай болашаққа қадам басу және ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай, жастарды ізгілік пен парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Тәуелсіз ел болғандықтан, адамгершілік, ұлттық рухани мәдениетіміздің бүгінгі заман талабына сай жаңа бағдарламасын жасап, соны күнделікті өмір салтымызға ендіруіміз қажет. Сонда ғана біз өзінің дербес рухы мен мәдениеті жоғары, адамгершілікке бейім, санасы дамып жетілген өркениетті ел болып адамзаттың ұлы көшіне ілесіп, басқа халықтармен терезесі тең халық ретінде өмір сүре аламыз. Рухани - адамгершілік қадір-қасиеттер мен сапаларды оқушының бойына дарыту үшін, ең алдымен: олардың саналылығын көтеру; адамгершілік тұрғыдан сезімталдығын тәрбиелеу және дамыту; оқушының бойына жағымды мінез - құлықтың дағдылары мен қылықтарын үнемі сіңдіріп отыру қажеттілігі талап етіледі. Атақты педагог Сухомлинский: «Баланы 3 жастан 12 жасқа дейінгі аралықта әр адам өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден..., өз халықының рухани асыл қазыналарынан алады» деп жазады[5, 3-46]. Ал руханилық жеке тұлғаның негізгі сапалық көрсеткіші болса, оның негізінде адамның мінез-құлқы қалыптасып, ар-ұят, өзін-өзі бағалау және адамгершілік сапалары дамиды. Оның қайнар көзі – халықта, отбасысында, өнері мен әдет-ғұрпында, салт-санасында, оны жас ұрпақтың санасына сіңіру – ата-анасы мен ұстаздардың еншісінде. Адамгершілік – ең жоғары болып саналатын жеке адамның қасиеті, адамгершілік және психологиялық қасиеттердің жиынтығы, оның тақырыбы да – мәңгілік. Елінің бүгінгі мен ертеңін алыстан болжап, халық үшін еңбек еткен адамдардың өмірі де рухани байлық болып саналады. Бабалардан қалған қасиет пен құрмет, тіл мен діл, ел мен жер – бәріде біздің рухани байлығымыз. Рухани байлық – адамның өмірін, қоршаған орта, тіршілік аясымен тұтастыратын және оның бар мақсат мүддесін игі істермен ұштастыратын асыл арна, ал адамгершілік – адамдардың күнделікті қарым-қатынасына қатысты гуманизм принциптерін бейнелейтін моральдық қасиет. Адамгершілік қоғамдық қатынастардың дамуы мен тарихи-мәдени, рухани қажеттілігінің нәтижесі. Адамгершілік дегеніміз үлкенді үлкен, кішіні кіші деп қадірлей білуде, тектіліктің тірегін қалайтын тәлім тәрбиеде, ал тәрбие қуаты отбасында.

Орыс ғалымы А.Я.Гуревич былай дейді: “Қазір біздің қоғам күрделі тарихи өзгерістерді басынан өткеруде. Осы күнге дейін санада қалыптасқан құндылықтардың әлеуметтік-психологиялық негіздері мен өмір сүру жүйесінің күйреуі халықты абдыратып, рухани тоқыраушылыққа ұшыратып отыр”[6, 356]. Бірақ біздің орыстарға қарағанда жоғалтқанымыздың өлшеусіз көп екені ешкімге жасырын емес. Сондықтан өз халқымыздың жоғалтқан рухани, мәдени құндылықтарын қайтадан қалпына келтірмейінше, халық санасындағы рухани тоқыраушылықты жою, құлдық психологиядан құтқару мүмкін емес. Ал, рухани, мәдени келбетін сақтай алмаған халықтың өзінің мемлекеттілігін сақтай алмасы да анық. К.Маркс пен Ф.Энгельстің тарихты материалистік тұрғыдан түсіну теориясы – адамзат тарихында материалдық құндылықтардың шешуші роль атқаратын басты фактор екендігін дәлелдейді. Олар – «Сананы тұрмыс билейді» – деген қағиданы ұсынды. Біз осы кезеңге дейін қалыптасқан рухани қазынамызды түгендеп,

оның шынайы құндылығын әлі де анықтап біткен жоқпыз. Егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Адамның жеке басын қалыптастыру негізі бастауышта қаланатыны бәрімізге белгілі. Бастауыш мектептен бастап оқушыларға білімнің қыры мен сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау адамгершілік қасиеттерін дарытып ҚР азаматы деген атаққа лайық болатындай етіп тәрбиелеу - біздің міндетіміз болмақ. Сондықтан да бастауыш мектептен бастап оқушының жан-жақты дамуына басты назар аударылуы керек. Онда оқушының жан-жақты дамуына бағыт-бағдар беруші негізгі тұлға - мұғалім. Бастауыш білімнің мемлекеттік стандартында оқушыларды ғылымдар негізімен таныстырып қою емес, баланың жалпы ойын дамыту, қажетті тәрбие беріп, оны тәжірибеде қолдана білу үшін өздігінен жұмыс істеуге, адамгершілік мәдениетін қалыптастыру талап етіледі. Бүгінгі заманның педагогикалық, психологиялық зерттеулерінің анықтауы бойынша мектептің бастауыш сыныбындағы кезеңінде баланың қай жағынан болсын ең қарқынды дамытын кезеңі. Жас бала - жас шыбық тәрізді қалай исең солай майысады. Сондықтан да осы кезеңнен бастап, балаға тиісті көңіл бөлу керек екенін заман талабы, тәрбие кепілі деп түсінуіміз керек, яғни қазіргі қоғамдағы әлеуметтік, психологиялық және рухани – адамгершілік ахуалды оң өзгеріске қарай бұруымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан 2030. Алматы: Юрист, 2001, – 65 б.
2. Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – А.: Ғылым, 1975, 116
3. Айтжанова З. Салауаттылық - өмір салты. Адамгершілікке тәрбиелеу. //Бастауыш мектеп. 2004,-256. №1.
4. Рахимова Э. Педагогикалық зерттеу. Адамгершілікті ұрпақ тәрбиелеу. Алматы: Абай атындағы ҚҰПУ, 2004, 7-96
5. Сухомлинский В.А. Воспитание советского патриотизма у школьников. –М.: Учпедиз., 1959. – С. 3-4.
6. А.Я.Гуревич.Проблемы средневековой народной культуры.М.: Искусство, 1981. с—359

ӘОЖ 574.52(043.3)

КАСПИЙ ТЕҢІЗІНІҢ ТҮБІ ШӨГІНДІЛЕРІНІҢ ҚҰРЛЫМЫ ТУРАЛЫ

Н.Ж. Қылышбаева, Ж. Талғатқызы

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Геология дамуының қазіргі кезеңі теңіз түбінің және мұхит су қоймаларының құрылымын қарқынды зерттеумен сипатталады. Оның үстіне бұл зерттеу тек мұхиттардың аудандарын ғана емес, сонымен қатар салыстырмалы түрде шағын ішкі – эпиконтиненттік теңіздерді де қамтиды. Бұл өте түсінікті, өйткені бұл су қоймаларының геологиялық құрылымы туралы сұрақтарды әзірлеу қажет: ішкі теңіздердің құрылымы мен даму теориясының заңдылықтарын нақтылау; осындай теңіздерді қоршап тұрған аймақтардың геологиясын тереңірек түсіну үшін, ірі шөгінді ойпаңдар болып табылатын осы қоймалардың түбінен пайдалы қазбаларды, ең алдымен мұнай мен газды іздеу. Континенттік су айдындарының ішінде Каспий теңізі ерекше орын алады, ол әртүрлі геокұрылымдық элементтерді қиып өтетін үлкен гетерогенді ойпат болып табылады. Қазіргі алаптың таяздығы және түбі рельефін тегістейтін шөгінді материалдың көп мөлшерінің бассейнге түсуі теңіздің солтүстік бөлігіндегі шөгу процестерінің ерекшелігіне әкеледі.

Түйін сөздер: Маңғышлақ горизонты, Солтүстік Каспий, морфологиясы, шөгінділер, құрылым.

Солтүстік Каспийдің Жаңа Каспий кен орындарының барлық ашық қабатын бүкіл аудан бойынша егжей-тегжейлі зерттеу [аймақтары](#) әлі өндірілмеген. (1956) мәліметтері бойынша беткі қабаттың шөгінділері ірі механикалық құраммен сипатталады; қабықшалы құмы бар қабық, ұсақ сынған қабық, қабық материалының азды-көпті қоспасы бар оолиттік және терригенді құмдар кеңінен дамыған (5-суретті қараңыз - кірістірілген). Тек Жайық борозында жұмсақ шөгінділердің жинақталуы байқалады - аздаған сынған және бүтін қабықшалар қоспасы бар әкті лайлы-аргиллді және ұсақ лайлы шөгінділер. Сондай-ақ хемогендік пелитоморфты карбонаттың қарқынды шөгуі байқалады. Бұл ұсақ шөгінділердің жинақталуы Солтүстік Каспийде айналатын айналмалы ағыспен қоршалған Жайық бороздасының үстінен созылған галистатикалық аймақпен байланысты. Суреттен көрініп тұрғандай. 5, тұнбалы шөгінділердің жекелеген жерлері ауданда шашыраңқы және шағын аралдар мен жағалауларды қоршап жатыр, оның эрозиясы ұсақ түйіршікті материалдың көзі ретінде қызмет етеді; Мүмкін, олардың пайда болуы Маңғышлақ шығанағындағыдай негізгі жыныстардың сазды түбінің немесе жағалаудың эрозиясымен байланысты болуы мүмкін.

Маңғышлақ горизонты.

Жоғарғы Хвалынк ойпатының регрессивті фазасында орналасқан Маңғышлақ горизонтының шөгінділері оның үстінде жатқан Жаңа Каспий және оның астындағы Хвалын кен орындарынан айтарлықтай ерекшеленеді.

Олар мыналармен сипатталады: қоңыр-қоңыр түсті, ірі түйіршікті құрамы, Жаңа Каспий шөгінділерімен салыстырғанда карбонат мөлшері аз, шөгінділердің ерекше құрылымы, бір минералогиялық кешендердегі негізгі минералдық компоненттердің сандық қатынасының өзгеруі және шөгінділердегі корг мөлшерінің төмендеуі.

Бұрын анықталғандай шөгу процесінде негізгі рөл терригендік материалға жатады және салыстырмалы түрде шектелген. Жаңа Каспий шөгінділерімен биогендік және хемогендік генезі бар карбонаттың рөлі.

Терең сулы аймақта әлсіз әкті сазды және лайлы-аргиллді шөгінділер сияқты ұсақ түйіршікті шөгінділер кең таралған, олар шельфтің шығыс беткейі мен оған іргелес учаскесінде әлсіз әкті ұсақ лайлы шөгінділерге өтіп, таяз суда оолит құмымен ауыстырылған. тұтас және сынған қабықшалардың қоспасымен (Сурет 7).

Солтүстік-батыс бөлігінде лайлы-аргиллді және ұсақ алеврозды терригенді төмен карбонатты (10%-дан аз) шөгінділер аумақта біршама кең тараған, олардың қалыптасуы өзен, тармақталған тармақтар сияқты материал көздерінің жақын орналасуымен байланысты. геоморфологиялық картада анық көрсетілген ежелгі аңғарлар желісі Маңғышлақ табалдырығында су асты (континенттік) шөгінділер ашылғанға ұқсайды.


Орта Каспийдің батыс қайраңында және континенттік беткейінде Маңғышлақ шөгінділері қабатаралық сазды және лайлы-аргиллді тығыз қоңыр-сары және сұр-қоңыр әлсіз әкті шөгінділер тізбегімен берілген, олардың қабат аралық қалыңдығы орташа. 1-2 см түзілістер, шамасы, лай қоректенетін ағзалардың белсенділігімен байланысты. Материктік беткейдің жоғарғы бөлігінде бұл шөгінділер ұсақ түйіршікті болып, аралық қабаттардың қалыңдығы ұлғаяды, ірі лайлар жойылады. Материктік беткейдің етегіне қарай төсеніш жазықтықтарында лайлы материалдың ұнтақтары бар әлсіз әкті саз балшықтарының қалыңдығы артады. Дағыстанның континенттік беткейінде ырғақты градациялық қабаттар 8-15 см (кейде 0,5 м-ге дейін) ырғақ қалыңдығымен айқын көрінеді. Әрбір ырғақ ішінде дөрекі лайдан немесе ұсақ шөгінді лайдан сазды лайға дейін төменнен жоғары қарай біртіндеп ауысу жүреді. Градациялық қабаттасатын шөгінділер өзіндік геоморфологиясы бар қайрандық аймақтармен шектеледі, су асты аңғарларының болуы Маңғышлақ шөгінділерінің жинақталуы кезінде суспензия ағындарының маңызды рөлін көрсетеді.

Орта Каспийдің орталық аймағында – терең сулы ойпат аймағы мен шығыс континенттік беткейдің оған іргелес бөлігінде – Маңғышлақ горизонты үш қабатты құрылымға ие болса, ортаңғы қабатта ірі түйіршікті, негізінен әктілігі аз, қоңыр түсті сазды сазды тұнбалар. Оның қалыңдығы үстіңгі қабаттан 2-3 есе артық. Төменгі қабат құрамында карбонат мөлшері аздап жоғарылаған ең ұсақ түйіршікті сазды шөгінділермен ұсынылған. Бұл әлсіз әкті саз балшықтары көлденең төсеніштерге ұқсайтын микротекстурамен сипатталады. Бұл аймақтың ұсақ түйіршікті шөгінділерінде құмды өлшемді жеке жақсы дөңгеленген ірі бөлшектердің, тіпті континенттік беткейде қиыршық тастардың болуы атап өтілді. Терең теңіз алаптарының ұсақ түйіршікті кен орындарының ішінде жақсы сұрыпталған шөгінділердің аралық қабаттары да кездеседі, олармен байланысты.

Орта Каспийдің шығыс аймағында негізінен кен орындарының 3 түрі басым:

- 1) сары және қоңыр-сары түсті қабық-оолиттік құмдар;
- 2) шөгінділер қоспасы бар құм-қиыршық-қиыршық тасты шөгінділер;
- 3) континенттік беткейдегі ұсақ түйіршікті әлсіз әкті лайлы-аргиллді шөгінділерге айналатын әлсіз әкті ұсақ лайлы және лайлы-аргиллді шөгінділер.

Жалпы алғанда, шығыс бөлігінің шөгінділеріндегі әлсіз әкті ұсақ лайлы және лайлы-аргиллді шөгінділер теңіздің батыс бөлігінің шөгінділеріне қарағанда ірі түйіршікті және карбонатты (16,4%-ға дейін) болып келеді. Бұл пелитикалық құрамдас бөлігінің төмендеуінің, ұсақ лайлы құрамдас бөлігінің ұлғаюының және қабық материалының байытылуының салдары. Шөгінділердің микротекстурасы негізінен темірдің оксидті формаларымен ұсынылған минералдардың көптігіне байланысты дақты ферругинациямен байланысты. Төменгі жағында Маңғышлақ шөгінділері ашылған жерлерде өзектердің төбелері ең темірлі болып келеді.




Р и с. 6. Распределение мощностей новокаспийских отложений (А) и мангышлякского горизонта (Б)
1 – линии равных мощностей (м); 2 – изобаты (м); 3 – зоны ограниченного осадконакопления (мощности новокаспийских отложений не превышают 0,1–0,5 м); 4 – выходы дочетвертичных пород; 5 – предполагаемое положение береговой линии в период мангышлякской регрессии; 6 – колодезь

Маңғышлақ шөгінділерінде ірі сынық материалдардың жиналуы кейбір жағдайларда бұл тізбектің қалыңдығының ұлғаюына әкеледі.

Дөрекі кластикалық материал негізінен сары қабықшалы-оолиттік және оолиттік әктастармен ұсынылған.

Классикалық материалдың ең көп байытылуы террасалар меншектеледі, мұнда Маңғышлақ шөгінділерінде Ново-Каспиймен салыстырғанда дөрекі кесек материал мөлшерінің жоғарылауы байқалады.



Р и с. 7. Литологические типы осадков мангышлякского горизонта
 1 — оолитовый песок с целой и битой ракушкой;
 2 — крупный алеврит;
 3 — мелкоалевритовые илы;
 4 — алевритово-глинистые илы;
 5 — слабоизвестковые мелкоалевритовые илы;
 6 — слабоизвестковые алевритово-глинистые илы;
 7 — слабоизвестковые глинистые илы;
 8 — изобаты;
 9 — береговая линия максимума мангышлякской регрессии

Маңғышлақ горизонтының шөгінділері Жаңа Каспий шөгінділері мен салыстырғанда олардың карбонаттылығының аздығынан басқа, шөгінділердің минералды кешенінің терригендік және аутигендік және биогендік құрамдастарының өзгеруімен сипатталады. Бұлшөгінділерде Жаңа Каспий қақпақшаларында көп кездесетін диатомдар мүлде жоқ, ал мұнда негізінен остракодтар мен фораминифералар қабықшаларынан тұратын биогенді карбонат, сондай-ақ қабықтың детриттері әлдеқайда аз мөлшерде болады. Маңғышлақ кен орындарында Ново-Каспий кен орындарымен салыстырғанда пирит әлдеқайда аз, ал кей жерлерде мүлде жоқ. Терригендік дәндер, әсіресе ірі алевритті дәндер кварцпен байытылған. Оның түйіршіктері бұрыштық және жартылай дөңгелектенеді, сонымен қатар кварц толқынды жойылумен кездеседі. Маңғышлақ шөгінділеріндегі кварц құрамының жоғарылауы туралы мәліметтер шөгінділердің тұнбалы үлесін суға батыру әдісімен зерттеумен де, осы кен орындарындағы кварцтың максималды сипаттамасын беретін термографиялық қисықпен де расталады. Маңғышлақ горизонтының лайлы-аргиллді шөгінділеріндегі Коргтың мөлшері 0,44% болса, Жаңа Каспий кен орындарында 1,18%, ұсақ сазды шөгінділерде 0,32%; сонымен бірге теңіздің шығыс бөлігінің шөгінділеріндегі коргмөлшерінің батыс бөлігімен салыстырғанда азаюы байқалады.

Жалпы темірдің құрамын зерттеу оның Маңғышлақ кенорындарында көбеюін көрсетті, бұл түсті де, дақ микроқұрылымымен де, темірдің оксидті формаларымен байланысты минералдардың көптігімен жақсы үйлеседі. Жалпы темірдің мөлшері 2,01-ден 5,58%-ға дейін ауытқиды және батыстан шығысқа қарай азаяды, бұл темірдің айналмалылығымен суспензияға ауысуымен байланысты.

Лаврлы-аргиллді және майда лайлылайлардағы реактивті темір сәйкесінше 73,5 және 67,2%, детриттік темір жалпы темірдің 26,4 және 32,8% құрады. Реактивті темірдің құрамдас бөліктерінің ішінде сульфидті темірдің (Фесульфиді) лайлы-аргиллді және ұсақ лайлы тұнбалардағы мөлшері сәйкесінше 0,5 және 0,6% құрады (немесе екі жағдайда да жалпы көлемнің 0,4%). Осылайша, алынған мәліметтер Орта Каспийдің батыс және шығыс беткейлеріндегі Жаңа Каспий кен орындарымен салыстырғанда Маңғышлақ горизонтында бұл компоненттің күрт төмендегенін көрсетеді. Шойын оксидінің (Fe^{3+}) лайлы-аргиллді тұнбалардағы мөлшері 82,3%, ұсақ сазды тұнбаларда – 78,2% (немесе жалпы көлемнің сәйкесінше 60,6 және 52,5%) болды. Ылғалды жауын-шашынның сары түсі олардың табиғи жағдайда оксидтік күйін көрсетеді.

Темірдің формалары мен Корг құрамы туралы алынған мәліметтер Н.М. Страхов әдісі (1972), шөгінділердің диагенезінде тотықсыздануға ұшыраған заттардың мөлшерін көрсету және оны қалпына келтіру процестеріне жұмсалған органикалық заттардың мөлшерімен салыстыру. Толық баланс үшін Mn анықтаулары болмағандықтан және темірдің пішіндері құрғақ материалдан анықталғандықтан, бұл есептеу, жоғарыда көрсетілгендей, тек шамамен алынған.

Жаңа Каспий кенорындарында қалпына келтіру процестеріне коргшығыны салмағы бойынша 0,4595-0,4012% немесе бастапқы органикалық заттарға қатысты 20,4-20,8% құрады, ал Маңғышлақ кенорындарында салмақ мөлшері 0,0490-0,0404% құрайды және құрайды. Бастапқы органикалық заттардың 9,2 - 10,9% жоғары. Мұндашөгіндідегі

Корг мөлшерінің азаюына емес, регрессивті Маңғышлақ фазасындағы тұнбаның басқа да жағдайлары орыналады.

Өртүрлі қарқындылықтағы қысқарту процестерін анықтау үшін Тынық мұхиты үшін Н.Страхов ұсынған SO-24 диффузиялы кен уградациялары және оларға сәйкес келетін қалдық Коргмәндері пайдаланылды. Күшті тотықсыздану процестерінің аймағы өзендерінде ашылған барлық Жаңа Каспий кенорындары меншектелетіні анықталды. Сонымен қатар күшті бола отырып, 50 - 160 және 60 - 200 см аралықта өзектерде процесс өзінің максимумына жетеді. Маңғышлақ шөгінділерінде процестің қарқындылығы күрт төмендеп, оның әлсіз көрінісі ғана орыналады. Шельфтің шетінде эрозия аймағы бар жерде және беткі қабатта (0-5 см) Маңғышлақ шөгінділері пайда болған жерлерде реактивті темір оксид түрінде көрінеді, ал қаратемир тек астындағы шөгінділерде пайда болады. Төмен қарқынды процесс жүреді.

Алынған мәліметтер темір сульфидті формаларының орналасуымен анықталған редукция аймағының морфологиясын қадағалауға мүмкіндік берді. Сульфидтер мөлшерінің максималды мәндері және қалпына келтіру процесінің ең жоғары қарқындылығы өртүрлі бағандарда 50-160 және 60-200 см-ден жоғары, бағанның бетіне де, төменге де төмендейді. Бұл шөгінділердің белсенді аймағын анықтауға мүмкіндік береді, олардың қалыңдығы, шамасы, 1,5 - 2 м диапазонында өзгереді, мұнда теңіз суынан SO-24 диффузиялық сіңіруімен байланысты максималды қалпына келтіру процестері жүреді, ал колоннаның төменгі ағысында темір сульфиді тұнбасының құрамы. Бұл Н.Страхов атап көрсеткендей, SO-24 диффузиялық енуінің тоқтайтынын немесе мазмұнына әсер етпейтіндей төмен жылдамдықпен жүретінін көрсетеді.

Сонымен, Каспий теңізі үшін алынған алдын ала мәліметтер Н.Страхов Тынық мұхиты үшін есептеп шығарған мәліметтерге жақын, онда диагенездегі ядроның қалыңдығы – 1,5 м.

Жоғарыда айтылғандай, шөгінділердің сазды фракциясындағы бордың мөлшерін сандық спектрлік әдіспен анықтау Маңғышлақ регрессиясы кезінде Каспий теңізінің тұздылығы Жаңа Каспий теңізіне қарағанда жоғары болғанын көрсетуге мүмкіндік берді. Маңғышлақ уақытында шөгінділерде гидрослюда мен хлориттің көбеюі және гидрослюда-монтмориллониттік құрамдағы аралас қабатты минералдардың едәуір мөлшері бар монтмориллонит пен каолиниттің азаюы байқалады, олардың түзілуі монтмориллониттің өзгеруінен болған көрінеді.

Алынған нәтижелер сазды фракциядағы саз минералдары мен борды жан-жақты зерттеу бассейнде болған палеогеографиялық өзгерістерді сенімдірек қарастыруға мүмкіндік беретінін айтуға мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абих Г. Краткий обзор строения Апшеронского полуострова. - Зап. Кавказ, отделения Русск. геогр. о-ва, 1864, кн. VI.
2. Авербух Б.М., Гаджиев А.Н., Лиадзе В.В., Потоцкий Е.В. Некоторые особенности геологического строения и перспективы нефтегазоносности погребенных поднятий Хачмас-ЧархиКусаро-Дивичинской наложенной мульды в свете новых геолого-геофизических данных. - Изв. вузов. Нефть и газ, 1970, №11, Баку.
3. Агапова Г.В. Геоморфологическая карта дна Каспийского моря. - Океанология, 1961, т. 1, №2.
4. Бакиров А.А., Бакиров Э.А., Мелик-Пашаев В.С. и др. Теоретические основы поисков и разведки скоплений нефти и газа. М., Высшая школа, 1968.
5. Батулин В.П., Копылова Е.К. Геологический очерк южной и средней частей Каспийского моря. - В сб. Современные осадки Каспийского моря. М., Изд-во АН СССР, 1956.

6. Бордовский О.К. Органическое вещество современных осадков Каспийского моря. - Океанология, 1969, т. IX вып. 6.
7. Борисов А.А., Дикенштейн Г.Х., Кравченко Н.Е., Лопатина П.П., Маловицкий Я.П., Корнев В.А. Основные черты тектоники Каспийского моря и прилегающих районов суши. - Геология нефти и газа, 1962, № 12.
8. Бруевич С.В. Влажность грунтов Каспийского моря. - Докл. АН СССР, 1945, т. 47, № 4.

UDK 316

DEVELOPMENT OF TOLERANCE AS AN INDIVIDUAL FEATURE IN STUDENTS

A.Y. Narshabaeva

Nukus State Pedagogical Institute named after Ajiniyaz
Nukus, Republic Karakalpakstan

Annotation. The 21st century is characterized by ever-increasing global processes, carrying both positive and frankly negative trends. Uzbekistan has always been and remains a multi-confessional, multi-cultural, tolerant state. Today it is impossible to imagine a steadily developing state without a tolerant attitude and mutual understanding of all its citizens.

Keywords: global process, nationality, tolerance

States in which the problems of ethnic minorities are solved by meeting their socio - cultural requirements, observing equality and democratic norms, are developing, and multinationality in them is a platform for solving national-state interests.

Since the first days of independence in the Republic of Uzbekistan, much attention has been paid to ensuring equal rights for all citizens of the country and priority has been given to maintaining interethnic harmony and interfaith tolerance.

Since 1997, the Republic of Uzbekistan has annually celebrated the International Day for Tolerance, established by the UN General Assembly.

All citizens of the Republic of Uzbekistan, regardless of nation, nationality, social affiliation, religion and beliefs, have the same civil rights and are protected by the Constitution of the Republic and its laws.

One of the most important forms of social development is intercultural interaction. Scientists pay increased attention to the problem of tolerance, it is a component of intercultural education and is analyzed from a philosophical, social and pedagogical position.

Students occupy a special position in society, as they have a high level of professional and personal culture. Students will have to form in the future public (and interethnic) relations. Therefore, improving the methods of working with students on the assimilation and awareness of the principles of tolerance is extremely important.

The term "tolerance" is relatively young in science. Interest in tolerance attracts the attention of researchers from various disciplines - philosophy, sociology, cultural studies, personality psychology, clinical, developmental, social psychology, etc. To date, there have been various approaches to the definition of tolerance, depending on the specifics of the discipline and the theoretical postulates within which this is considered. concept. Most researchers emphasize that tolerance is not just tolerance for differences, for other people, for differing opinions, views.

Tolerance is not passive obedience to the opinions of others, but an active moral position and psychological readiness for tolerance in order to achieve mutual understanding with people of different cultural, national, religious or social environments.

The phenomenon of tolerance is the subject of extensive interdisciplinary scientific research. Tolerance means rejection of domination and violence; recognition of the diversity of human culture, the ability to resist (negative environmental influences, etc.)

“Peaceful life in Uzbekistan in an atmosphere of mutual understanding and consent of representatives of more than 130 nations and nationalities is one of our most important achievements over the years of independence. Strengthening interethnic harmony and friendship, to which the 137 national cultural centers operating in the country make a great contribution, continues to be one of the priority areas of state policy. Strengthening the atmosphere of tolerance between different confessions, ensuring the equality of citizens, regardless of their religion, is one of the priority tasks for us,” the President of the Republic of Uzbekistan Sh.M. Mirziyoyev.

Important indicators of the effectiveness of the national policy of the Republic of Uzbekistan are that teaching in the education system is conducted in the language of many ethnic groups, which make up the majority of the country's population.

There are 8867 Uzbek language schools, 383 Karakalpak, 739 Russian, 505 Kazakh, 267 Tajik, 62 Kyrgyz, and 50 Turkmen schools operating in the republic.

In the reforms of the education system being carried out in Uzbekistan, special attention is paid to the development and implementation of effective organizational pedagogical forms and means of spiritual and moral education of student youth, based on rich national cultural and historical traditions, customs of the people and universal values. The priority of education and versatile development of the personality is provided. Educational work is being improved, covering the entire population of the country with the aim of respectful attitude towards representatives of other nationalities and confessions living in Uzbekistan.

Religious education plays an important role in the formation of tolerance among the younger generation. Religious policy in the Republic of Uzbekistan is based on the principles of the secular nature of the state and its tolerance, i.e. tolerant and equal attitude towards all religions, the desire of the state to develop healthy and constructive cooperation with religion. The basic fact is that a polyconfessional society exists and develops in Uzbekistan.

In Uzbekistan, during the years of independence, on the initiative of the First President of Uzbekistan Islam Karimov, many historical monuments were restored, architectural and memorial complexes were built, opened in 1955, and in total there are more than 2000 mosques, 9 madrasahs. Today there are more than 2,000 religious organizations of about 20 different denominations operating in Uzbekistan. The vast majority are Muslim organizations.

During the years of independence, hundreds of churches, synagogues and prayer houses were built and restored.

More than 2000 mosques function in the republic (in 1980 there were only 89 of them). During the years of independence, hundreds of churches, synagogues and prayer houses were built and restored. Every year, with the support of the leadership of the republic, believers of various denominations make pilgrimages to holy places. Over the past years, more than 70,000 Muslims have been given the opportunity to make the hajj to Saudi Arabia, hundreds of Christians and Jews have visited Russia, Greece and Israel. For comparison: before the declaration of independence, on average, 3-4 people left Uzbekistan for pilgrimage. in year.

The freedom of religion guaranteed by the current legislation has created the necessary conditions for meeting all the religious needs of citizens - representatives of various nations and ethnic groups professing various directions of Christianity, as well as Buddhism, Bahaism, Judaism and the teachings of Krishna.

The international organization UNESCO in 2007 recognized Tashkent as the capital of Islamic culture. This fact confirms that Uzbekistan is recognized in the world as one of the centers of world civilization, interethnic and interfaith tolerance.

The spiritual leader of youth, accumulating their life positions, as is known, is the students, which have their own psychological and age characteristics, characterized by emotional

immaturity, openness, suggestibility, self-identification not on the basis of universal values, but under the influence of collisions in the sphere of ethno-social and other relations.

It is no coincidence that the most important principles of educating young people in the spirit of tolerance are:

- humanization and humanization of education, the formation of high spirituality, culture and creative thinking among students;

It should be noted that during the years of independence, the number of universities in Uzbekistan increased almost 3 times and today they have over 344 thousand students.

In the period of globalization, the events taking place in the world require constant attention to the issues of improving the education of tolerance among young people, especially in the multinational and multi-confessional Republic of Uzbekistan.

LITERATURE

1. Kamilov K. Tolerance is a requirement of time and a priority of society // Uzbekistan is a country of peace and harmony /. Tashkent: Uzbekiston NMIU, 2017.
2. Ziyamov N.Sh. Some aspects of solving the problems of strengthening the security and stability of Uzbekistan in the conditions of independence. Tashkent: Fan va technology, 2011. p. 63.
3. Murtazaeva R.Kh. Uzbekistan - a unique land of interethnic harmony and tolerance // Uzbekistan - a country of peace and harmony / Sat. mater. to onf . Tashkent: Uzbekiston NMIU, 2017.
4. Speech by the President of the Republic of Uzbekistan Sh. Mirziyoyev on September 19, 2017 at the 72nd session of the United Nations General Assembly // Narodnoeslov of September 20, 2017.

ЎОЖ 16.01.07

ЖЫРАУЛАР ТІЛІНДЕГІ САЛТ-ДӘСТҮР ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

А.М. Сарсенова, Б.И. Нұрдаулетова

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада жыраулар поэзиясындағы салт-дәстүр, әдет-ғұрып көріністері танымдық-прагматикалық тұрғыда талданады. Тілдік тұлғаның сөз қолданысу үдрісіндегі «мән» мен «мағына» қарастырылады. Мақалада жыраулар кезеңіндегі салт-дәстүрдің, соның ішінде көңіл-қос, тұрмыс жырлардың бүгінгі күнге дейін мәнін жоғалтпағаны аңғарылады.

Түйін сөздер: ұлттық колорит, сөз, мән, салт-дәстүр, қоштасу, естірту, жоқтау, тойбастар

Жыраулар поэзиясы – қазақ халқының өз алдына жеке мемлекет болып қалыптасуының рухани шежіресі; дүние туралы ой-толғаныстарды тереңнен түйіндейтін пәлсапа жиынтығы. Сонымен қатар жыраулар шығармаларының тілі ұлттық танымды таңбалайтын салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, тұрмыстық жырлар мен ұлттық колориттерге бай.

Тілдің құдіреті – ел ең жаман күннің өзін тыңдаушыға барынша сақ, әдемі, әрі әсерлі жеткізе білген. Сөйлеуші тыңдаушының жан дүниесін, көңіл әлемін басты назарға ұстаған. Қазақ халқының тал бесіктен жер бесікке дейінгі өмірі бөлек бір мәдениет. Бұл сөзіміз Абай атамyzдың «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнауына кірер денең» деген сөзіне саяды. Бұл дегеніміз қазақты өзге этностардан даралайтын ұлттық ерекшелік [1, 38].

ХУ-ХУІІІ ғасырларда жыраулар хан мен халық арасындағы байланысты нығайтушы, жеткізуші қоғам қайраткері ретінде танылғандықтан, олардың шығармаларында ертеден хаықпен бірге жасасып келе жатқан салт-дәстүр, ғұрыптық жоралғыларға қатысты жырлар мол ұшырасады.

Мәселен, Абыл жырау туыстас ағасы Тілеумағамбетті жер қойнына тапсырарда былай қоштасыпты:

Жарылар – сегіз арыс ауылың қалды,
Құдайберген, Майлан, Шотан бауырың қалды.
Шығарған төрт Назарды шаңырағың,
Тастемір қалың қара сауырың қалды [2, 85].

Нұрым Шыршағұлұлының қызы ұзатылғанда шығарылған «Қоштасу» деген өлеңіндегі тақырыптық мазмұн – оң жақта жүрген қыздың ғажайып дәуренді шағын мадақтау, сол бір қайталанбас балауса кезеңмен мұңды әуенді сезіммен қимай, тебірене қоштасу [4, 63]. Ұзатылар қыздың қоштасу сәтіндегі күйін ақын сол қалпынша суреттейді:

Қырымның жұрт жиылған қызығындай,
Бедерің бес жасыңнан тұр бұзылмай.
Қып-қызыл екі бетің алмадайын,
Базарда бұлы қымбат қырмызындай.
Асылдай ақ күмістен айырылуы-ай,
Қасиетті бір мінезің әбүйірлі-ай,
Ақ бетің ақ жауқазын айға меңзес,
Бұқардың бұлы қымбат ақ ұнындай [2, 58].

Ақын қыздың келбетін аша түсетін «Асыл ең көрінетін келіп ұдай», «Қорынып қасыңда ешкім тұра алмаған», «Бір гүлсің бақшадағы ашылмаған», «Періште көрінеді басың маған», «Ажары ақ бетіңнің айға меңзес» сынды көріктеу мақсатындағы тіркестерді тартымды қолданады. Өлеңдегі тағы бір мәселе – оң жақтағы бұла дәуренмен қоштасып бара жатқан қыздың ішкі жан дүниесіндегі елін, жерін, бостандықпен өткен күндерін, айларын, жылдарын ойлайтын қимастық сезімдерімен орайласа, жұбата жырлау. «Басыңнан өтер дәурен көлбектеген» дей отырып, ақын ата-анасының арқасында жастайынан ерке өскен қыздың енді бақытты болуын, жақсы жандарға кездесуін тілейді.

Естірту өлеңдерінің композициясындағы қайтыс болған кісінің атын әуелде тұспалмен, содан кейін сол адамның есімін бірден айта жырлаудың кейде қажетті себептері де болады. Мысалы, Қалнияз Шопықұлының «Амантұрлы батыр қазасын шешесіне естіртуі» өлеңінің мынадай тарихы бар: «Дәуескен қамалында Хиуа ханы әскерлерімен шайқаста Амантұрлы батыр қаза болады. Батырдың өлімін шешесіне естірту үшін Қалғияз ақын бұрынғы батырлардың ерлік істерін, олардың елдік жолында қаза болғанын жырлайды. Бірақ батырдың шешесі сөз мәнісін түсіне қоймайды. Мұны байқаған ақын Амантұлының атын кірістіре жырлайды. Сол кезде ғана батырдың анасы жоқтау айта бастайды» [3, 170].

Өзіңнен біраз жасы үлкен,
Дөмпеш таудай басы үлкен,
Жасыңда болған сырласың,
Үлкен де болса құрдасың,
Сексенен аса бергенде,
Қайрылмас қаза келгенде,
Батырың өлді Бөгенбай! [2, 160]

Естіртудің үшінші бөлімі – қазаны естіген қайғылы кісіні жұбатумен аяқталады. Құдай негіздеген өмірдің өлім атты ұлы заңдылығын мойындай білу – азаматтық мінез мықтылығының, мұсылмандықтың көрінісі. Өмірден өткен кісінің өлімін естуші жақынын, артында қалған халқын сабырға шақырып, болашақ күннің ұрпақтарына жалғастығын, марқұмның бақи дүниедегі жайлы ғұмырын тілеу жырланады [5, 111].

Жыраулар шығармашылығында көңіл-қос өлеңдерімен қатар, той-думан, қуаныш, жақсылықты естіртуші тойбастар өлеңдері де жиі кездеседі.

Тойыңды біз басталық, риза бол,
Іркіліп, айта алмайды кейбір жаман.
Өлеңім айтсам тәтті шекер балдай,
Дем берсе, тіл мүдірмес, Жаббар Алла-ай [2, 121].

Абыл жыраудың бұл өлеңі фольклордағы тойбастар жанрына толық саяды. Тойбастар – отбасындағы үйлену, қыз ұзату, өзге де қуанышқа қаратылып айтылатын, үй иесін мадақтап, той иесіне жақсы тілек, бата жаудыратын өлең түрі. Абыл жыраудың тойбастары қыз ұзатылу дәстүріне қатысты айтылған. Жыр мәтініндегі «сәрсенбінің сәттісінде», «қолдасын Жаббар Алла», «Артық-ты өзге қыздан қырық мысқалың», «Отырсыз сіз бір елге ниет етіп», «Жас дәурен, шолақ болдың неғылып-ай?!» деген тіркестер соны аңғартады.

Жыраулар поэзиясында үлкен мәнге ие болып, салт-дәстүрге сіңіскен, өзіндік мазмұн желісімен, көркемдік кестесімен халық жүрегін баураған – қоштасу, естірту, жоқтау, көңіл айту, тойбастар, сынсу сынды халықтық үлгілер қоғамдық өмірде бүгінге дейін жалғасып келе жатқан өміршең формалар. Жыраулар поэзиясы асқан рух пен ұлтжандылық ұлы күштің қаруы іспеттес болғанымен, оларда да лириканың нәзік иірімдері барын салт-дәстүр, ғұрыптық тақырыптағы жырларынан айқын байқалады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 156 б.
2. Тіл таңбалы Адайдың ақындары. 2-кітап. (XIX ғасырдың алпысыншы жылдарынан XX ғасырдың кеңестік дәуіріне дейін дүниеге келген Маңғыстау ақын-жырауларының шығармалары.) – Алматы: Жазушы, 2006.
3. Тұрышев А. К. Дис.: М.Ж.Көппев шығармаларының этномәдени ерекшеліктері. Алматы, 2005. -160
4. Боздағым: Қазақтың жоқтау жырлары. – Алматы: Жазушы, 1990. –304 б.
5. Сағындықұлы Б. Ғаламның ғажайып сырлары. – Алматы: Ғылым, 1997. – 296 б.

ӘОЖ 355

«КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САНАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ»

Г.Р. Сатлық, А.А. Әбжами

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл тақырыптың өзектілігі мемлекеттік органдардың да, қоғамдық ұйымдардың да, жекелеген азаматтардың да кәмілетке толмағандарды қорғауға бағытталғандығымен түсіндіріледі. Жұмыстың мақсаты – кәмілетке толмағандардың құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселелерін жан-жақты талдау. Жұмыстың міндеттері халықаралық құқық нормаларын және кәмілетке толмағандардың құқықтық жағдайын реттеу бойынша Қазақстандық заңнаманы қарастыру болып табылады. Жұмыста әртүрлі деңгейдегі кәмілетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мәселелерін шешудің негізгі міндеттерін жүзеге асырудың дұрыстығы мен қабілеттілігі туралы қорытындылар жасалды.

Түйін сөздер: кәмілетке толмағандар, кәмілетке толмағандардың құқықтарымен мүдделерін қорғау, мемлекеттік саясат, әлеуметтік саясат, әділет.

Қазақстан аумағында балаларды тәрбиелеудегі қатынастарды реттейтін негізгі нормативтік-құқықтық акт – «Неке және отбасы туралы» кодекс. Онда балалардың әлеуметтік және материалдық құқықтары анықталған. Балалар – қоғамның әлсіз қорғалған өкілдері және олар ерекше қорғауды қажет етеді. Сондықтан да мемлекет пен халықаралық қоғамдастық жалпы кәмелетке толмағандарды жеке топқа оқшаулаған.

Ювеналды әділет (кәмелетке толмағандарға қатысты сот төрелігі) сот төрелігінің мамандандырылған жүйесін, кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау жөніндегі тиісті заңнама мен мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардың кешенін, оларға қатысты сот төрелігін жүзеге асыруды, кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарына ден қоюды білдіреді. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі соттарды құру – Қазақстандағы ювеналды әділет жүйесін дамытудағы маңызды қадам. Ювеналды сот ісін жүргізудің негізгі қағидаттарын дұрыс бекіткен Бірінші халықаралық құқықтық құжат – БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясы.

1994 жылғы 12 тамыздан бастап Қазақстан – БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы халықаралық конвенцияға қатысушы. Аталған Конвенцияны іске асыру мақсатында 2002 жылы «Бала құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. 2003-2006 жылдары республикада «Қазақстандағы ювеналды әділет» халықаралық жобасы іске асырылды, оның шеңберінде Қазақстан Президентінің 2007 жылғы 23 тамыздағы Жарлығымен Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында алғашқы эксперименттік ювеналды соттар құрылды. Кейіннен, ювеналдық әділет жүйесін дамытудың 2009-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы мақұлданды, ол ювеналдық сот ювеналдық әділет жүйесінің ең маңызды буыны саналатынын анықтады. Пилоттық ювеналды соттар қызметінің оң тәжірибесі ескеріле отырып, мұндай соттар еліміздің барлық облыс орталықтары мен кейбір ірі қалаларында құрылды.

Заңдарды түбегейлі жаңартумен ювеналды соттардағы азаматтық және қылмыстық істердің саны айтарлықтай өсті. Әкімшілік іс құжаттарына енгізілген өзгерістерге байланысты әкімшілік істер саны азайған. Кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы қылмыстық істерді қарау практикасы бұл санаттағылардың көбіне қылмысты жұмыспен қамтылмауына, кәмелеттік жасқа толмауынан жұмысқа орналасу мүмкіндігінің болмауына, ата-анасының ауыр материалдық жағдайына байланысты оқуын жалғастыру мүмкіндігінің жоқтығына, сондай-ақ жұмыс істеуге және оқуға деген ниетінің болмауына байланысты жасайтынын көрсетті. Бұл ата-аналардың жасөспірімдерге көңіл бөлуінің жеткіліксіздігін, ал жекелеген жағдайларда ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеу мен асыраудан бас тартуын, балалардың мінез-құлқына ата-аналық бақылаудың жоқтығын, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша полиция органдарының қанағаттанғысыз жұмысын көрсетеді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы келіп түскен істердің 95%-ы кәмелетке толмағандардың құқықтарына қол сұғатын құқық бұзушылық туралы істер санатына жатады, бұлар көбінесе ата-аналар тарапынан тәрбиенің тиісті түрде берілмеуінен туындайды. Қазіргі уақытта республика соттарында кәмелетке толмағандарға қатысты істерді қарау бойынша біркелкі тәжірибе қалыптасты, онда істерді қарау кезінде бірінші кезекте кәмелетке толмағандардың мүдделеріне басымдық беріледі. Бүгінде ювеналды сотта іс жүзінде әрбір іс психологтің қатысуымен қаралады.

Өкінішке қарай, соңғы жылдар ішінде некені бұзу туралы азаматтық істердің өсу үрдісі байқалады. Бұл жалпы қоғамға теріс әсер етеді, осыған байланысты отбасын сақтауға бағытталған жаңа тетіктерді құру қажеттілігі туындап отыр. Олардың бірі – отбасылық соттар құру. Жоғарғы соттың бастамасымен «отбасылық сот» пилоттық жобасы іске қосылды. Халықаралық тәжірибеге негізделген жоба Ақтөбе қалалық соты, Ақтөбе қалалық №3 соты, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты базасында жүзеге асырылуда. «Отбасылық сот» пилоттық жобасының мақсаты – отбасын сақтау және кәмелетке толмаған балаларға қолайлы жағдай жасау.

Аталған соттарда бөлек кабинеттер бөлініп, келіссөздер жүргізу үшін арнайы жағдайлар жасалған. Жұмыс тәртібінде үкіметтік емес ұйымдар және ұйымдастырушылық сипатындағы жалпы сұрақтарды шешуге құзыретті мемлекеттік органдардың өкілдерімен тұрақты түрде дөңгелек үстелдер мен семинарлар өткізіліп тұрады.

Қазіргі таңда Жоғарғы соттың қолға алуымен кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотты, азаматтық сотты және мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотты, яғни осы үш бағытты өз құрамына біріктіретін сот құру мәселесі қарастырылуда. Мұндай сот некені бұзу туралы істерді қарап қана қоймай, мәселесі бар отбасыларға дағдарысты еңсеруге, отбасылық агрессорды жауапкершілікке тартуға, тәуелділіктен зардап шегетін адамдарды емдеуден өткізуге көмектеседі. Некені бұзудан сақтау мүмкіншілігі болмаған жағдайда қалыпты қарым-қатынас құру және балаға қатысты ата-ана міндеттерін орындауға көмектесумен айналысады.

Ювеналды әділет жүйесінің маңызды қағидаты кәмелетке толмағанның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта қорғаудың басымдығы болып табылатындықтан, кәмелетке толмағанға қатысты барлық шешімдерді мамандандырылған сот ғана шығаруы тиіс. Осыған байланысты, ювеналды әділет кәмелетке толмағандардың істері бойынша сот төрелігінің ерекше жүйесі ретінде қаралуы тиіс.

Ювеналды әділеттің әлеуметтік маңыздылығы – сот процеске өзге қызмет пен мекемелердің мамандарын тартусыз қол жеткізе алмайды. Психологтерді, педагогтерді, қорғаншылық және қамқоршылық органдардың өкілдерін тарту кәмелетке толмағанның өмір сүру және тәрбиелену жағдайларын, оның мінез-құлқын, қажеттіліктерін, мүдделерін, ерік-жігерін, психикалық даму дәрежесін, құқық бұзушылықтың туындау себептерін анықтау қажеттілігінен туындайды.

Егер азаматтық істерге тоқталсақ, мысалы, балалардың тұратын жерін анықтау туралы дауларды қараған кезде ата-ананың темпераментінің ұқсастығын (немесе айырмашылықтарын) ескере отырып, ата-аналардың бірінің балаға психологиялық артықшылық көрсетуін анықтау ұсынылады. Сол үшін сот отырысына қатысуға психологиялық диагностика жүргізіп, талдау мен ұсыныстар дайындайтын психолог тартылады. Сұранысқа байланысты психолог баланың психикалық жай-күйін, жеке-психологиялық ерекшеліктерін, баланың әкесіне не шешесіне және отбасының басқа мүшелеріне қатынасын, сондай-ақ қалыптасқан жанжалды ахуалдың психикалық жай-күйіне әсер етуін, ата-анасына бауырмалдық деңгейін және әрқайсысымен қарым-қатынас қажеттілігін анықтау мақсатында психологиялық диагностика жүргізеді. Психолог талдау кезінде әр ата-ананың психикалық жай-күйін, жеке-психологиялық ерекшеліктерін, ата-аналық ұстанымы мен тәрбиелеу стилі ескеріледі.

Ақтөбе облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты балаларды тәрбиелеуге қатысты істерді қарау кезінде, «Отбасылық сот» пилоттық жобасын іске асыру аясында жасақталған меморандумдар негізінде психологтерді іске тартады. Сонымен бірге ювеналды сотта штатты психологтің пайда болуы соттың істі неғұрлым тез қарауына мүмкіндік берер еді. Нәтижесінде, психолог дауласушы тараптармен әлеуметтік-психологиялық зерттеу жүргізе отырып, сотты іс бойынша дұрыс шешім қабылдауға бағыттайды.

Заң балаларды тәрбиелеуге байланысты дауларды қарауға қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын қорғаншылық органының қатысуын көздейді. Қорғаншы орган сот ұйғарымының негізінде белгіленген тәртіппен баланың және оны тәрбиелеуге үміткер адамның (адамдардың) өмір сүру жағдайларына тексеру жүргізуге, сондай-ақ тексеру актісін және оған негізделген даудың мәні бойынша қорытынды беруге міндетті. Алайда қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган ұсынған тексеру актілерінің барлығы көрсетілген санаттағы істер бойынша дұрыс және дәлелді хабарлама ретінде қабылдауға жатады деп айта алмаймыз. Мысалы, көбінесе, тексеру актілері мен органдардың қорытындылары

дәлелді емес, ата-аналардың өзара қарым-қатынасының сипатын және жеке қасиеттерін ашпайтын жалпы сөз тіркестерін жиі қамтиды, балаға қауіп төніп тұруы мүмкін екенін растайтын мән-жайлар, ата-аналық міндетін орындаудан жалтару нақты қандай әрекетпен білінетіні, қалыптасқан психологиялық ахуалда баланың тұру мүмкіншілігі бар-жоғы көрсетілмейді.

Осы тұста балаларды тәрбиелеуге байланысты істердің санаттары бойынша жай-күйді тексеру актісінің қандай да бір әзірленген бірыңғай нысаны жоқтығын атап өту қажет. Негізі, тәрбиелеуге қатысты мәселелердің бар-жоғын анықтайтын зерттеу қорғаншы органмен тексеруді жүргізетін тұлғалар, оның мерзімдері, нақты сұрақтардың көлемі мен мазмұны көрсетіліп белгіленген нысанда жүзеге асырылуы тиіс. Осылайша, қамқоршылық органдары қызметінің белгілі бір критерийлерінің және шешім қабылдауда, қорытынды беруде бірыңғай тәсілдердің болмауы түйткілді мәселелердің бірі болып отыр.

Егер ювеналды әділет саласы проблемаларды о бастан, яғни туындау кезеңінде шешіп, ең бастысы баланы сотқа дейін жеткізбеу мақсатында кешенді жұмыс істесе, нәтиже шынымен де қанағаттанарлық болар еді деп ойлаймыз. Кәмелетке толмағандар үшін сот төрелігі тұлғаның одан әрі криминализациялауына жол бермеуі, баланың әлеуметтен алыстауына емес, әлеуметтік сауықтыруына ықпал етуі тиіс. Мұндай тәсіл қылмыскерді емес, толыққанды азаматты қажет ететін қоғамға тиімді. Бұл ретте құқық бұзушылыққа қарағанда құқық бұзушы тұлғаның өзі маңызды деген ұғым ювеналдық әділеттің негізгі қағидасы болғаны абзал. Әрине, шынайы ювеналды әділет құру – оңай шару емес. Қазіргі кезеңде ювеналды әділет жүйесін одан әрі нығайту үшін жүйелі түрде судьяларды, прокурорларды, адвокаттарды оқыту сапасын жақсарту, әлеуметтік, психологиялық қолдау және пробация қызметтерін дамыту қажет.

Қорыта айтқанда, ювеналды әділеттің толыққанды қызметі жалпы қоғамның тұрақтылығын нығайтуға, кәмелетке толмағандар арасындағы шиеленісті азайтуға және қоғамда болып жатқан процестерге белсенді ықпал етуге мүмкіндік беріп қана қоймай, еліміздің жарқын болашағын қалыптастыруға үлкен ықпалын тигізеді.

Оқушының мектептегі өмірі тұлғаның азаматтық қалыптасуының шешуші кезеңі болып табылады. Осы жылдары адамгершіліктің дүниетанымы, сенімдері, ұжымшылығы, тәртіптілігі, өзіне және басқаға талап қоюы, адалдығы мен шыншылдығы, қайырымдылығы мен ұстамдылығы, жігерлілігі мен батылдығы қалыптасады.

Бұлардың мазмұнына мемлекет заңдары және қоғамда өмір сүру ерекшеліктерін құрметтеу, қоғам заңдылықтарын бұзуға төзімсіздік, қоғамдық тәртіпті сақтау да енеді. Тұлғаның осы сапалы болашақ еңбек қоғамы азаматының құқықтық мәдениет болмай қоғам алдындағы міндеттерді орындап шешу мүмкін емес.

Құқықтық мәдениет екі тұрғыдан қаралады. Біріншісі кең мәнде. Бұл құқықтық межелер, құқықтық қатынастар, құқықтық мекемелер әрекетінің ауқымын қамтиды. Екіншісі, тұлғалық, педагогикалық және психологиялық мәніне қарау.

Құқықтық мәдениеттің тұлғалық мәнінде – бұл тұлғаның күрделі, кешенді қасиеттері. Негізінен тұлғаның құқықтың мазмұны бар әрекеттер мен қылықтарының орындыбағытын анықтайды.

Адамның құқықтық мәдениеті – күрделі. Әңгіме адам, оның санасы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы туралы болғанда көптеген сұрақтар туындайды. Шындығына келсек, бұл сұрақтарға педагогика, психология, социология, медицина, заңт.б. ғылымдар әлі толық жауап бере алмай отыр.

Дегенмен, қоғам болашағының құқықтық мемлекет тағдырымен байланыстыра қарап отырған шағымызда аға ұрпақ іс-тәжірибесі мен қарым-қатынасты тәжірибесін негізге ала отырып, жас ұрпақтың құқықтық мәселесін педагогика ғылымы мазмұнында қарастырғанымыз жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы, 2008 жыл
2. Г.Искакова, Н.Газизова, А.Сембаева, Қазақстан Республикасындағы адам құқығы, оқу құралы, Астана, 2008ж, 9 бет
3. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, 198 бет
4. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, 181 бет
5. Бабаев С., Оңалбек Ж. «Жалпы педагогика», Алматы, 2005ж, 163-бет
6. Ғ.Сапарғалиев, А.Ибраева, «Мемлекет және құқық теориясы», Алматы, 2007ж, 197 бет

ӘОЖ 37.03

МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Г. Сиыкова, А. Куанышбекова, О.Д. Табылдиева

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада Алаш зиялыларының Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін аянбай еңбек қылғандығы баяндалады. Қоғамның әділетсіз саясаты мен идеологиясының құрбаны болған ұлт зиялыларының мақсат-мүддесі, арман-тілегі, ұлттық идеясы Қазақ елінің рухын асқақтатып, жаңа қоғамымыздың бүгінгі мен келешек өскелең ұрпағының рухани өсіп-өнуіне, дамуына игі ықпал еткені айтылады.

Түйін сөздер: тәуелсіздік идеясы, Алаш зиялылары, М.Дулатұлы

Алаштың көрнекті қайраткері Дулатов Міржақып 1885 жылы 21 қараша-да Торғайдың Қызбел деген жерінде дүниеге келген. Екі жасында анасынан, он екі жасынан әкесінен айырылып, Асқар ағасының қолында өседі. Асқар әкесі Дулаттың Міржақыптың оқып, білімді азамат болып, өсуін армандаған тілегіне сай, інісінің оқуын әрі жалғап, білім алуына ерекше көңіл бөледі. Ол туралы ағасының: «Міржақып менен көп кіші, әрі інім, әрі баламдай қолымызда тәрбиеленді. Өзі қатарлас балалардан бойы аласалау боп өсті, бірақ денесі тығыршықтай жұмыр, шапшаң қимылды болды. Үстің таза ұстап, жинақы жүретін. Мінезінен бірбеткей қайсарлық, өжеттік сезілетін, не бүлдірсе де жасырмай турасын айтатын. Кемтар кісілерді, жарымжан мүгедектерді аяйтын, көңілшектігі, жұмсақтығы да бала шағынан байқалатын. Сөзінде тұратын, өтірік пен жағымпаздықты білмейтін. Ауызекі жұрттан естіген ер егілерді, қисса-дастандарды тез жаттап алып, айтып жүретін», - дегені бар.

Жас мұғалім ел өміріне қалай араласты? 1897 жылы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қырғыз школына қабылданып, онда бес жыл оқиды. 1902-1904 жылдары Торғай уезінде мұғалімдік қызмет атқарады. Міржақып өз бетінше ізденіп, орыс тілін жетік меңгереді. Мұғалім болған алты жылдың ішінде оң мен солын танып, ұлт қамы үшін күресуге дайындалады. Ақындық талантын да осы жылдары таныта бастайды. 1904 жылы Омбыда Ә.Бөкейхан және А.Бай-тұрсынұлымен танысады. Осы кезден бастап белсенді саяси күреске араласады. Қарқаралы оқиғасынан соң, Ресей орталығында шындалуды көздейді. Ресейдегі кадет партиясының мүшесі ретінде 1906 жылы Петерборға аттанады. Осында мұсылман фракциясының және Еділ, Кавказ қайраткерлері ұйымдастырған жиындардың жұмысына қатысады.

1907 жылы Петербордағы татар газеті «Улфаттың» жанынан қосымша тұңғыш ұлттық рухтағы «Серке» газетін шығарысады. 1907 жылы Ресей қазақ секілді ұлттарды сайлану құқынан айырған еді. «Серке» осы мәселенің әділетсіздігін ашық айтқаны үшін жабылды. 1909 жылы Қазанның «Шарқ» баспасынан «Оян, қазақ!» атты кітабы шығады. Ұлттық манифеске баланған «Оян, қазақ!» пен тұңғыш қазақ романының авторы жаңа руханият ғимаратын тұрғызу шарасының жуан ортасында жүрді. Әдеби білімді өз бетінше алған Міржақып: «Адам ғылым мен өнер үшін жаратылған емес, ғылым мен өнер адам үшін шыққан, адамның өзі тіршілігіне керек болған кезде ойлап тапқан нәрселер. ...Тіршілік – бәсеке, жарыс. Дүние – бәйге үлестіруші. Озғанға қарай бәйге береді. ...Дүниенің ісі осылай болған соң, адамнан адам, жұрттан жұрт, ұлттан ұлт озсам дейді», – деген көзқарасты ұстанып, елге қызмет жасауға жұмылған жаңа руханияттың деңгейін көтеруге атсалысты. Қаламгердің әдеби-эстетикалық ой-тұжырымы ХХ ғасырдың басында жетекші күшке айналған – ұлтты ұйыстыру және өркендету идеясын тиянақ етуші ағымды байытты. ХХ ғасырдың басындағы ілгерішіл руханият үшін Абай-сапалық деңгейге көтерілудің рәмізі болғандықтан, Міржақып та бұл құбылысқа өзінше қарады. 1908 жылы татардың «Уақыт» газетіне жазған «Ибраһим ибн Құнанбайф» атты мақаласында ол Ресей құрамындағы түрік халықтарын ұлы ақын мұрасымен, ғұмырбаянымен таныстырады. Қаламгер мұнда Абайды елшіл ақын ретінде көрсете алған. «Тілі, оқушыларын оятатын өлеңдері оны бүкіл атырапқа мәшһүр етті. ... Адамшылық ой-қиялы өте таза, милләтшіл, елін-жерін сүйген кісі еді», дей отырып, Міржақып ақынның осы қасиетін көрсететін өлеңінен мысал келтіреді. Дулатовтың Абай туралы екінші мақаласы Абай қазасының он жылдығын еске алу орайында 1914 жылы «Қазақ» газетінде жарық көрді.

1909-1911 жылдары қайраткер Қызылжарда сот кеңесінде қызмет жасап, мұғалімдік жұмысын жалғастырады. 1910 жылы қайраткер-қаламгердің «Бақытсыз Жамал» романы жарық көреді. Әр жерде шығатын қазақ басылым-дарына, әсіресе «Айқап» журналына үзбей жазып тұрады. Ел тұрмысын өз көзімен көріп-білу ниетімен 1911 жылы қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семей облысына қарай сапарға шығады. Патша тыңшыларының қатты аңдуына алынған Дулатұлы мұнда полицияның қолына түседі де, бір жарым жыл қамау-да отырады. 1912 жылы Орынборға келіп, саяси күреске белсене араласады. 1913 жылы жарияланған «Азамат», 1915 жылы шыққан «Терме» атты өлең жинақтары Мыржақыптың ақындық-азаматтық беделін елге аса елеулі етті. 1913-1918 жылдары ол «Қазақ» газетін шығарысуға атсалысады. Тарихтағы тұлға рөліне ерекше назар аударған қайраткер 1914 жылы Шоқан Уәлиханов туралы көлемді мақала жазады. 1917-1918 жылдары Міржақып Алаш қозғалы-сын жандандырып, Ресей халі ауырлағанда ел тәуелсіздігіне қатысты мәселе-мен шұғылданды. 1917 жылы маусым мен желтоқсанда шақырылған жалпықазақ сиездерінің жұмысына қатынасты.

Кеңес өкіметі орнаған соң біраз уақыт Орынбордағы газет-журналдарда қызмет жасады. 20-жылдың басында Ташкенттегі «Ақжол» газетінде, Семей сот мекемесінде жұмыс істеді. 1921 жылы Қазақ мемлекеттік баспасының бөлімін басқарды. Қайраткер 1922-1926 жылдары Орынборда Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО, 1920 жылы ашылған) ұстаздық етеді. Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының мүшесі болады. Осыған қосымша Қазақстан мемлекеттік баспасында, «Еңбекшіл қазақта» қызмет атқарады. 1924 жылы Қазақ білімпаз-дарының тұңғыш сиезіне қатысып, сөз сөйлейді. Екі бөлімді «Есеп құралын», «Балқия» атты пьесасын, библиографиялық көрсеткішін жарыққа шығарды. Алаш зиялыларының қазаққа қызмет жолында үйленуге де, жеке өмірле-рін қалыптастыруға да мұршасы болмады. Олардың көпшілігі кеш үйленді. Қазақ қоғамының сол кездегі салтымен есептесек, Міржақып та кешірек 1914 жылы 29 жасында бір-ақ өзінен 10 жас кіші Ғайнижамал атты қызға үйлен-ген. Одан Гүлнәр атты қызы мен Абылай есімді ұлы дүниеге келеді. Ақынның қызы Гүлнар Дулатованың естеліктері бойынша үйлену тойы Омбы қаласына жақын "Коломзино" станциясының мейрамханасында өтті. Тойдан кейін Дулатовтар бірден Орынбор қаласына аттанды.

Міржақыптың нақыл сөздері
Әркім өз қолынан келгенше жомарт;
Артықтан тағылым ал, кемге – үйрет;
Ағайын – арзан, пұл – қымбат;
Болғанда бойда қуат жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып.
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырма бір орында құр мұңайып.

Кеңестік тоталитарлық жүйе оны 1928 жылы тұтқындады. 1930 жылы Ақтеңіз-Балтық каналының жұмысына жер аударды. Артынан Сосновец лагеріне айдалды. Лагерьде жүрсе де, шығармашылықтан қол үзбеді. Түркі-орыс сөздігін жазды. Міржақып осы оқу құралын мыңдаған қазақ, қырғыз және басқа түркі тілдес елдердің өкілдері үшін жазып берген. Арестанттар оны өз қолымен көшіріп жазып таратқан, өйткені олардың көбісі сол уақыттағы өмірлік маңызы бар орыс тілді білмеген. Міржақып Дулатұлы лагерьде қазақ мектептеріне арналған геометрия оқулығын да жазып шықты. Ал өзінің емшілік қасиеттерін көрген соң, аса табысты нәтижелермен қамалғандарды емдеді. 1935 жылы қазанның бесі Міржақып Дулатұлы лагерьдің орталық лазаретінде дүние салды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін сүйегі туған жеріне әкелініп жерленді.

Туған халқының алдында Алаш зиялылары Қазақ елінің тәуелсіздігі үшін аянбай еңбек қылды. Қоғамның әділетсіз саясаты мен идеологиясының құрбаны болған ұлт зиялыларының мақсат-мүддесі, арман-тілегі, ұлттық идеясы Қазақ елінің рухын асқақтатып, жаңа қоғамымыздың бүгінгі мен келешек өскелең ұрпағының рухани өсіп-өнуіне, дамуына игі ықпал еткен идея ұлт тарихында мәңгілік қызмет ете береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дулатов Міржақып // Тілешов Е, Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы: энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Сардар, 2014. – Б.159-161
2. Алаш. Алашорда: Энциклопедия / Құраст.: Ғ.Әнес, С.Смағұлова.- Алматы: Арыс баспасы, 2009.- б.143-147
3. Дулатов М. Шығармалары: өлең, жырлар, әңгімелер, пьеса, көсемсөздер мен сын-зерттеу мақалалары. – Алматы: Ана тілі, 2010. – 400 б.
4. Галиев В. З. Ұлтты оятқан кітап: Міржақып Дулатұлы және оның “Оян, қазақ!” кітабының ізімен. – Алматы: Мектеп, 2013. – 416 б.
5. Дулатқызы Г. М. Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. – Алматы: Мектеп, 2012. – 392 б.
6. Жолдасбеков М. Ахметті ардақтап, Міржақыпты үлгі етсек // Тәуелсіздік тағылымы. – Астана: Күлтегін, 2012. – б.303-308
7. https://alash.semeylib.kz/?page_id=287
8. <https://sputnik.kz/20191120/Mirzhakyp-Dulatuly-12082077.html>
9. https://vk.com/wall-38304529_408066

УДК 518.65.65.754

БЕСЦЕННОЕ НАСЛЕДИЕ КОРКЫТА

Ш.Д. Смагул, А.И. Битикова

Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш.Есенова
г.Ақтау, Казахстан

Аннотация. Имя Коркыта – являвшегося гениальным жырау (буквально – сказитель), великолепным кюйши (исполнитель музыкальных произведений на кобызе и

домбре), прорицателем, советником ханов, автором удивительно красноречивых слов, сохранившихся на устах народа в качестве назидания, если взять глубже, то он архитипичная личность, до сих пор известный во всем тюркском мире, в том числе и среди казахов. В этой статье рассматриваются художественные произведения «Легенды о Коркыта» и «Книга деда Коркыта».

Ключевые слова: Коркыт, фольклор, эпос, огуз, кобыз, литература, музыка, вечный дух.

Испокон веков музыкально-композиционное наследие, которое оставил за собой Коркыт имеет свою актуальность и в современной эпохе. Музыковеды, фольклористы, исполнители на музыкальном инструменте кобызе, а также большое количество читателей имени Коркыт все же не могут прийти в единое мнение.

В Ватиканских апостольских архивах сохранилось свидетельство: «В близкие к пророку Расулу (Магомет) времена, на Баяте (Сырдарья) был герой по имени Коркыт. Произносил чудесные речи, обращая внимание на всех вилайетов огузов. Те, кто испытывал трудности, приходили к нему за советом и принимали все, то он прикажет»[1].

С именем Коркыта связан письменный памятник средневековья «Книга моего деда Коркыта» (полное наименование «KitabidadamKorkutgalilisantayfaoguzan»). Этому памятнику огузской древности были посвящены сотни исследований. Варианты этого памятника, связанного с именем легендарного Коркыта, на протяжении XX века также подвергались изучению учеными различных стран: Турции, Азербайджана, Туркмении, России и Казахстана. Но надо заметить, что за последние годы эта тема стала привлекать внимание исследователей еще больше. Если в свое время А.Коныратбаевым был осуществлен художественный перевод «Книги моего деда Коркыта», то в 2019 г. был издан перевод Дрезденского текста. С каждым изданием первоисточника возникают новые проблемы, которые нуждаются в специальном изучении.

Образ Коркыта как благородный наставник, искусный кюйши(исполнитель музыкальных произведений на кобызе или домбре), искавший вечную жизнь имеет большую известность в мифах и легенд тюркского народа. Мифы о Коркыте, устойчиво существует в понятиях, тесно связанных с мифическим пространством. Если изначальные мотивы были связаны с рождением Коркыта, то последующие связаны, с его поисками вечной жизни.

Творения Коркыта в казахской общественности считается довольно приметными в кюйях и стимулах баксы, также для кочевников. В фольклоре и литературе личность Коркыта встречается весьма ранних периодах, по сравнению от других героев. Подтверждением этому является литературный памятник - «Книга Коркытата».

Рождение Коркыта в казахском фольклоре соединяют к цепочке древнейших легенд. По легендам, его появление на свет связывают с фантастическими явлениями. Иными словами, рассматриваются преемственность установки мифологической мысли.

Бұл деректерді талдау 25° С және 0° С кезінде иненің ену тереңдігі, сондай-ақ сақина мен шарикті жұмсарту температуралары стандартты БНД 90/130 битумына қойылатын талаптарға сәйкес келетінін көрсетеді, бірақ созылу мәндері жеткіліксіз. Бұл қайталама битумдарды модификациялау немесе композициялау әдістерін іздеудің өзектілігін, сондай-ақ мұнай қалдықтарынан алынған ауыр мұнай қалдықтарының топтық құрамын бақылау әдістерін құру саласындағы зерттеулердің перспективаларын анықтайды.

Модификацияланған битумдарды пайдалану жол төсемінің бұзылуына максималды төзімділігін, тәуліктік және маусымдық циклдардағы температураның өзгеруіне төзімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін перспективалы бағыттардың бірі болып табылады.

Модификацияланған битумның құны кәдімгі битумға қарағанда орта есеппен 60-65%-ға жоғары, бірақ жолдар тек битумнан тұрмайды, асфальтбетондағы битумның үлесі небәрі 6% құрайды, есептеулер құрылыс құнының өсуін көрсетеді. 1 шақырым жол шамамен бір пайызды құрайды. Жолдың қызмет ету мерзімінің 2-3 есе артқанын ескерсек, модификацияланған битумды пайдалану экономикалық тұрғыдан ақталады деп нық сеніммен айта аламыз. Егер битумға мұнай шламдарын модификацияласақ, онда экономика мен экология саласын ұштастыратын едік. Бұл екі жаққа да бірдей өте пайдалы технология екендігі сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Нефтешламы – общее описание проблемы [Электронный ресурс]. URL:<http://www.mpoltd.ru/poleznoe/282-nefteshlamy-obshchee.html> (22.08.2018).
- 2 Шрам В.Г., Петров О.Н., Сокольников А.Н., Иванов П.Э., Агровиченко Д.В. Технология переработки нефтешлама //Известия вузов. Прикладная химия и биотехнология. – 2018. -№ 3. – С.121-125.
- 3 Джаналиева Н.Ш. Воздействие нефтяных загрязнений на природные геосистемы / Н.Ш. Джаналиева // Spirit time. – 2020. - №4 (28). - Р. 23-28.

- 4 Миннигалимов Р.З. Совершенствование технологии переработки нефтяных шламов. / Р.З. Миннигалимов, Р.А. Нафикова // Нефтяное хозяйство. - 2008. - № 4. - С.54-67.
- 5 Боковикова Т.Н. Использование нефтешламов при строительстве дорог Т.Н. Боковикова // Экология и промышленность России: Научно-технический журнал. – 2010. – № 4. – С. 34-35.
- 6 Крюкова М. А. Утилизация нефтешлама // Горение и плазмохимия. 2014. N 12(12). С. 266–275.
- 7 Лоскутова Ю.В. Комплексная физико-химическая технология для утилизации нефтяных шламов // Водоочистка. – 2009. – №5,6. – С. 45-49.
- 8 Мазлова Е.А., Мещеряков С.В. Проблемы утилизации нефтешламов и способы их переработки. / Мазлова Е.А., Мещеряков С.В. - Москва: Издательство "Неосфера", 2001. - 52 с.
- 9 Зотов А.С., Шапченко М.М., Горбачев В.Г. Утилизация нефтешламов. / Зотов А.С., Шапченко М.М., Горбачев В.Г. // Геофизика и разработка нефтяных и газовых месторождений. - 2007. - №8. - С.41-45.
- 10 Крапивский Е.И., Демченко Н.П. Нефтешламы: уничтожение, утилизация, дезактивация. / Крапивский Е.И., Демченко Н.П. - Санкт-Петербург: Свое издательство, 2011. - 527 с.

ӘОЖ 651.14.(045)

ӨНДІРІС ҚАЛДЫҚТАРЫН КЕШЕНДІ ПАЙДАЛАНУ

Ержанова С.Е. Туркменбаева М. Б.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада өндірістік кәсіпорындарында ерекше қауіпті қалдықтарды жоспарлы қайта өңдеуді ескере отырып, қоршаған ортаны қалпына келтіру мен ресурстарды пайдалану мәселелері қарастырылып, шикізатты кешенді пайдалану мен қалдықсыз технологияларды пайдаланудың тиімділігін арттыру бағытында бірқатар қалдықтарды пайдаланудың экологиялық және экономикалық себептері көрсетілген.

Түйін сөздер: мұнай-химия кешені, ресурстарды үнемдеу, өндіріс және тұтыну қалдықтары, қалдықсыз және аз қалдықты технологиялар.

Қазіргі өндірістердің қатты, сұйық және газ тәрізді қалдықтарды пайдаға асыру, қайта өңдеу немесе зиянсыз ету үлкен халық-шаруашылық мәнге ие, маңызды өнімдерді алу мақсатымен шикізатты толық пайдалануды кеңейтуге ғана емес, сондай-ақ, су қоймалары мен ауа алабының жағдайын жақсартуға әсер етеді. Қалдықсыз өндірістерді құру кезінде, ең бастысы, өндіріс қалдықтарын, оларды халық шаруашылығы үшін құнды өнімдерге, сондай-ақ, басқа өндірістер үшін шикізатқа айналдырып пайдаға асыру және қайта өңдеу алдын ала қарастырылады.

Қалдықсыз технология адам қажеттіліктерінің шеңберінде табиғи ресурстар мен энергияны дұрыс пайдалануды қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау үшін білімдерді, әдістер мен құралдарды тәжірибеде қолдану. Басқа сөзбен айтқанда, қалдықсыз деп шикізаттан түрлі энергиялардың, көмекші материалдардың, катализаторлардың және басқа да технологиялық факторлардың әсер етуі кезінде арнайы

өзара байланысты аппараттарда тек биоортаны ластайтын түрлі заттар мен энергиялардан тұратын технологиялық ағымдар жүйесінен шықпай мақсатты өнімдерді ғана алуға мүмкіндік береді. Қалдықсыз өндірісте көп құрамды шикізатты едәуір тиімді пайдалану үшін шикізатты кешенді пайдалану принципі сақталады: технологиялық процеске енгізілген материалдық субстант, ал оны қайта өңдеу кезінде алынған өнім толық көлемде ассортиментте қолданылады. Сонымен қатар, әрбір өнімді өндірістік-шаруашылық айналымға қатыстыру тәжірибеде көптеген бір уақытта іс-әрекет ететін ұйымдастырушылық, техникалық, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы факторлармен байланысты.

Материал сыйымдылығын төмендету, шикізат пен материалдарды ұтымды және үнемді пайдалану өндіріс тиімділігін арттырудың ажырамас шарттары болып табылады. Шаруашылық қызмет барысында кәсіпорынның ресурстары орталық орындардың бірін алады, сондықтан ресурстарды үнемдеу мәселесі қазіргі уақытта өте өзекті. Отын-энергетикалық ресурстарды, оның ішінде химиялық және мұнай – химия ресурстарын ұтымды пайдалану экономикалық қайта құру және химиялық және мұнай-химия кешенін дамыту мәселелерін сәтті шешудің басты шарттарының бірі болып табылады.

Материалдық ресурстарды пайдалану тиімділігін арттырудың келесі бағыттарын бөліп көрсетуге болады: ресурстарды үнемдейтін технологияларды қолдану, кешенді өндірістер құру, өндірістегі шығындарды азайту, өндірістік ақауларды жою, сақтау шығындарын азайту, шикізат пен өнімнің сапасын жақсарту, өнім түрлерін жетілдіру және басқалар. [1]

Қалдықсыз өндірістерді құру өте күрделі техникалық-экономикалық проблемаға жатады, сондықтан аралық кезең аз қалдықты технология болып табылады: "аз қалдықты технологиялар деп қоршаған ортаға шығарындылары санитарлық-гигиеналық нормалармен, яғни ШРК рұқсат етілген деңгейден аспайтын технологияларды түсіну әдетке айналған. Бұл ретте техникалық, экономикалық, ұйымдастырушылық немесе басқа да себептер бойынша шикізат пен материалдардың бір бөлігі ұзақ сақтауға немесе көмуге ауысуы немесе жіберілуі мүмкін".[2]

Осылайша, қалдықсыз және аз қалдықты технологиялардың басты ерекшелігі олардың экологиялық тазалығы болып табылады, оған өңдеуге кіретін бастапқы ресурстарды ұтымды, жан-жақты пайдалану арқылы қол жеткізіледі. Сонымен қатар, бұл жолдар әртүрлі болуы мүмкін. Олар қалдықтардың пайда болуының технологиялық процесінде басуды қамтуы мүмкін. Атап айтқанда, кейбір химиялық өндірістерде қалдықтардың күрт азаюына және тіпті жойылуына шикізаттың конверсия деңгейінің жоғарылауы, мақсатты өнімдердің өнімділігінің артуы және дәстүрлі технология аясында тиімді реагенттерді қолдану арқылы қол жеткізуге болады. Технологияның қалдықсыздығы өндіріс қалдықтарын бастапқы шикізатты ауыстыру ретінде және т.б. пайдаланумен қатар пайдалы шикізатқа айналдырумен қамтамасыз етілуі мүмкін.

Іс жүзінде қалдықсыз технологияның болуы әртүрлі мәселелерді шешумен байланысты. Негізгі проблема - қиындық, ал кейде-кәсіпорынға келіп түскен барлық шикізатты өнімге толығымен қайта өңдеу мүмкін еместігі. Осыған байланысты көптеген сарапшылар өндірістің қалдықсыз идеясын өте шартты деп санайды. Арнайы пікірталастар қалдықсыз принципін тудырады. Сонымен қатар, қалдықсыз технологияны анықтау теориялық мағынаға ғана емес, сонымен бірге үлкен практикалық мәнге ие. [1,2]

Жалпы қалдықсыз технологияны анықтау белгілі бір кәсіпорынның оларды қайта өңдеу мүмкіндіктерінен алынған қалдықтардың сапалық сипаттамасынан туындауы керек. Осылайша, қалдықсыз технология – бұл пайдалану процесінде, біріншіден, барлық түзілетін қалдықтар өнім өндіруде қайта пайдаланылуы мүмкін қайталама материалдық ресурстар санатына жатқызылуы мүмкін және толық не осы кәсіпорында осы мақсат үшін қолда бар технологияларға сәйкес қайта өңделуі және табиғи ортаға теріс әсер барлық түзілетін қалдықтарды қайта өңдеу салдарынан барынша азайтылуы мүмкін технология.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты қалдықсыз технологиялық процесс - қалдықтарды 1,5% - ға дейін және одан аз қысқартуды қамтамасыз ететін процесс деп санайтын кейбір авторлармен келіспеуге болады; қалдығы аз-бұл қалдықтар мөлшері 10% - дан аспайтын өнімді дайындауды қамтамасыз ететін процесс. Бұл тәсілмен қалдықтардың пайдалы қасиеттері ескерілмейді, оларды болашақта басқа өнімдерді өндіру үшін шикізат ретінде пайдалануға болады.

Химия өнеркәсібі үшін пайда болған қалдықтарды пайдалану бірыңғай технологиялық цикл аясында жүргізілетін өндіріс қалдықсыз деп саналады. Бұған да келіспеуге болады, өйткені химиялық өндіріс көп сатылы, яғни бір шикізаттан өнімнің бірнеше түрін дәйекті өңдеу арқылы жасауға болады, ал химиялық жабдық жоғары мамандандырылған және белгілі бір өнім түрін шығаруға арналған.

Кәсіпорынның ресурстарды үнемдеу саласындағы саясаты кәсіпорынның ұзақ мерзімді жағдайына әсер етеді, сонымен қатар оның ағымдағы жағдайын анықтайды. Ол экономикалық даму үрдістерін, ғылыми-техникалық прогрестің перспективалық деңгейін, кәсіпорынның өндірістік қуаттарының жай-күйін талап етеді.

Шикізат пен материалдарды үнемдеу проблемасын шешу, ең алдымен, оларды озық технологиялар негізінде ұтымды пайдаланумен, тапшы шикізат пен материалдарды алмастырғыштарды қолданумен, материалдық өндіріс пен тұтыну саласында сөзсіз қалыптасатын қайталама шикізат ресурстарын неғұрлым толық пайдаланумен байланысты. Өндіріс және тұтыну қалдықтары жаппай сұранысқа ие тауарларды да, өндірістік мақсаттағы өнімдерді де өндіру үшін пайдаланылуы мүмкін.

Өндіріс қалдықтарын пайдалану ісінде химия және мұнай-химия өнеркәсібінің әлеуетті мүмкіндіктері өте жоғары. Өнеркәсіптік қалдықтарды пайдалану тек экономикалық проблема ғана емес, сонымен бірге экология мен қоршаған ортаны қорғау мәселесі болып табылады. Соңғы жылдары экологиялық проблемалар күшейе түсті, өйткені отандық өндіріс экономикалық өсудің кең жолымен, өндіріске көбірек шикізат тарту және оны бір рет қолданумен сипатталды. Нәтижесінде өндіріс пен тұтыну қалдықтарының көп мөлшері пайда болды, бұл қоршаған ортаға қайтымсыз салдарға қауіп төндіре бастады.

Қалдықтарды пайдаланудың экологиялық себептерінен басқа бірқатар экономикалық себептерді бөліп көрсетуге болады:

1) өндіріске қалдықтарды тарту көбінесе бастапқы шикізатты тартуға қарағанда аз шығындарды талап етеді;

2) қалдықтарды қолдану өндіруші салаларға жүктемені азайтады, демек, шикізат бағасының өсуі сияқты фактордың әсерін әлсіретеді;

3) Өндіріс қалдықтарын шаруашылық айналымға тартуды қарқындату көптеген үйінділер, сақтау орындарын ұстаумен байланысты, сондай-ақ өнеркәсіптік қалдықтармен табиғатқа келтірілген залалдың зардаптарын жоюға (жерді рекультивациялау, ластанған су бассейндерін, құрып кету қаупі төнген фаунаны қалпына келтіру және т.б.) бағытталатын қаржы қаражатын неғұрлым орынды пайдалануға ықпал ететін болады.

Іс жүзінде кәсіпорындар әрқашан қалдықтарды пайдалану мүмкіндігіне ие бола бермейді, кейде жеке басқару құрылымдарының қалауы мүмкін, өйткені бұл үшін белгілі бір жабдықтың болуы, ілеспе материалдармен қамтамасыз ету және ең бастысы - қалдықтардан өндірілген өнімді сатуды ұйымдастыру қажет. Яғни, көріп отырғанымыздай, кәсіпорынның түрлі бөлімшелері жұмылдырылуы тиіс.

Химия және мұнай-химия өнімдерін өндірудегі қайталама процестердің даму деңгейі мен дәрежесі оның бәсекеге қабілеттілігін сипаттайды. Қазіргі уақытта Ресейдегі қайта өңдеу қуаттарына қатысты қайталама процестердің үлесі, зауыттар тұрғысынан, мамандардың бағалауы бойынша 57 – ден 70% - ға дейін, ал Батыс Еуропа мен АҚШ-та- 89-93%. Сонымен қатар, қайталама процестердің деңгейі өңдеу тереңдігіне және өндіріс қалдықтарының пайда болу деңгейіне әсер етеді. Мұнай және химиялық шикізатты тиімді пайдалану оны өңдеуді тереңдету ғана емес, сонымен қатар әртүрлі өнімдерді өндіру үшін пайдалануға болатын құнды компоненттерді толығымен алу болып табылады.

Шикізатты мүмкіндігінше толық пайдалану үшін көбінесе өндіріс қалдықтарын қайта өңдеу қажет. Қазіргі жағдайда химия және мұнай-химия кешені кәсіпорындарында меншікті өндіріс қалдықтарының, сондай-ақ басқа кәсіпорындарда түзілетін қалдықтардың едәуір мөлшері жеткіліксіз пайдаланылады.

Химия және мұнай-химия өнеркәсібінде шикізатты өңдеу тереңдігінің артуы өнім сапасының артуымен тығыз байланысты болуы тиіс, өйткені бұл химия және мұнай өңдеу өндірісінің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Сапаны жақсарту нәтижесі тұтынушының өнім бағасына қатынасы арқылы көрінеді. Өз кезегінде, өндірістің тиімділігі оның кірістілігін, ал сапаны қамтамасыз ету шығындары өндірістік ресурстарды – шикізат, еңбек, капитал, өндірістік қорларды пайдалану тиімділігін көрсетеді.

Аз қалдықты, одан әрі қалдықсыз өндірістің жаңа технологияларын тұйық цикл бойынша құру экологиялық тепе-теңдікті бұзбай өмір сүрудің жеткілікті жоғары деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сулягин В.М., Бондалетов В.Г., Кукурина О.С. Принципы разработки малоотходных и безотходных технологий. - Томск: Изд. ТПУ, 2009. – 150 с.

2. М.Р. Танашева, М.Қ. Қалабаева Л.К. Бейсембаева, Н.А. Убайдулаева Қалдықсыз технология тиімділік және сапа. – Стер. бас. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 156б.

ДЕМАЛ АЛАҢЫНДАҒЫ ЖҮРГІЗІЛЕТІН ІЗДЕУ-БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Байдулла Н. Аманкулов С. Даулет П. Ықылас М. Джумашева К.А.

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау қ, Қазақстан

Аңдатпа. Геологиялық іздеу және барлау — кен орындарын іздеп табу, оларға баға беру, жер қойнауында жату ерекшелігін, мөлшері мен сапасын, өндіру анықтау мақсатында жүргізілетін арнайы жұмыстар кешені. Геологиялық түсірім нәтижесінде іздеу белгілері немесе кен байлықтары болуы мүмкін, геофизикалық, геохимиялық аномалиялы аудандарда геологиялық іздеулер жүргізіледі. Іздеу белгілеріне минералдану, кен денелерінің жер бетіне шығуы, тотығу белдемі, оның аллювий, делювий шөгінділеріндегі белгілері, жер асты, өзен, бұлақ суының химиялық құрамы, түсі, өсімдік күліндегі негізгі және қосымша химиялық элементтердің басым болуы және т.б. жатады. Геологиялық емес тарихи-археологиялық белгілерге ежелгі тау-кен қазбалары, балқыту пештерінің қалдығы, т.б. жатады. Геологиялық іздеулер бірнеше сатыда жүргізіледі: жалпы іздеу (1:50000 — 1:25000), іздеу (1:25000 — 5000) және іздеу-бағалау жұмыстары (1:5000 — 1:1000). Әрбір кезекті сатының ұйымдастырылуы алғашқы жұмыстың оң қорытындысына байланысты болады. Іздеу жұмыстары кезінде геологиялық бақылаулар жүргізіліп, ашылымдар сипатталып, суреті салынады, қарапайым тау-кен қазбалары жүргізіледі, әр түрлі сынамалар алынып, тексеріледі.

Кілт сөздер: іздеу, барлау, табу, минерал, бақылаулар

Жұмыстың мақсаты: кен байлықтарды өндірістік-геологиялық бағалау, бұрын зерттелген кен орындарының параметрлерімен салыстыру, яғни кен орнының масштабы, өнімділігі, кен байлығының сапасы, кен-техникалық жағдайы, ауданның экономикалық-географиялық жағдайын анықтау.

Кіріспе. Жалпы іздеу сатысында геологиялық түсірімде табылған іздеу белгілері мен геофизикалық, геохимиялық аномалиялардың табиғаты тексеріліп, кеннің болжамдық қоры анықталады да, кезекті іздеу жұмыстарына жарамды телімдер белгіленеді. Іздеу, іздеу-бағалау жұмыстары кен байлықтар табылған телімдерде жүргізіледі. Сынау аралықтары ұңғыманы қазу кезінде алынған әр түрлі сынамалар керн, шламдарды талдауда алынған нәтижелерден анықталады. Оған қосымша қабат сынағыш каротаж кабельдерін (ОЛК) Өндірістік – геофизикалық зерттеулер нәтижелері қолданылады. Тасым алаңында сынаудың жобаланған жеті аралығы болады.

1. 3480-3470 м.
2. 3400-3390 м.
3. 3310-3300 м.
4. 3060-3070 м.
5. 2800-2790 м.
6. 2600-2590 м.
7. 2210-2800 м.

Бұрғылау кезінде КИИ-146 қабат сынағышын қолданып төмендегі аралықтардан сынама аламыз 3480-3470 м; 3400-3390 м; 3310-3300 м; 3060-3070м; 2800-2790 м; 2605-2590 м.

Құрастырылған стратиграфиялық тілмеде жер қойнауының қазылып өтілген тау жыныстарының сипаттамалары колонка арқылы көрсетіледі. Геологиялық пішіндер

қабаттың көтеріңкі бағытына қарама-қарсы бағытта масштаб бойынша тік жазықтыққа түсіріледі [1].

Табылған кен орнының пішінін толық дәлелдеу мақсатында геологиялық картаға қосымша материал ретінде, қазылған ұңғымалардың көрсеткіштері бойынша, құрылым картасы жасалады. Құрылым картасында зерттелетін қабаттың бет-бедері (ойлықырлығы) жарма сызықтар арқылы көрсетіледі. Зерттелетін құрылымының А және В сызықтары арқылы оңашаланған қабаттарын теңіз деңгейінен бастап, аралық шама бойынша әрбір 100м қашықтықта орналасқан жазықтық арқылы кесіп өтеді. Горизонталь сызықтардың қабаттың бетімен кездескен жеріндегі нүктелерін масштаб бойынша планға түсіреді. Теңіз деңгейінен төмен орналасқан тереңдігін көрсететін жарма сызықтар цифрларын қосу (+) белгісімен, ал теңіз деңгейінен жоғары орналасқан жармаларды алу (-) белгісімен көрсетеді. Сөйтіп, құрылым картасы шығарылады.

Мұнай-газ кендерінің құрылымдарын жете көрсету, ондағы қордың мөлшері, ұңғымаларды қазу керектігін дәлелдеп көрсету мақсатында іздестірудің екінші кезеңіндегі геофизикалық және геохимиялық зерттеулер жасалады.

Жоспарланған жұмыстар орындалып болғаннан кейін үшінші кезеңдік – ұңғымаларды тереңдеп қазу басталады. Алғашқы қазылған ұңғыма тілмесінде мұнай-газ белгісі пайда болып, өнім алынған жағдайда кен орындарын нақтылы барлау әдісі жүргізіледі. Құнарлы алаңдарда кемерлеу ұңғымалары қазылып, кен орнының аумағы, қалыңдығы, мұнай-су шекаралықтары анықталады. Одан кейін бағалау, тергеу егжей-тегжейлі тексеру мақсатында т.б. категориялар скважиналар тағайындалып, қазыла бастайды.

Кен орнының көлемі мен қоры сияқты қажетті мағлұматтар анықталып біткеннен кейін, барлау жұмыстары аяқталып, енді мұнай мен газды игеру жұмыстары басталады, яғни бұл өндіру ұңғымаларын қазуға ұштасады. Мұндай ұңғымаларды арнайы, рет бойынша кен орындарына орналастырып қазып, олардан өнім алу мақсатында ғылыми-зерттеу институттарында немесе жергілікті ғылыми лабораторияларда игеру проектілері (жобалары) жасалады.

Мұнай-газ кен орындарын іздеу-барлау жұмыстарының табысты болуы бастапқы кезеңде геофизикалық және геохимиялық зерттеу әдістерінің ең нәтижелі бағыттарын іріктеп, таңдап алып, оларды іске асырумен тығыз байланысты.

Зерттеу әдістері. Геофизикалық және геохимиялық барлау әдістері. Өндеу. Геофизикалық барлау әдістерінің бірнеше түрі бар, олардың негізгілері сейсмикалық және электрлік әдіс. Сейсмикалық барлау әдісі. Мұнай барлау тау жыныстарының, қабаттарының жарылған оқ дәрілер арқылы пайда болатын серпінді толқындарды өз бойларынан өткізуі, я болмаса кейін серпуі арқылы алынатын көрсеткіштер арқылы зерттеледі. Жер қойнауындағы қабаттардың қайсыбірінде серпінді толқындар жылдам, ал қайсыбірінде жәй тарайтыны белгілі. Сейсмикалық барлау жұмысын жүргізу үшін белгілі бір қашықтықта шұңқырлар өазылып, олардың ішіне токтың әсерімен жарылатын дәрі салынады. Оқ дәрінің жарылуына байланысты жер қыртыстарына тараған толқындар тау жыныстарының әр қабаттарынан түрліше жылдамдықпен өткенін жер үстіндегі сейсмограф таспаға жазып тұрады. Қатты тау жыныстарынан құралған қабаттардан толқын жылдамырақ өтеді де, ол жұмсақ жыныстардан тұратын қабаттардан толқын баяулау өтеді. Алынған көрсеткіштер арқылы жер қабаттарының тереңдігі өлшеніп, карталары тұрғызылады [2].

Бұл әдіс мұнай және газ кендерін барлау жұмыстарына кеңінен пайдаланылады. Сейсмикалық барлау әдістерін алғашқы рет Г.А. Гамбурцев ойлап шығарған.

Электрлік барлау әдісі тау жыныстарының өз бойынан электр тогын өткізуге байланысты жүргізіледі. Мысалы, кейбір тау жыныстары (гранит, әктас, бойына тұзды су сіңген құмтастар) өз бойларынан электр тогын жақсы, ал басқалары (саз, мұнай сіңген құм, құмтастар) нашар өткізетіні белгілі. Осымен байланысты бойынан электр тогын өткізбейтін тау жыныстарының электрлік кедергісінің мағынасы көп болады. Әр түрлі тау жыныстарының электрлік кедергісінің өзгеруі, олардың табиғи орналасу тәртіптерін зерттеп білуге мүмкіндік туады.

Электрлік барлау жұмыстарын жүргізгенде әр жерге қысқа темір қазықтар қағып, олар арқылы электр тогын жібереді. Әрбір қазықтың арасында тау жыныстары арқылы электр тоғының қандай жылдамдықпен жүретінін өлшеп тұратын құралдар орнатылған. Құралдардағы көрсеткіштерден жер қабаттарының пішіндерін немесе құрама қатарларының кескіні түсіріледі.

Электрлік зерттеу әдістері қазылып өткен ұңғымалардың тілмелерін тексеруге де кеңінен қолданылып келеді. Ол үшін ұңғыманың ішіне үш электродтан тұратын әдейі қабық жіберіледі де, ал төртінші электродты ұңғыманың бетіне жақын жерге орналастырады (қондырылады). Одан соң сол электродтар арқылы ток жіберіледі.

Әдейі аспаптар (приборлар) көрсеткіштері бойынша құбыр бойындағы тау жыныстарының потенциалдық айырмашылықтары және кедергілері таспаға жазылады.

Бұл жағдайда әктас мұнай сіңген құмтастардың электрлік кедергілерінің мәні жоғары, ал саз бен сулы құмтастар кедергілерінің мәні төмен болады. Кедергі мәндерін салыстыра отырып, мұнай-газ горизонттарының қай аралықта орналасқанын болжауға болады [3].

Далалық геофизикалық әдістерге гравитациялық, магниттік барлау және ұңғымаларды зерттеу әдістері жатады.

Гравитациялық барлау әдісі тау жыныстарының тартылу күші мен тығыздығын өлшеуге қолданылады. Жер қабаттарын құрайтын әр түрлі тау жыныстарының тығыздығы бірдей болмайтындығы белгілі.

Құрамында темір, гранит кездесетін тау жыныстарының тығыздығы мұнайлы және сулы құмтастардан әлдеқайда жоғары. Заттың тығыздығы төменде көрсетілген тәртіп бойынша өлшенеді. Заттың бір бөлімшесін алып таразы арқылы салмағын өлшейді де оның көлемін табады. Содан соң грамдық салмағын, текше сантиметрмен алынған көлеміне бөледі. Далада барлау жұмыстарын жүргізген кезде тығыздықты өлшеудің қиындығы бар, бұл көп уақыт алады. Сондықтан айналмалы таразы қолданылады. Бұл таразы құрылысының негізгі бөлшегі иін ағаш. Иін ағаштың бір ұшына жіпке ілінген салмағы бар зат байланған. Бұл иін ағаштың екінші ұшындағы сондай салмақпен тепе – тең тұрады. Жіңішке жіп арқылы салмағы бар зат байланған. Бұл салмақ иін ағаштың екінші ұшына ілінген сондай салмақпен тепе-теңдесіп тұрады. Егер де жер қабатындағы тау жыныстарының тығыздықтары бірдей болса, салмақты зат бұзылмайды да, оған ілінген жіп өзгеріссіз өзгертпей тұрады. Ал барлаушының жүруімен байланысты, оның алдынан тығыздығы аз қабаты кездессе, жаңағы ілінген салмақты зат кейін шегінеді, жер де ауыр салмақты тау жыныстарының бағытына қарай ауытқи бастайды, басқаша айтқанда қабат ілінген салмақты өзіне тартады. Таразыға ілінген салмақты өзгеруі таспаға жазыла береді. Бұл жазулар арқылы гравитациялық карталар жасалып, олар болашақ барлау жұмыстарын жүргізуде есепке алынады. Күрделі гравиметрия аспаптарын жасап шығарғандығы үшін П.Лукавченко және В.Федьянский деген геофизиктер мезгілінде мемлекеттік сыйлықтарға ие болды [4].

Магниттік барлау жұмыстары тау жыныстарымен кен орындарының магниттік қасиеттерін зерттеу арқылы жүргізіледі. Әр түрлі денелер магнит стрелкасының қозғалуына әсер етеді: кейбіреулері оны өзіне тартады, ал бірқатары стрелканы тартпайды, яғни әсер етпейді немесе оны өзінен алшақтатады. Барлаушылар өте сезгіш магниттік таразыларды пайдаланады. Жүрумен байланысты магниттік таразы стрелкасының жағдайы өне бойы жазылып отырады. Бұл көрсеткіштер арқылы магниттік карталар тұрғызылады.

1934 жылы орыс оқымыстысы А.А.Логачев самолет арқылы шапшаң жазылатын магниттік аспап ойлап шығарды. Осымен байланысты магниттік аэросъемкалар жасалып келеді.

Геохимиялық барлау жұмыстарының қатарына газ барлау әдісі жатады. Газдар тереңдікте орналасқанымен сезгіш аспаптар арқылы олардың аз да болса жер бетіне шығып жататынын байқауға болады. Әрине газдың қабаттардан өту мөлшері өте нашар, мыңнан бір пайыз болуы мүмкін. Бірақ та осы нәзік көрсеткіштер арқылы жер қойнауында газ кенінің барлығын байқауға болады.

Әр жерден алынған сынама (проба) арқылы газдың құрамына байланысты карталар тұрғызылады. Бұл әдісті орыс ғалымы В.А.Соколов ойлап шығарды.

Мұнай тектес газдардың құрамында да мұнай ішінде тіршілік ететін бактериялардың бар екендігі анықталды. Кейінгі кездерде бактериялық мұнай барлау әдісін іс жүзінде Г.А.Могилевский қолданып, жаңа мұнай газ кен орындарын ашуға көмегінің бар екенін анықтады. Бұл әдіс геохимиялық зерттеудің қатарына жатады.

1934 жылы инженер М.И.Бальзамов геохимиялық газ каратажын ойлап шығарды. Газ каротажының төмендегі жағдайы негізделген: ұңғымада қазу процесі жүріп жатқан кезде бұрғы ерітіндісін зерттеу арқылы оның құрамында жер қабатынан бөлініп шыққан газдарды жікке бөліп шығуын зерттеп, олардың мөлшерін диаграмма ретінде таспаға жазып тұрады. Осы диаграмма арқылы жер қойнауындағы мұнай газ кендерінің қандай тереңдіктерде кездесетіні болжайды. Ол барлау жұмысын жүргізуде ойдағыдай пайда келтіреді.

Өндірісте ұңғымалар бойын геофизикалық әдістермен зерттеудің гамма – каратаж, нейтрондық гамма – каратаж, терокаратаж, т.б. түрлері кездеседі. Олардың барлығы да ұңғыма тілмесін өндіріс геофизикалық зерттеу әдістерінің қатарына жатады.

Қорытынды. Геологиялық барлау жұмыстарының әдістемесі. Нақтылы геологиялық жағдайларда орыналасқан мұнай және газ кенорындарын іздеу және барлау, белгілі бір аймақтың мұнай және газ кенорындарына деген мүмкіндіктерін бағалау мәселелерін шешу мақсатында өзінің нәтижелеріне қойылатын талаптарға сай жүргізілетін геологиялық барлау жұмыстарын іс-тәжірибеде жүзеге асырудың ұстанымдары мен әдістерінің жиынтығы. Геологиялық барлау жұмыстарының әдістемесі мұнай және газ геологиясының теориялық негіздері дамуының нәтижелерінен, өр түрлі геологиялық жағдайларда ұшырасатын мұнай және газ кенорындарын іздеу, барлау және игеру тәжірибелерін талдау және қорытындылау мәліметтерінен туындайтын ұстанымдарға негізделеді. Аталған ұстанымдардың ең негізгілері: зерттеудің толықтығы (іздеу мен барлауды ұтымдылық тұрғысынан шектеу); қажетті қорытындыға бірте-бірте жақындай түсу (геологиялық барлау жұмыстарының сабақтастығы); нысандарды зерттеудің біркелкілігін қамтамасыз ету (шындыққа әйкестіктің біркелкілігі); уақытты, еңбекті және материалдық құралдарды мүмкіншілігінше азырақ шығындау.

Бірінші кезеңде- жер бедерінің жалпы геологиялық көрініс картасы жасалады. Осымен байланысты табиғи қалыптасқан тау жыныстарының ашылуына дейін жер бедері тазартылады да оның геологиялық бет-бедерлерінің мүсіндері көрсетіледі.

Екінші кезеңде-зерттелетін алаңның геологиялық құрылысын, негізгі қабаттардың тұрпаты мен пішінін көрсету мақсатында тереңдігі 20м-ден 300м-ге дейін картировтық және құрылымдық ұңғылар қазылады. Алынған мағлұматтар бойынша шартты белгілерді пайдалана отырып, жер қабаттарының көнелігі мен аумағы көрсетілген геологиялық карта сызылады. Бұл карта ұңғымалардың тілмесі, геологиялық пішіндер арқылы толықтырылып жазылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Геологиялық іздеу және барлау — кен орындарын іздеп табу, оларға баға беру, жер қойнауында жату ерекшелігін, мөлшері мен сапасын, өндіру мүмкіндігін анықтау мақсатында жүргізілетін арнайы жұмыстар кешені. «Қазақ Энциклопедиясы», 2-том
2. Мищенко И.Т. Издеу және барлау жұмыстары - жер қойнауында мұнай-газ кендерінің барлығын анықтау, ашу, олардың қорларының санын есептеу және кен орындарының игеру жобаларының жасау мақсатында жүргізіледі. Расчеты в добыче нефти М. Недра 1989 г.
3. Байбатша Ә.Б.. Геологияның жалпы ғылыми мәні оның табиғат туралы материалдық түсінік қалыптастыруда айрықша құндылығына байланысты. Геологиялық деректер әлемнің материалдық бірлігі мен оның дамуын көрсететін философиялық принципті диалектикалық негіздеуде өте маңызды рөл атқарады. Геология негіздері 11-бет 2010ж
4. Билялов Б.Д., Сатибекова С.Б. Эксплуатация үрдісіндегі кен орнының геологиялық құрылысын зерттеу. 2014ж
5. Ә. Бегалинов, Н.А. Жайсаңбаев, Е.С. Зұлқарнаев, Т.Қалыбеков, М.Н. Сәндібеков Ашық немесе басқа да әдістермен қазылатын пайдалы қазынды кендері табиғи жату жағдайы бойынша ерекшеленеді. Ашық тау-кен жұмыстарының технологиясы 2012ж
6. Бейсебеков М.К. — химия ғылымдарының докторы, профессор; Жылқыбаев О.Т. — химия ғылымдарының докторы, профессор. Қазақстанда мұнайды іздеу мен барлауға бағытталған жұмыстар 1892 жылы Жайық- Жем алабында басталды. 1899 жылы қазақтың алғашқы мұнай кен орны — Атырау облысы Жылыой ауданына қарасты Қарашұңғыл алаңындағы No7 ұңғымадан 40 м тереңдіктен тәулігіне 25 тоннаға дейін өнім беретін мұнай бұрқағы атқылады.
7. Маташев М.М., Сейітов Н., Жолтаев Г.Ж. Мұнай және газ кәсіпшілігі геологиясының негіздері. 2008ж

УДК 550.812.14

ТЕҢІЗ МҰНАЙ КЕН ОРЫНДАРЫН ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАРЛАУ ЖҰМЫСТАРЫ

Орынбасаров Н. Эрисбаев Н. Сұңғатов Ж. Джумашева К.А.

Андатпа. Бұл жобада өндірістің қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштері көрсетіледі және күкірттің әсері қарастырылады. Теңіз мұнай кен орнының географиялық орны және теңіздегі мұнай кеніштерін барлау жұмыстары көрсетіледі. Бастапқыдан жүргізілген теңіз ортасындағы мұнай кен орындарын барлау және теңізден өндіретін

мұнай компанияларының барлау жұмыстары мен процестердің жиынтығы қарастырылады. Геологиялық барлау жұмыстарының көлемі бойынша ұсыныстар әзірлеуді көздеуді және теңіз мұнай кендерінің іздеу-барлау жұмыстарын, мұнайының қасиеттерін, құрылымдарын көрсетеді. Экономикалық бөлімінде Теңіз кен орнының экономикалық көрсеткіштері беріліп, ұңғы өнімін дайындау мен жинау жұмыстарына арнайы экономикалық есептеулер жүргізіледі.

Түйінді сөздер: қоршаған ортаға әсері, географиялық орны, теңіз мұнай кендерінің іздеу-барлау жұмысы, статистика, геологиялық барлау.

Кіріспе. Бүгінгі таңда дүниежүзілік мұнай және газ кәсіпшілігінде континенталді қайраңда мұнай және газ ресурстарын меңгерудің аса күрделі және маңызды мәселелері тұр. Бұл мәселенің маңыздылығы энергияның көзіне деген қызығушылық өсіп келе жатқан дүниежүзілік сұранысқа байланысты болып отыр, ол ең алдымен жанар-жағармай және химиялық шикі заттарға деген сұраныс. Теңіз қайраңында көмірсутектердің қорларын меңгеру жақын арадағы он жылдықта бүкіләлемдік энергетикалық қажеттіліктерді қамтамасыз етуде өте маңызды рөл атқарады.

Теңіз мұнай-газ кен орындарының өзіндік спецификалық шарттары – кең көлемдегі аса ерекше: кен орынды игерудің принциптік сызбасын таңдаудан бастап, өндірілетін өнімнің көлемін есептеуді орындағанға дейін және оның физикалық-химиялық қасиеттерін, гидрометрологиялық шарттардың қаталдығын, олардың жағажайдан алыстығын, теңіздің тереңдігін, жағажайлық инфрақұрылымының игерілу дәрежесін, өндірілген өнімнің бағытталуы және т.б факторларға байланысты кешенді сұрақтарға жауап беруді талап етеді. Меңгерудің технологиялық сызбанұсқасы үшін геологиялық-техникалық жобалаудың, шоғырдың пішіні мен өлшемі туралы аса сенімді мағлұматтардың жаңа әдістері қажет болады; сонымен қатар бұрғылау темпі қондырғы объектілерін енгізу реттілігімен есепке алынады. Дүниежүзілік мұхиттың жалпы көлемі барлық ғаламшарымыздың төрттен үш бөлігін алып жатқаны белгілі, оның ішінде шамамен 10%-ы материкті еңіске тиесілі, ол континентальді қайраң деп аталады. Дүниежүзілік мұхит акваториясының шөгінді жынысты бассейндерінің ауданы шамамен алғанда, 55 млн км² құрайды. Онда мұнаймен газдың 2500 кен орындары ашылған, мұнда өндірілетін мұнай қорының көлемі 130 млрд. т және газ қорының көлемі 70 трлн м³. Қазақстан басқа мемлекеттермен салыстырғанда, континенталді қайраңның аздаған ғана бөлігін қамтиды. Мұнда Әлемдік мұхитқа қарайтын көмірсутектердің дүниежүзілік қорының бір ғана бөлігі болжаланған.

Теңіз мұнай кен орны — Әлемдегі алып мұнай кен орындарының бірі. Теңіз кен орны 1981 жылы ашылған, № 1 ұңғымасынан мұнайдың фонтанды ағыны алынған. Кен орнының ең бірінші технологиялық схемасы Гипровостокнефть институтымен 1986 жылы құрастырылған және КСРО Миннефтепроммен бекітілген.

Теңіз кен орны 1991 жылдың сәуірінде тәжірибелі - өндірістік эксплуатацияға енгізілді, ал 1993 жылдың 6 сәуірінен бастап кен орынды «Тенгизшевройл» компаниясы игере бастады.

Сурет 1. - Кашаған мұнай кен орны карта-схемасы

Кен орын туралы жалпы мәліметтер: Әкімшілік жағынан алғанда Теңіз кен орны Қазақстан Республикасының Атырау облысындағы Жылыой ауданында орналасқан. Географиялық жағынан кен орын Каспий маңы бассейнінің оңтүстік – шығыс бөлігінде орналасқан. Осы аймақтағы барланған мұнай қорының негізгі бөлігі бойынша палеозой қимасының тұз асты бөлігіне кіреді. Бұл жерде Теңіз кен орнынан басқа тұз асты қабатына жататын бірнеше мұнай, газ және конденсат кен орындары бар. Оларға Қарашығанақ, солтүстіктегі Оренбург, Кеңқияқ және солтүстік-батыстағы Жаңажол, батыстағы

Астрахань сияқты кен орындары және жақында ашылған Каспий теңізі шельфінің солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан Қашаған кен орны жатады. Теңіз кен орны диаметрі 500 км болатын ірі шеңбер тәрізді карбонатты құрылым кешенінің бөлігі болып табылады және бұл құрылымға Королев, Каратон, Тәжғали, Пустынная және Қашаған кен орындары кіреді.

Климаттық жағдайы: Рельефтің орташа абсолюттік белгілері минус 25 м құрайды. Шөл далаға лайықты, земля өсімдіктері кедей және тікенекті. Жантақ, жусан көп тараған әр жерде қамыста кездеседі. Өсімдік әлемінің кедейлігіне тәуелді жануар әлемі де аса байлығымен ерекшеленбейді, жануарлар әлемінің басым бөлігін кемірушілер тобы құрайды. Өзендер жүйесі жоқ. Аймақ климаты күрт континентальді қысы суық (-300С дейін), жазы ыстық (+ 450С дейін). Әдетте қар қарашаның ортасына таман түсіп, наурыздың аяғына дейін сақталады. Топырақтың қату тереңдігі 1,5-2 м жетеді. Жауын шашын негізінен көктемгі және күзгі мезгілдерінде жауады, оның жылдық орташа көлемі 200 мм аспайды. Аймақ күшті желдермен сипатталады: қыста шығыс және солтүстік-шығыс бағытындағы, жазда батыс және солтүстік батыс бағытындағы желдер басым болып келеді. Қыста қарлы борандар, жазда құрғақ желдер және құмды борандар жиі болып тұрады. Жақын елді мекендер- пос.Қаратон мен Сарықамыс, Теңіз кенорнынан сәйкесінше солтүстік-шығысқа 35 шақырым және оңтүстік-шығысқа қарай 27 шақырым жерде орналасқан. 150 шақырым жерде облыс орталығы-Атырау орналасқан.

Теңіз кен орнының қалыптасу тарихы: Теңіз мұнай кен орнынегізінен 1979 жылыашылған Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болған Жолдасқали Досмұхамбетов, Бөлекбай Сағынғалиев, БолатЕламанов, Асабай Хисметов, Құмар Балжанов,Валентин Авров, Махаш Балғымбаев, ОрынғазыИсказиев Теңіз кен орнын алғашқы ашушыларболып табылады.1991 жылғы 6 сәуірде мұнай - газ кешені- Теңізмұнай-газ өңдеу зауыты мен кәсіпшілігіпайдалануға берілді, бұл осы кен орнындаөнеркәсіптік өндірудің негізін қалады.

Кен орынның игеруінің бірінші технологиялық сызбасы 1983 жылы «Гипровостокнефть» институтында құрылды. 1985 жылдың қарашасында КСРО-ның Мұнай өнеркәсіп Министрлігі ОРК (ЦКР) I нысанның игеруіне бірінші кезектегі 50 ұңғының орналасуыбекітілді,яғни жоғарғы бөліктерін белгіледі: ортаңғы карбон жабындысынан тульқабатының жабындысына дейін, II нысанға туль қабаты жабындысының өнімдіқалыңдығының қалған бөлігінбелгіледі.

Сурет 2. – Қашаған мұнай кен орны

Құрлымының сипаттамасы: Теңіз кен орны жалпы девонды карбонатты негізде орналасқан жәнеерте ортаңғы таскөміркезеңінің карбонатты массивтерінен тұратынкарбонаттыплатформа болып келеді. Теңіз-Қашаған платформаларының пайда болуы мен түзілуі қазіргі Оңтүстік-Ембі еңісі аймағында кейінгі франк-ерте визей уақытында дамығантектоникалық үрдістермен байланыстыруға болады. Карбонатты резервуардың таралу аймағы коллектор болып келмейтін жәнесенімді латериальды сұйық жабыны ретінде рөл атқаратын тереңсулы саздарбассейніменшектелген. Мұнай кенішінің сыртқы қабат рөлін төменгі перм дәуірінің қалың қабаттары қызмет атқарады, оның құрамына артинск-москва дәуірінің саздыкарбонатты қабаттарынан тұратын шөгінділер және қалыңдығы 465-1655 мболатын кунгур ярусының сульфатты - галоген тектес қабаттары кіреді. Кен орынның геологиялық құрылымын толық зерттеу үшін кен орынды 3 негізгі объектілерге бөлген.

Сурет 3. - Теңіз кен орнының геологиялық моделі

Теңіз кен орны мұнайының қасиеттері:

□ Көрсеткіш - Шамасы

- Мұнай тығыздығы - 797 кг/м³
- Бастапқыдағы коллектор қысымы -(4250 м) 80,8 МПа
- Еріген газ кезіндегі газ факторы -450 м³/м³
- Қабаттық көлем коэффициенті -2,306
- Қанығу қысымы - 24,7 МПа
- Мұнай тұтқырлығы - 0,22 МПа. с

Теңіз кен орны және оның қорлары: 1993 жылы Қазақстан Үкіметі «Шеврон» Компаниясымен бірлесіп Теңіз мұнай кен орнын игеру үшін «Теңізшевройл» БК ЖШС құрды. Бүгінде төрт компания серіктес болып табылады: «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ(20%), «Chevron Overseas» (50%), «Еххон Мобил» (25%) және «ЛукАрко» (5%). Теңіз Қазақстандағы мұнай қоры бойынша (Қашаған кен орнынан кейін) 2-ші орын алады. Кен орнының алынатын қорлары мұнайдың 750 млн. - нан 1 млрд. 125 млн. тоннаға дейін бағаланады. Геологиялық қорлардың болжамды көлемі 3 млрд. 133 млн. тонна мұнайды құрайды. Ілеспе газдың қоры 1,8 трлн. м³.

Қабат қысымын ұстап тұру жүйесі: Осы бөлімде теңіз кен орнын игерудің төрт нұсқасы қарастырылған: - Бірінші нұсқа-Алғашқы мұнай шығару немесе табиғи режимде игеру. - Екінші нұсқа-Газды айдау. - Үшінші нұсқа-Суды айдау(көлденендік айдау). - Төртінші нұсқа-Суды айдау(төменнен жоғары). Жылына 32 млн.т. дейін мұнайды қайта өңдеп шығару қуатын минималды тұрғыда қамтамасыз ету қарастырылды. Газды айдау нұсқасы өзінің экономикалық тиімділігі жағынан табиғи режимде және суды айдау нұсқасынан жақсы болуымен бекітілуге ұсынылады.

Теңіз кен орнындағы мұнай құбырлары: Әрбір ұңғының тізбекбасы қондырғысынан өндірілетін сұйықтықтар шығару тізбектерінің манифольдтары арқылы мұнай құбырларына жеткізіледі. Мұнай құбырлары, негізінен, екі параллельді құбырдан тұрады, оларға өндірілетін сұйықтықтар барлық шығару тізбектерінен келеді (манифольдтар арқылы). Мұнай құбырларының жалпы ұзындығы 33,4 км. Мұнай құбырлары негізінен он бөлікке бөлінген: бесеуі шығыс бөлігіндегі құбырда және бесеуі батыс бөлігіндегі құбырда.

Қорытынды: Сонымен бұл жобада өндірістің қоршаған ортаға әсер ету көрсеткіштері көрсетілген, әсіресе, күкірттің әсері қарастырылған. Экономикалық бөлімінде Теңіз кен орнының экономикалық көрсеткіштері беріліп, ұңғы өнімін дайындау мен жинау жұмыстарына арнайы экономикалық есептеулер жүргізілген. Қорытындылай келгенде, Теңіз кен орнының ұңғы өнімін жинау мен дайындау жүйесі жыл қосқан сайын белгілі бір өзгерістерімен ерекшеленеді, бұның барлығы өндіріске жаңа технологиялардың ендіруімен және өндірістің ұлғаюымен түсіндіріледі. Ал өндіріс көлемінің ұлғаюы жаңа нысандардың, оның ішінде ұңғы өнімін дайындау мен жинаудың жаңа технологиялық жүйелерінің қалыптасуына әкеледі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Технологическая схема разработки нефтяного месторождения Тенгиз. Отчёт Д. ОК 24921, ОАО Гипровостокнефть. Руководители: Пономарёв А.Г., Немков А.С., Ковалёва Г.А., Самара, 2005 , 347с.
2. Анализ текущего состояния разработки месторождения Тенгиз. Отчёт 27521, ТОО Каспиан Энерджи Ресердч. Руководитель Шаукенова Д.Е., Атырау, 2007, 269 с.
3. Технологическая схема разработки и технико-экономическое
4. Обоснование коэффициента извлечения нефти месторождения Тенгиз Каз. ССР.
5. Отчёт 86.2529, Гипровостокнефть. Руководители: Сазонов Б.Ф., Колганов В.И.,
6. Пономарёв А.Г., Житомирский В.М., Куйбышев, 1986, 217 с.
7. Проект опытно-промышленной разработки месторождения Тенгиз. Отчёт СП 6/97,
8. НИПИмұнайгаз. Руководитель КушEROва Л.Е., Актау, 1999, 187 с.

9. Подсчёт запасов нефти, растворённого газа попутных компонентов
10. Месторождения Тенгиз. Отчёт ТШО, Каспиймунайгаз, КазНИГРИ. Атырау, 2002
11. Единые правила разработки нефтяных и газовых месторождений Республики Казахстан, утв. Пост. Правительства РК от 18.06.1996 г. №745
12. Программа работ на месторождении Тенгиз, скорректированная с учётом
13. Оценки и подготовки запасов нефти в девонских отложениях объект для
14. Представления в ГКЗ РК «Девонская программа», ТОО ТенгизШеврОйл, Атырау, 2008, 18 с.
15. Реконструкция системы сбора продукции скважин I очереди опытно-
16. Промышленной эксплуатации Тенгизского нефтяного месторождения. Проект-Комплекс Д-8361. Генеральный ГИП Куропаткин А.Н. Гипровостокнефть, Самара, 1992 г.

УДК 624.01

ЗАКОНОМЕРНОСТИ РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ДИНАМИЧЕСКИХ УСИЛИЙ И ПЕРЕМЕЩЕНИЙ В ЭЛЕМЕНТАХ ПЕРЕДАЧ ОТ ДЕЙСТВИЯ СИЛ ТРЕНИЯ

Нигметов М.Ж., Еркабулов Я.

Исследование динамики пространственных механизмов с упруго-деформируемыми звеньями в зависимости от физико-механических характеристик материалов и геометрии звеньев, а также от величины и вида внешних воздействий с целью назначения оптимальных их параметров достаточно трудоемко и на сегодняшний день является проблемной задачей.

Динамическое поведение упругих элементов машин и механизмов могут оказать решающее влияние на основные характеристики механизма в целом – его производительность, точность, прочность, колебания и т.д.

Учет силы трения в статическом НДС упруго-деформируемых механизмов позволяет ввести силы и моменты трения в зависимости от вида кинематических пар, пространственных и плоских механизмов [1]:

(1)

где \vec{F} – вектор силы и момента в кинематических парах ППМ.
При динамическом НДС сила трения учитывается в формуле [2]:

(2)

где F_{eff} – эффективная нагрузка для момента времени t с учетом сил и моментов трения в кинематических парах; K – эффективная матрица жесткости; D – матрица демпфирования.

При учете момента трения наряду с силами инерции и сосредоточенными силами, направленными вниз, в связи с большими значениями сосредоточенных сил влияние трение незначительное.

При учете сил инерции и сил трения в кинематических парах следует иметь в виду, что для решения задач динамического анализа предполагается использование численных методов. При разработке алгоритмов вычислений необходимо учитывать особенности пошаговых процедур интегрирования и требования обеспечения устойчивости вычисления.

Для последующего анализа динамического НДС исследуемых механизмов с упруго-деформируемыми звеньями построена модифицированная математическая модель и с несколькими упрощающими вариантами принимаемой модели для описания соответствующих динамических процессов.

Для решения уравнений движения используется широко распространенный метод пошагового интегрирования Ньюмарка. Этот метод использует условия равновесия в момент времени t , и упругие перемещения, скоростей и ускорения в момент времени $t + \Delta t$ вычисляются через их значения, найденные на предыдущих шагах.

Перемещения и углы поворотов поперечного сечения в произвольной точке расчетного элемента механизма в момент времени $t + \Delta t$ вычисляются через их значения, найденные на предыдущих шагах.

При пространственном НДС стержня нормальное напряжение в любой точке поперечного сечения будут равны алгебраической сумме напряжений от изгиба в обеих плоскостях.

На этапе счета, обработки и интерпретации результатов решены задачи на ЭВМ по составленной программе в автоматическом режиме. Счет повторяется многократно с различными входными данными для получения достаточно полной картины зависимости решения от входных данных.

На рисунке 1 показано изменение упругих узловых перемещений, несущих статические нагрузки и при учете момента трения в узле А в направлении оси Ox .

Рисунок 1. - Вращательная кинематическая пара с силой трения в червячном механизме

а) б)

в) г)

Упругие перемещения в узле А: в продольном направлении оси стержня (а); в поперечном направлении оси стержня (б); изгибные повороты (в), (г)

Рисунок 2 – Изменение упругих узловых перемещений в элементах от действия вертикальных сил и момента трения в узле А

Цель анализа заключается в определении распределения величины упругих перемещений в зависимости от момента трения. Значительное влияние момента трения на упругие перемещения наблюдаются относительно оси Ox , но незначительные в остальных направлениях.

При учете момента трения в узле А заметное изменение происходит в значениях величин крутящих и изгибающих моментов и поперечных сил (рис. 3, 4).

а) б)

Внутренние усилия в узловых сечениях элементов: в начальных сечениях (а), (б)

Рисунок 3 – Внутренние усилия в поперечных сечениях элементов от действия сосредоточенных вертикальных сил и момента трения в узле А

а) б)

Напряжения в узловых сечениях элементов: нормальные напряжения (а); касательные напряжения (б)

Рисунок 4. – Нормальные и касательные напряжения в элементах от действия сосредоточенных сил, приложенных вертикально вниз и момента трения в узле А

Из построенных эпюр выбраны только одно (максимальное) значение для каждой величины перемещений и внутренних усилий. На рисунках 5-7 показаны изменения упругих перемещений, внутренних усилий, напряжений при действии сосредоточенных сил, приложенных вертикально вниз в узле А.

Определены максимальные значения упругих перемещений и внутренних усилий в произвольных сечениях элементов ППМ при его полном функционировании.

При дополнительном приложении к этим силам внешней сосредоточенной поперечной силы, в направлении оси в узле А, сильно изменятся величины упругих перемещений в этом узле в направлении приложенной силы, в остальных узлах изменение упругих перемещений незначительное.

а) б)

Напряжения в узловых сечениях элементов: нормальные напряжения (а); касательные напряжения (б).

Рисунок 5– Нормальные и касательные напряжения в элементах от действия сосредоточенных сил, приложенных вертикально вниз в узле А

Наряду с вертикальными сосредоточенными силами учет сил инерции во всех узлах в связи с большим значением сосредоточенных сил приводит к незначительным изменениям элементов упругого НДС.

а) б)

в) г)

Упругие перемещения в узлах 1-13: в продольном направлении оси стержня (а); в поперечном направлении оси стержня (б); изгибные повороты (в), (г).

Рисунок 6 – Изменение упругих узловых перемещений в элементах от действия сосредоточенных вертикальных сил в узле А

Учет дополнительных сил наряду с сосредоточенными силами, направленных вниз, силами инерции приводит к значительному изменению упругих перемещений, усилий, напряжений как в узловых, так и в произвольных сечениях элементов.

а) б)

в) г)

Внутренние усилия в узловых сечениях элементов ППМ: в начальных сечениях (а)-(г).

Рисунок 7– Внутренние усилия в поперечных сечениях элементов (рис.6) от действия сосредоточенных вертикальных сил в узле А

